

Бекен
НҰРАХМЕТОВ

**МЕНІҢ
ТАҒДЫРЫМДАҒЫ
АДАМДАР**

Бекен
НҰРАХМЕТОВ

**МЕНИҢ
ТАҒДЫРЫМДАҒЫ
АДАМДАР**



Алматы «Атамұра» 2024

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Қаз)

Н 86

Нұрахметов Б.

Н 86 Менің тағдырымдағы адамдар. Эсселер. – Алматы: Атамұра, 2024. – 160 бет.

ISBN 978-601-10-0502-9

Ой-шұқыры көп мына тіршілікте тәлімі мол, тағылымы терең өмір мектебі жұмыр басты пенденің бәріне бұйыра бермейді. Ол сенің араласқан орғана, өзіңнің адамгершілік қасиеттеріңе, адал достарыңа және өресі кең ұстаздарыңа байланысты екені бұлжымайтын аксиома. Осы орайда Бекен Нұрахметовтің аталмыш эсселер жинағында оқырман қауымға ой салатын, көңіл пернесін қозғайтын штрихтар өте көп.

Автор өзі араласқан зиялы ортадағы адамдардың бөйынан көрген ерекше қасиеттерді жүрек сүзгісінен өткізіп, әдемі қабылдай білгендігін байқатады. Қилы-қилы тағдыр иелері жөніндегі фактілердің бәрі нақтылы өмірден алынған. Өзінің ұстаздары, достары және әріптестері туралы әсерлерін еш бөямасыз, шынайы түрде жеткізеді.

© Нұрахметов Б., 2024

© «Атамұра», 2024

ISBN 978-601-10-0502-9

ДИМАШ АҒА – ҚИМАС АҒА

«Посты, награды, степени не вскружили мне голову и не могли заставить изменить нравственным качествам, которые я ставил выше других в своей жизни и работе – простоте, честности, принципиальности. Всегда пытался сохранить спокойствие, быть отзывчивым и терпеливым. Но признаюсь: из-за некоторой мягкости и излишней доброты я имел и немало неприятностей в своей работе».

Д. А. Қонаев. («О моем времени», 330-бет).

Осы бір оқиға әлі күнге дейін есімде. 1990 жылы 20 сәуірде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағамыздың елу жыл отасқан адал жары Зухра Шәрінқызы дүниеден озды. Мен ол кезде Алматы облыстық «Жетісу» газетінде қызмет істейтінмін. Сол кездегі газет редакторы, марқұм Баймолда Мусиннің ұйымдастыруымен Димаш ағамыздың үйіне көңіл айтып шығу үшін ұжымнан қанша адам бару керектігі талқыланды. Біздің ұжымның ол кісінің үйіне барып, көңіл айтып шығуы жөніндегі мәселе алдын ала тиісті жерлермен келісілді. Сөйтіп, біздің ұжымнан жеті адам баратын болып шешілді. Сол жеті адамның ішінде өзімнің болғанымды әлі күнге дейін мақтан етемін. Димаш ағаның үйіне барғандағы алған әсерлерім менің санамда сарқылмайтын рухани бұлақ сияқты мәңгілікке сақталып қалды.

Димаш ағаның үйіне келдік. Менің елестетуім бойынша, ол кісінің пәтерінің бөлмелері атшаптырым, іші жиһазға лық толып тұрған сияқты көрінетін. Есіктен аттап кірген бетте ұзын бойлы, жүзінен нұр шашқан Димаш ағаның өзі қарсы алды. Қол алып, төс қағыстыра амандастық. Ел таныған осындай азаматтың алақанына қолым тиген бетте денемді бір ерекше сезім оты шарпып өтті. Алақаны жып-жылы екен. Өз көзіме өзім не сенерімді, не сенбесімді білмеймін. Өлем мойындаған қазақтың біртуар азаматының және қазақтай елдің өрісін кеңейткен тұлғаның үйінде отырмын. Бұл мен үшін үш ұйықтасам түсіме кірмейтін жағдай. Әсіресе, сол кезде бәрімізді үй ішінің қарапайымдылығы таңғалдырды. Залында диван, екі кресло, журнал қоятын

үстел және керегеге ұзыннан кітап салынған кітап сөресі ғана. Басы артық бір мүлік жоқ, яғни біз отырған шаңырақ республиканы 22 жылдан артық басқарған адамның үйіне мүлде ұқсамайды. Осы көріністің өзі-ақ ол кісінің мүмкіндігі ұшан-теңіз болса да, дүние-мүлікке қызықпаған қандай парасатты адам болғанын айғақтап тұрды.

Димаш аға сөз арасында біздің көңіл айтып келгенімізге ризашылығын білдіріп, ағалық алғысын жаудырды. Мен ол кісіні қазақша мұндай дәрежеде әдемі сөйлейді деп мүлде ойламаппын. Залда 20 минуттай әңгімелесіп отырып қалдық. Бізді бастап келген Баймолда бастығымыз: «Димаш Ахметович, жеңгеміздің Алла Тағала алдынан жарылқасын. Үйіңізде қайғы болмасын. Сіз тілеушісі көп халықтың адамысыз ғой. Сондықтан халқыңыздың да өзіңізге деген тілеуі қабыл болсын. Рұқсат болса, біз қайтайық», – дегені сол еді, Димаш аға: «Қарағым-ау, сендер мұсылман емессіңдер ме. Бұлай етуге болмайды. Жүріңіздер, өздеріңе деп арнайы жайылған жеңгелеріңнің дастарқанынан дәм татып кетіңдер», – деп дастарқан жайылған келесі бөлмеге бастап әкелді. Сол бөлмедегі дастарқан үстінде басына ақ жаулық киген, өте өнді бір әже отыр екен. Ол кісіні танымасак та, бәріміз жапырыла амандастық. Әже де орнынан тұрып: «Жақсысыңдар ма, айналайыңдар», – деп ерекше ілтипат танытты. Димаш аға бәрімізге қарап: «Мына апаларыңды танысыңдар ма?» – деп сауал тастады. Біз, әрине, танымасак, танымыз деп қалай айтамыз. Сол кезде Димаш аға: «Танымасаңыздар, танып қойыңыздар, Олжастай ұл туған шеше осындай болады», – деді. Дәл осы сөзді естігенде, денемді тоқ сокқандай бір сезім шарпып өтті. Сөйтсек, ақ жаулықты әжеміз қазақтың есімі әлемге әйгілі біртуар азаматы, белгілі ақынымыз, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің анасы екен. Маған бұл сөздің қатты әсер ету себебі, көпті көрген, көп оқыған данагөй Димаш ағамыздың қазақтың қара сөзін майын тамыза айта білуінде еді. Егерде сол жерде сөздің жөнін білмейтін басқа біреу болса, бізге ол кісіні жай ғана «Олжастың мамасы», я болмаса «Олжастың шешесі» деп таныстыра салар ма еді.

Ал Димаш ағаның Олжас Сүлейменовтің де, оның аяулы анасының да деңгейін көтеріп: «Олжастай ұл туған шеше осындай болады», – деп айтуы керемет әсер етті.

Иә, қандай керемет сөз. Бір ғана мағына беретін сөзді мәйегін тамыза айта білудің не екенін сонда ғана жете түсіндім. Сөз арасында Димаш ағаның Олжас Сүлейменовке ерекше құрметпен қарайтыны бірден аңғарылып тұрды. Иә, көзі ашық оқырманға ол жағы түсінікті де. Себебі кезінде Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» атты кітабы жарыққа шыққанда бүкіл кеңестік қоғамда үлкен шу болғаны сол кезеңнің азаматтарының әлі есінде болар. Орталықтың аталмыш кітапты саудадан алдырып тастап, авторды жазаға тарту мәселесі қойылғанда, Олжас Сүлейменовті Мәскеудің қаһарынан қорғап қалған да Димаш аға болатын. Осы орайда Димаш Ахметұлының болған оқиғаға нақтылы сипат берген «О моем времени» атты кітабынан үзінді келтіре кеткенді жөн көрдім: *«Я вновь попытался высказать свое мнение. Но Суслов был неприступен.*

– Здесь справки отделов ДК, – он рукой показал на толстую папку, – письма ученых, рецензии...

Спорить было бесполезно. Я ушел от Суслова и направился в кабинет Брежнева. К концу нашей беседы я попросил генсека прочитать книгу Сулейменова. Он кивнул головой: оставь, мол, будет время – прочитаю. С тем я и уехал из Москвы.

В это время Суслов по своим мощным каналам развернул бурную деятельность. Как мне докладывал секретарь ЦК Компартии Казахстана по идеологии С. Н. Имашев, книгу О. Сулейменова предлагалось обсудить на совещании трех отделов ДК КПСС (пропаганды и агитации, культуры и отдела науки и учебных заведений). Чем закончилось бы это обсуждение, предугадать было нетрудно. Но на этот раз я твердо решил: за Олжаса буду бороться. И в этом намерении я еще более укрепился, когда О. Сулейменов пришел ко мне на прием.

– Димеке, – сказал он, – я принес вам «Открытое письмо». Прошу размножить его для всех членов бюро ДК. Я

познакомился с этим письмом. Олжас не оправдывался, он защищался.

Я позвонил Брежневу и спросил: удалось ли ему прочесть книгу Сулейменова?

– Читал-читал, – ответил Брежнев. – Никакого национализма там нет.

– А вот Михаил Андреевич считает...

– Причем здесь Михаил Андреевич? Сами разбирайтесь.

Остальное было, как говорится, делом техники. Мы провели бюро ДК, кое-кого пожурили, кое-кому всыпали, а Олжасу я сказал: мы ждем от тебя новых стихов, новых поэм. Спустя полгода XV съезд Компартии Казахстана избрал О. О. Сулейменова членом ДК. Вот так в общем-то благополучно закончилась эта история. Позже Олжас мне признался: «А ведь из меня хотели диссидента сделать».

Иә, өмір деген алма-кезек қой. Тасың бірде өрге домаласа, бірде тоқтаусыз ылдига күлдилайды. Біреуге жамандық жасасаң, ертелі-кеш алдыңнан шығары хак. Ал жақсылық жасасаң, оның сауабы мол болатыны сөзсіз. Осы орайда Олжас ағамыз Димаш Ахметұлының, яғни ұстазының алдында қарыздар болып қалған жоқ, өзінің парасаты мол азаматтығын танытты. Қаһарлы Желтоқсан оқиғасы кезінде талайлар жалтақтық танытып кеткенде, ол кісіге бірауыз сөз тигізбей, жанынан табыла білген азамат осы Олжас Сүлейменов болатын. Сонымен қатар Олжас Омарұлы Димаш аға бақи дүниелік болғанша ел ағасына деген адалдығынан айныған жоқ, үлкен жүректі азамат екендігін бірнеше мәрте дәлелдей білді. Димаш ағаның дастарқанының басында Олжас Омарұлы екеуінің арасындағы осындай сыйластық кереметтей жарасым тауып тұрды. Ағалы-інілі өзара татулыққа сүйсіне қарадым. Айтар ойымыз дәлелдірек болуы үшін Геннадий Толмачевтың «Повесть об Олжасе» атты кітабынан үзінді келтіре кетейін: «Олжас помнить добро. Он всегда почтительно и с глубоким уважением относился к Димашу Ахмедовичу Кунаеву. Когда великому аксакалу исполнилось 75 лет (12

января 1987 года), многие, очень многие из «товарищей» побоялись переступить порог его дома. Олжас пришел и позддравил его с юбилеем. Хотя, как никто другой, находился под плотным «колпаком».

Ал енді кейінірек сокпағы көп өмір жолында поэзия алыбы Олжас Омарұлымен өзім де танысамын деп мүлде ойламаппын. Белгілі жазушы, қазақтың біртуар азаматы, марқұм Сайын Мұратбеков ағам мені ыңғайы келгенде өзінің үзеңгілес досы болған Олжас Омарұлымен де арнайы таныстырған еді. Ол кезде Олжас ағамыз Қазақстанның Италиядағы төтенше және өкілетті елшісі қызметінде болатын. Ал Сайын ағамның баласы елшілікте Олжас Омарұлының карамағында қызмет істеген еді. Сол бір екі-үш сағаттай ғана кездесу барысында бақыттан басым айналғандай күй кешкенім рас. Қандай телегей-теңіз білім, қандай азаматтық, қандай мәдениет! Бұл кездесулер менің көңілімде үлкен бір рухани қазынаға толы комбе болып қалды. Осылайша, өзіміз таудай көретін азаматтардың көлеңкесінде бір сәт тыныстап, рухани сусындағанмыздың өзі неге тұрады.

Димаш ағаның үйіндегі дастарқан басында тағы бір ұмытылмас сәт болды. Бізге жасы қырықтан асқан, әдеміше келген бір келіншек шай құйып отырды. Сөйтсек, әлгі кісіміз Димаш ағаның келіні, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің қызы Ләйла болып шықты. Димаш аға ол кісіні «Ләйла Мұхтарқызы Әуезова» деп таныстырды. Осы сөзді естігенде, тағы да бір таң-тамаша күйге түскенім рас. Қарапайымдылығына таңғалғаным соншалық, бізге шай құйып отырған Ләйла Мұхтарқызына тесіле қарап қалыппын. Бұл дегеніңіз, белгілі әдебиетші-ғалым, академик Зейнолла Қабдолов марқұмның «Мен Әуезовтің үйінен қымыз іштім» деп мақтанғаны сияқты біз үшін де үлкен дәреже, ұмытылмас тарих екені сөзсіз. Әуезовтің үйінен қымыз ішпесек те, асылдың сынығының қолынан шай ішін, Димаш аға сияқты біртуар әрі заңғар азаматтың зиялы әңгімесін тыңдау екінің бірінің маңдайына жазылмаған шығар.

Осылайша, Димаш ағаны өмірімде бір мәрте көріп, бір мәрте ғана дастарқандас болдым. Бірақ ұлы адамның жанында болған осы бір ғана сәт мен үшін өмір бойы ұмытылмас оқиға болып қалды. «Жақсымен өткізген жарты сағат жаманның өтіп кеткен ғұмырындай» деген сөз осындайдан шыққан шығар. Димаш ағамен кездескеннен кейін көп ұзамай кеңес өкіметі тарады. Заман өзгерді. Өзіміз ес білгелі жамандаудан көз ашпаған капитализм элементтері өмірімізге мықтап дендей берді. Қоғамда нарық заңдары өз үстемдігін жүргізе бастады. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейтіннің нағыз кейпі келді. Заман өзгерген соң, адамдардың психологиясы да күрт өзгере бастады. Көкжиектен жаңа заманға жылдам бейімделген «жаңа қазақтардың» сұлбасы коптеп көрініс берді. Олардың ішінде кейбір пысықтарының беталысы мен ниеттері Кеңес өкіметі кезіндегі Димаш аға тәрбиелеген қазақтардың психологиясымен мүлде сәйкес келмейтін еді. Содан кейін жаппай жекешелендіру басталды. Бір кездері Димаш ағаның бастауымен бүкіл ел болып салдырған кәсіпорындар мен небір ғимараттар шетелдік алпауыттардың және «жаңа қазақтардың» иелігіне өте бастады. Басқаны айтпағанда, сол жекешелендіру кезінде балабақшаға дейін қолы ұзындардың талауына түсті. Сол кезде өзін мазалап жүрген мәселелер бойынша Димаш аға Алматы қаласының әкімі болған марқұм Заманбек Нұрқаділовке телефон соғыпты. Енді оқырманға түсінікті болу үшін Заманбек Нұрқаділовтің «Не только о себе» атты кітабынан үзінді келтіре кеткенді жөн көрдім: *«Как-то поздней осенью 92-го года мне позвонил Димаш Ахмедович. Он был – чувствовалось по голосу – заметно расстроен. Говорил тихо, делая паузы, размышляя вслух.*

– Заманбек, ты в курсе того, что во дворце школьников, сосветилище детства устраиваются банкеты, юбилеи, празднуется свадьбы новых богачеев? Даже устраиваются, говорят, оргии?

Я то был в курсе.

– Да, Димаш Ахмедович, я знаю. Но дело все в том, что... Димекен остановил меня.

– Мне известен наперед все твои доводы. Что городских денег на содержание дворца нет, потому и приходится сдавать в аренду помещения коммерсантам... Но скажи на милость, куда мы идем? Что будет с нашими детьми?

Что я мог сказать Димашу Ахмедовичу? Ответа на эти вопросы я не знал. Не знаю и сегодня».

Заман ағымындағы осындай көлеңкелі көріністер жанына батты ма әлде дәм-тұзының таусылғаны ма, көп ұзамай 1993 жылы Димаш ағамыз фәни дүниеден озды. Соңғы сапарға шығарып салуға келгендердің есебінде шек болған жоқ. Жаңа заманның ағымын дұрыс түсінбеген халық үшін ол кісімен бірге бүкіл бір қоғамның тазалығы мәңгілікке кетіп бара жатқандай әсер етті.

Иә, Димаш аға артында ұлағаты мол із қалдырып, шауына шаң жұқтырмай дүниеден өтті. Осы орайда Олжас Сүлейменовтің Димаш ағаның артында өз кіндігінен ұрпақ қалмаса да, қаншама ұрпақты адалдыققа, тазалыققа тәрбиелеп кеткені жөнінде айтқаны көңілімнен кетпейді. Шынымен де солай. Димаш ағамен қызметтес болғандар оның азаматтығын көздеріне жас ала отырып айтады. Димаш аға жөнінде өзімнің нағашым, белгілі жазушы-журналист, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбаев ағамның аузынан да талай мәрте естігенім бар. Ол кісі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде Димаш ағамен идеологиялық мәселелер жөніндегі хатшы болып бірге қызметтес болған еді. Димаш ағаның тәрбиесін көрген азаматтар бақи дүниенің есігін ашқанша ұстаздарына барынша адал болып кетті. Мысалы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қаратай Тұрысов ағамыз қайтыс боларының алдында төсек тартып жатып, бала-шағасына: «Жыламаңдар. Одан да мені дұрыстап шығарып салудың қамын жасаңдар. Ертең ана бақи дүниеде Қонаевтың қабылдауына барамын», – деген екен. Ал Асанбай Асқаров ағамызды Желтоқсан оқиғасынан кейін түрмеге қамап, Димаш Ахметұлына қарсы жалған куәлік жасасын деген мақсатпен қанша қинаса да, ұстазына тіл тигізген емес. Бұл, әрине, ақтық демі таусылғанша ұстазға деген адалдықтың биік шыңы шығар.

Бұған қоса, Димаш аға еңбек демалысына шыққаннан кейін М. Горбачевтың солақай саясатының және өз еліміздегі кейбір екіжүзділердің кесірінен біраз қиянат көрді. КСРО Бас прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі Калиниченконың тарапынан қанша тексеру жүргізілсе де, бір ілік таппады. Сол жөнінде «О моем времени» атты кітабында былай деп жазыпты: *«Как выяснилось, во время судебного процесса над А. Аскаровым в Бишкеке Калиниченко и его группа допускали при допросах недозволенные методы ради достижения своих целей. Арестованных избивали, не давали пить, сажали в камеру с уголовниками, применяли другие меры физического воздействия, чтобы добиться ложных показаний... В статье в «Литературной газете» от 12 апреля 1989 года вместе с Ю. Щекочихиным Калиниченко очень сожалел, что ему не удалось создать в Казахстане такой процесс, как это сделали его коллеги в соседнем Узбекистане. «Казахского дела» не получилось и не могло получиться. Остается лишь удивляться, что руководители союзной прокуратуры доверяли решать судьбы людей и ответственную работу таким неграмотным и недобросовестным следователям и карьеристам, как Калиниченко».* Міне, бұл оқиға әділдіктің құлы болып, ақиқаттың ақ туын көтерген адамның шынайы болмысын көрсетері сөзсіз.

Өмір жолында Асанбай Асқаров ағамызбен де кездескен сәтім әлі есімде. Бірде «Азия» газетінің бас редакторы болған Молдақан Мұқатаев ағам маған Желтоқсан оқиғасына орталық тарапынан теріс баға бергізіп, барлығын ландатып кеткен Соломенцев жөнінде мақала жазу идеясын айтты. Мақаланы жазу барысында Асанбай Асқаров ағамыздың үйіне бардым. Себебі көп нәрседен хабары бар жігіттер Соломенцев жайлы сол кісі жақсы мәліметтер бере алады деп кеңес берді. Сөйтсем, қателеспепін. Асанбай аға енді ғана ақталып, түрмеден шаңырағына оралғанына көп уақыт болмаған кезі болатын. Соломенцевтің сойқандары жайлы айтқанда жағамды

ұстадым. «Соломенцевтің тапсырмасымен олар маған кара күйе жағып, камауға алды. Түрмеде небір қорлықты көрсетті. Қонаевка пара берді деген жалған айып такпақшы болды емес пе, – деді қатты күйінген Асанбай аға. – Мен өзінің академик ретіндегі жалақысын балалар үйіне аударып отырған, елімізді көркейтуге адал еңбек сіңірген Димекенцей дара тұлғаға қалай тіл тигізем? Сонымен қатар М. Соломенцев моральдық бейнесі жағынан да таза адам емес-тұғын. Ол бір әйелмен шатысып, оның күйеуінен таяқ жеген болатын. Ол мәселенің арты орталық комитеттің бюросына дейін жетті», – деп айтқаны әлі есімде.

Сөз арасында Асанбай аға жетінсіңші жылдардың аяғында М. Соломенцевтің Алматыға немересімен демалуға келгенін өте қызық қылып айтып берді. Бірде Соломенцевті бәрі жапырыла қонақ қылып күтіп қана қоймай, аңшылыққа, балық аулауға алып барыпты. Оның көңілін көтеру үшін судың астында сүңгуірлер отырып, қармағына балық қадапты. Басқалардың қармағы кішкентай шабақ қаппай жатқан кезде, әлгі Соломенцевтің қармағына тыным болмай, шелегі небір балықтың түріне толса керек. Қазақ десе озіңе тиеді, жалпақтаудың жөні осы екен деп кейде артық кетіп қалатын жерлеріміз көп қой. Енді бұған не дейсің. Асанбай ағаның аузынан осы сөздерді естігенде Димаш ағаға ерекше құрметі, ал Соломенцевке деген жиіркеніші қатты байқалып тұрды. Содан кейін көп ұзамай газет бетінде менің «Соломенцевтің сойқандары» деген мақалам жарқ ете түсті. Мақала жарыққа шыққан кезде лауазымы жоғары адамдардың аузынан жылы лебіздерді көп естідім. Осы орайда өзімнің мақаламнан емес, М. Соломенцевке байланысты тағы да Димаш Ахметұлының «О моем времени» атты кітабынан үзінді келтіре кетсем деймін: *«М. Соломенцев работал первым секретарем Карагандинского обкома и вторым секретарем ДК КПК. Занимая высокие посты в республике, он не сделал ничего существенного для развития экономики, культуры и роста кадров, особенно из представителей местного населения. Какая бы проблема не изучалась, ему всюду*

мерещился национализм. Особенно это проявлялось, когда в 1986 году он приехал в республику по поручению Горбачева для «успокоения» участников декабрьских событий. Он являлся одним из главных авторов известного постановления ЦК КПСС, где в национализме был обвинен целый народ». Міне, казактың Димаш аға сияқты асыл ұлдарына ғана емес, қазақтай қонақжай ұлтқа күйе жакқан М. Соломенцевтің шынайы бейнесі осындай еді. Бұл жағдайды бүгінгі жастардың біреуі білсе, біреуі білмеуі мүмкін. М. Соломенцевтің теріс пиғылына, шовинистік әрекетіне терең тоқталып отырғаным да сондықтан.

Жылдар жылжыған сайын әр нәрсеге сын көзбен қарай бастайды екенсін. Қоғамда болып жататын кейбір келеңсіз көріністерге көзім түскен сайын, мына бір оқиға есіме орадады. Ол былай болған еді. Бірде әріптес жолдасым екеуіміз Астанаға іссапарға жиналды. Алматы әуежайына келген бетте дүңгіршектен «Егемен Қазақстан» газетін сатып алдық. Бетін ашып қалсақ, қаралы хабар. Димаш ағаның бірнеше жыл үзеңгілес досы болған және республика Жоғарғы Кеңесіне, Министрлер кеңесіне төрағалық еткен Бәйкен Әшімұлы дүниеден озыпты. Жанымдағы жолдасым: «Адалдықтың жаршысы болған Бәйкен аға сияқты азаматтар да кетті ғой бақилыққа. Әр нәрсенің парқын білетін бұл кісілер нарық заманының емес, парық заманының түлектері емес пе еді. Енді бұл қоғамда Димаш ағаның тәрбиесін көрген адамдардан тағы кімдер қалды екен?» – деді терең күрсініп. Бұл сұрақ кәдімгідей көңіліме ой салып, денемді тоқ соққандай дір еткізді. Шынымен де бүгінгі билік басында, саясатта Димаш ағамен бірге қоян-қолтық араласып, білек сыбана еңбек етіп, тәрбиесін көрген азаматтардың қамшының шашауындай селдіреп бара жатқаны жанымызға қатты батты. Осы сұрақ маған кәдімгідей ой салды.

2012 жылы Димаш Ахметұлының 100 жылдық мерей-тойын бүкіл ел болып атап өтті. Бұқаралық ақпарат құрал-

дары арқылы ол кісінің кеменгер тұлғасы жөнінде кемелді мақалалар жазылды, кітаптар шығарылды, кинофильмдер көрсетілді. Егеменді еліміздің көк байрағы сияқты Димаш ағаның дара тұлғасы тағы бір мәрте көкке көтерілді. Дарабоз ұлының артында қалдырған ғибратты істері жөнінде халқы тағы бір рухани сусындап қалды. Өз басым куә болған осы бір ұлағатты кездесуді де тілге тиек ете кеткенді жөн көрдім. Иә, Димаш аға – қимас аға. Ол кісі қалдырған ұлағатты істер әркез әділеттіліктің жаршысы болып қала бермек.

12.01.2012 жыл

ТҰМА СУЫ ӘРДАЙЫМ ТҰНЫҚ БОЛАДЫ

Желтоқсан айы. Жабырқау күзбен ілесе жұпыны тірлік кешіп жатқан кезіміз еді. Әкем ұзақ науқастанып, шешемнің тірнектеп тапқанын талғажау етіп жүрген шаңырақта қайбір молшылық болсын. Мектептен сөмкемді сүйретіп келе жатсам, есік алдында жеңіл көлік, оның жанында үш ер адам сөйлесіп тұр екен. Өз-өзімнен көңілім жылап сала берді. Жақын келе олардың біреуі Кәкімжан аға екенін бірден таныдым. Сөмкемді тастай сала жүгіріп келіп, құшақтай алдым. Ол мені маңдайымнан сүйіп, бауырына қысты. Көптен бері шын пейілді мейірім шарпуына шөліккеп жүргендіктен бе, көзіме ыстық жастың қалай мөлдіреп келіп қалғанын аңғармай қалыппын.

Бала болсам да Кәкімжан ағаны Полиграфия және баспа істері жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары болып тағайындалды деп естіген едім. Шешем байғұс анда-санда газет-журналдарда жарияланған шығармаларын оқығанда, бір марқайып қалатын. Мен болсам, бауыр етім елжіреп, бәрін іштей сағынатынмын. Алматыға кеткім келіп, «институтта оқитын ағам мен әпкемнің жанында жүрсем» деген бала қиялмен арман әлеміне сұңғитінмін. Енді, міне, сағынышқа толы аға құшағынан

босаған сәтте бетіне қарадым. Жан жүрегімен жымыған сабырлы бейнесі өзіне жарасып, жанарынан жылылық мейірімі төгіліп, алаулаған жүзі нұр шашып тұрды. Иә, кәдімгі нұр. Мен осындай адамға тән ерекше нұрды, адамдық мейірімді көп жылдан бері талай жанның келбетінен көре алмай келемін.

Кәкімжан аға маған нағашы болып келеді, шешемнің туған бауыры. Нағашым келген күнгі қуанышымда шек болған жоқ. Балаң көңілмен бәрін ұмытып, есік алдында өзімнен үлкен айырды сүйретіп, малдың шөбін жайғап жүргенмін. Бір байқасам, Кәкімжан аға маған тесіле қарап тұр екен.

– Бері келші, айналайын, – деді басын изеп. Дерев жүгіріп келдім. Бағанағыдай емес, қабағы түсіңкі сияқты. Әрине, соңғы жылдары жалғыз әпкесін мынадай жұпыны тіршілік пен ауыртпалықтың шыр айналдырғанына және бұғанам қатпаған менің тәлтіреңдеп айыр көтеріп жүргеніме жаны жабырқап тұрғанын аңғару қиын емес еді. Бала болсам да сәби жүрегіммен бәрін сезіп тұрдым.

– Сабағың қалай? – деп жұмсақ алақанымен маңдайымнан сипады. Осы кезде далаға шешем марқұм да шыққан еді.

– Бәрі бес, аға, – деп арқалана тақ ете түстім.

– Жаксы оқығаны құрсын мұның, атышулы бұзық, – деді сөзге араласқан шешем марқұм бауырына назын айтып. Ойламаған жерден сасып қалдым. Не дерімді білмей, басымды төмен сала бергенім сол еді:

– Пәлі, жаксы окитын бала бұзық бола ма екен? – деді Кәкімжан аға мені тығырықтан шығарғандай. – Бұзықтығы емес, өжеттігі шығар, бәлкім. Қияңқы болма, мамаңды ренжітпе, айналайын, – деп бауырына қысты.

Кәкімжан аға сол күні түнеуге қалмай, кеш батпастан Алматыға асығыс жүріп кетті. Машина орнынан қозғалған сәтте бойымды көңілсіздік билеп, артынан кимай ұзақ қарап тұрдым. Біздің отбасындағы жана ғана жадыраған бір сәттік қуанышты сол машина өзімен бірге іргемізден суырып алып кетіп бара жатқандай көріңді.

Арада көп уақыт өткен жоқ. Бірде шешем Кәкімжан ағаның мені Алматыдағы № 2 экспериментті мектеп-интернатта оқытпақ ойы бар екенін айтты. Сол күнгі қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Әншейінде зулап өтетін демалыс бітпей, жазғы каникул бойы қиял қанатында қалықтап жүрдім.

Алғашқы тоқсанда экспериментті мектепте оқу қиынға соқты. Ауыл мектебінде белсенділер мен үздіктер қатарынан көрініп, көш басында, көптің назарында жүріп үйренін қалған басым өзімді арттағылардың қатарынан көргім келмеді. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған талантты оқушылардың қатарына ілесе алмай қаламын ба деп қорықтым. Осындай қынжылыс үстінде жүрін, кешкілік Кәкімжан ағаның үйіне бардым.

– Аға, ауылды сағындым, ауылда оқығым келеді, – дедім ішімдегі қыжылымды ақтарып салып.

– Саған не болды, қарағым-ау? – деп таңырқаған сұраулы жанарына тіке қарай алмадым. Сонда да ойымды жасырмай айттым. Сол кезде сәл ренжігендей сыңай танытты да, сөзін қайта жалғады:

– Сен жаман оқуға тиіс емессің. Алдындағы ағаң мен әпкеңе қарасаңшы. Екеуі де Алматының екі мектебінің ғана емес, екі институтының маңдайалды студенттері болды. Тұқымында жаман оқыған адам жоқ қой. Өкең жаудан қайтпаған. Сен қайдан шыққан баласың? Алғашқы қиыншылықта сағың сынғаны дұрыс емес, шырағым. Талпыну керек. Бұл мектепте оқуға талайлардың қолы жетпей жүрсе, сенің кері тартатының қалай?

Әңгіме арасында Астанадағы үлкен қызметте жүрген айтулы кісілердің тар жол, тайғақ кешу өмірлерінен біраз мысал келтірді. Солардың бәрі қиындыққа мойымай, өздері шыққан биікке жақсы оқудың, өмір ағысына қарсы жүзе білудің арқасында ғана көтерілгенін тілге тиек етті. Асыл ағаның осы әңгімесі маған өмірлік сабақ болды. Бұл жылдары ҚазТАГ-тың директоры қызметінде болатын.

«Болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, мектеп қабырғасында жүргенде «Қазақстан пионері» газетіне өлең, мақала

жазып жүрдім. Жазған дүниемді сиясы кеппей жатып, бірінші Кәкімжан ағаға апарып оқытатынмын. Коммунистік партияның аласүргін заманында күндіз-түні қарбалас қызметте шаршаңқырап жүрсе де, еш сөзге келместен, бала жүректен тәй-тәйлап шыққан тырнақалды дүниемді үстінен қарап, өз пікірін айтуға уақыт табатын. Ағаның аузынан «жақсы жазыпсың» деген жылы сөз естісем, бір марқайып қалатынмын. Алайда бірде-бір рет «мынауың жарамайды» деп желкенімді қайырмады, тауымды шаққан емес. Керісінше, ой қосып, үстінен түзеп, қалай жазу керектігі жөнінде жол көрсететін, шабыттандырып қоятын. Сөйтін жүргенде мектепті бітіретін уақыттың келгенін де байқамай қалдым. ҚазМУ-дің журналистика факультетіне түсуге бел байладым. Аға жолын қуғым келді. Менің бұл шешімімді естігенде: «Біздің тұқымнан да менің жолымды қуатын бір адам шықты ғой», – деп қуанды. Кейін осы факультетті кенже ұлы Батыр да үздік бітіріп шыққанын қайран аға көре алмады.

Оқуға түсуге дайындалдым. Жүрек лүпіл қағады. Кәкімжан аға «Қазақстан пионері» газетінің сол кездегі бас редакторы Бейбіт Қойшыбаевқа менің газет бетінде жарық көрген материалдарым бойынша оқуға түсуге кепілдеме беруі жөнінде телефон шалды. Кепілдемені алған күннің ертесінде қызмет көлігімен құжаттарды тапсыруым үшін ҚазМУ-дің оқу корпусына дейін өзі әкеліп тастады. Машинадан түсер кезде: «Ал, қарағым, алдыңда үлкен өмір жолы басталды, іске сәт!» – деді. Осы сөздерді естігенде, оне бойым шым ете түскендей болды. Шынымен-ақ балалық дәуренмен қоштасып, жаңа өмірге бет алғанымды сонда ғана аңғардым. Алдымда есігін айқара ашып ҚазМУ тұрды.

1982 жылдың сәуір айында арқа тұтар ағамыз Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы, бюро мүшесі болып сайланды. Мен университеттің екінші курсында оқитынмын. Осындай кезде алыстап кеткен ағайын да, қарасын көрсетпей кеткен есепшіл жолдас та, жағымпаз бен жарамсақ та жаныңнан айналшықтап шықпай қоятыны өмір заңдылығы емес пе?! Кәкімжан ағаның талай адамға

шапағаты тигенін сол кезде көрдім. Ол ешқашан жасаған жақсылығын сатпайтын, біреулер сияқты бұлдамайтын, шамасы келгенше алдына келген адамның бетін қайтармауға тырысатын. Алайда қиянат атаулыға жаны қас еді. Бірде қылмыс жасап, қамауда отырған баласын құтқаруымызды өтініп келген танысымыз қолқа салып қоймаған соң, көңілін жыққымыз келмей, уәжін ағаға айтқанымызда, оның: «Мен қылмыс жасаған адамның ісіне араласпаймын», – деген ескерту сөзі бәрімізге үлкен сабақ болды.

1985 жылдың қаңтар айы болатын. Бесінші курста оқын жүргенде Төрехан Данияров есімді курстасым әрі жақын жолдасым екеуіміз Алматы облыстық «Жетісу» газетіне қызметке тұрдық. Ол кезде Алматыда қызметке қалу дегеніңіздің өзі үлкен дәреже еді. Окінішке қарай, университет бітірушілерді жолдамамен қызметке бөлу кезінде Төрехан Данияровты Алматыда қалдырмай, ойламаған жерден басқа облысқа жіберді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің жолдамасымен жас маман ретінде орталықта қалған мен бес жыл бірге оқыған жан досымнан және қолынан талай дәм татқан мамасынан қатты ұялдым. Арада екі-үш күн өткенде Кәкімжан ағаның үйіне бардым. Әңгіме барысында Төрехан жөнінде әділетсіздік болғанын, отбасының жағдайын айтып, көмектесуін өтіндім. Сөз арасында байқамай, «Өзіміздің Аксудың жігіті» деппін. Кәкімжан аға болса: «Мыналардың қаршадай болып жершілін қара», – деп күлді. Осылайша, Төрехан «Жетісу» газетінде қалдырылды. Кейін екеуіміз «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде де бөлім меңгерушісі болып бірге қызмет еттік. Ол өзін талантты журналист әрі іскер басшы ретінде таныта білді. Қазақстан Жастар одағы мен Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты болды. «Жас Алаш» газетінің Бас редакторы, Қазақстан телерадио-корпорациясының вице-президенті, Қазақ радиосының бас директоры қызметіне дейін көтерілді. Сонымен қатар менің тырнақалды «Қорқаулар түнде жортады» атты кітабым шыққан кезде «Жас Алаш» газетінің атынан Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаттығына ұсынды. Осы

уақытқа дейін екеуіміздің достығымыздың арасынан қыл етіп көрген жоқ.

«Жетісу» газетіне қызметке орналасып, қаламым енді ұшталып келе жатқан кезде бірде ағаның үйіне бардым. Есікті ашқан ұстазым әрі жеңгем Орынша тәтем аман-саулықтан кейін: «Жарайсың, жазған дүниелеріңді ағаң оқып, қуанып...», – деді. Мен болсам, төбем көкке екі елі жетпей қалды. Сонда қайта құру науқаны белең алған қарбалас шақта Кәкімжан ағаның менің шығармашылық қадамымды қадағалауға уақыт тауын жүргеніне таңғалдым. Содан кейін қолыма қалам алған сайын «Ағам оқыса, ұят болып қалмасын» деген ниетпен қара мақаланың өзін тиянақты жазуға тырыстым.

Көзі тірісінде Кәкімжан ағадан өмір атты тылсым дүниенің кілтін дұрыс таба білуде көп нәрсе үйрендім. Жасыратыны жоқ, алғашқы жылдары ауылдан келген адуын мінезім басылмай, интернатта талай мәрте тентектік жасап, аға мен Орынша жеңгемнің алдында екі бетім қызарып тұрған кездерім де көп болды. Алайда Кәкімжан аға қанша ашуланса да, еш уақытта қол жұмсап, қатты дауыс көтере ұрсып қорғен емес. Ренішін қабағымен білдіріп, сабырлы мінезіне тән саликалы сөздерімен сабама түсіріп қоятын. Осылайша артық кеткен тұстарымда айылымды тарта-тарта, алдымдағы аяқ басар соқпағымды да айқындан берді. Сондықтан да мен бойымда жұрт айтатындай жақсы бір қасиет болса, нағашымнан жұқты деп, ал биікке көтерілсем, нағашымның тәрбиесінің арқасында деп есептеймін.

Кеденге жаңадан қызметке ауысқан шағым болатын. Бірде сол кездегі Баспасөз министрі Қуаныш Сұлтановтың мені іздеттіргені жөнінде хабар естідім. Билік басында да, саясатта да өзінің ерекше орны бар, ел сыйлайтын азаматтың назарына түсуімді жақсылыққа жорыдым, әрине. Көп ұзамай Қуаныш Сұлтановқа жолықтым. Атшаптырымдай үлкен кабинеттің ішіне кіргенімде өте келбетті, жылы жүзді Қуаныш Сұлтанов орнынан тұрып келіп: «Қал жақсы ма, айналайын?» – деп амандасып, өзіне қарсы орындыққа отырғызғанда, көз алдыма Кәкімжан ағаның бейнесі елестеп кетті. Кәкімжан аға да әңгіменің, амандықтың басын

«айналайын» дегеннен бастап, кіммен болса да орнынан тұрып амандасатын. Сөз арасында менің таңғалғаным, Кәкімжан аға қайтыс боларының алдында ғана Қуаныш Сұлтановқа «Қаламы енді ұшталып келе жатқан Бекен деген жиенім бар. Соған көз қырыңды сала жүрші» деп аманаттап кетіпті. Сондықтан да Қуаныш Сұлтанов менің шығармашылық қадамымды бақылап жүргенін және өзі басқаратын министрлікке жақсы бір қызметке шақыртпақ ойы бар екенін айтты. Жасыратын несі бар, кейбір азаматтар адам баки дүниелік болған соң «өзі жоқтың көзі жоқ» дегендей, ағалық аманатқа, жолдастық парызға мән бермейді. Осы кездесуде Қуаныш Сұлтанұлының азаматтық тұғырының алдында басымды иіп, өмір жолында өзім үшін үлкен бір сабақ алып шықтым. Министрлікке қызметке ауыспасам да, кейіннен кеденде жүріп те талай ағалық камкорлығын көрдім.

Менің кедендегі алғашқы қадамым да Кәкімжан ағаның көпке шашқан шапағатының арқасында деп білемін. Себебі Кеден комитетінің алғашқы төрағасы, генерал-лейтенант Нұрлан Тілемісовтың әкесі, белгілі баспагер Хайдолла Тілемісов аға Кәкімжан ағаның жан жолдасы болды, екеуі туған бауырлардай араласты. Сол арқылы мен де Нұрлан Хайдоллаұлын жақсы таныдым, біз де ағалы-інілердей сыйластық. Нұрлан Хайдоллаұлы қызмет барысында Кәкімжан ағадан талай ағалық камкорлық көргенін айтты да. Сондықтан болар, кеден саласында қатардағы инспектордан кеден бастығына дейін көтерілуіме Нұрлан Хайдоллаұлының ықпалы аз болған жоқ.

Ағаның үйіне қазақ зиялыларының беткеуістар қаймақтары көп келетін. Халқымыздың қаһарман ұлдары Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаев, белгілі журналист, аудармашы әрі баспагер Хайдолла Тілемісов, профессор Мұхтар Арын марқұмдармен және академик Жүрімбек Сыдықов, мемлекет және қоғам қайраткері Шәмшә Беркімбаева, жазушы әрі аудармашы Бакытжан Момышұлы, тағы да басқа елге танымал адамдармен туған ағалы-інілердей, ағалы-қарындастардай сыйласты. Өмірінің соңғы жылдары

халық жазушысы Шерхан Мұртаза, атакты ақын Мұхтар Шаханов, ұзақ жылдар Оқу министрі, ҚазМУ-дің ректоры болған, профессор Көпжасар Нәрібаев ағалармен Құдай қосқан көрші болды. Осындай белгілі азаматтармен, мемлекет және қоғам қайраткерлерімен ағаның үйінде дастаркандас болған күндерімді әсте ұмыта алмаймын. Кәкімжан аға мені үлкен қонақтардың ортасына солармен тең дәрежеде отырғызып қоятын. Және «менің жолымды қуған жалғыз жиенім» деп таныстыратын. Дастарқан басында парасаты мол, ақылдың дариясындай елестейтін ағалардың әңгімелерін тыңдай отырып, рухани дүниеге толы кеңістікте қалықтап жүргендей әсерде болатын едім. Бұл асыл ағаның бізді «орта көрсін, зердесіне түйсін, өресі өссін» деген ұлағаты екенін кейін түсіндім.

Отау құрып, қызметте тәй-тәй басқан баладай өрістен келе жатқан шағымда, жан ағам кенеттен дүние салды. Бұл қайғы бүкіл әулет үшін асқар тауымыздың құлағанымен бірдей болды. Қайтыс боларының алдында шипажайдан келген бетте маған енді ғана жазып бітірген белгілі «Сұрапыл» романының 600 беттік қолжазбасын көрсеткен еді. Тағдыр осы романының жарыққа шыққанын көруді де жазбапты. Иә, орны толмас өкініш. «Жасаймын» деген талай игі жоспарлары мен «жазамын» деген талай рухани дүниелері ішінде кетті. Әсіресе, біреуімен талай жыл қызметтес, екіншісіне туған баласындай болған Дінмұхамед Қонаев пен Бауыржан Момышұлы жайлы ақиқаты айқындалған шынайы туынды беремін деген өрелі ойы да жүзеге аспады. Әттең, келте ғұмыр! Әттең, көп оқырман жариялылық қанатын жайған шақта Б. Момышұлы мен Д. Қонаев жайлы Кәкімжан аға өзі ғана білетін көп шындықтан бейхабар қалды. Әттең, кезінде өзі көзін ашқан талай бұлақтың арнасын тауып, теңізге құйғанын, өзі баптаған тай-құлындардың тұлпар болып, бәйгеге қосылғанын қайран ағаның көрмей кеткені өкінішті.

«Адамды сынағың келсе, қолына билік бер» дейді қазақ. Кеше ғана ағаның қолына су құюға жарамай, алдында зыр жүгірген талай адамның болмашы билікке қолы жеткенде

кісі танымастай өзгергенін көріп, жағамызды ұстағанбыз. Алайда Кәкімжан аға мемлекеттік дәрежедегі қай қызметтің тұтқасын ұстаса да, мейірімді, қайырымды және қарапайым қалпынан танған жоқ. Құдай берген осы қасиеттері тұла бойында тұнып тұратын. Сонымен қатар жоғары қызметте жүрген кей адамдардың сыртынан небір қанқу сөздердің ере жүретіні де жасырын емес. Ал, Кәкімжан ағаның сыртынан азаматтық келбетіне дақ түсіретін өсек-аяңның ермегені ақиқат. Ұлық болса да, кішік болды. Осылайша, Кәкімжан аға жарық дүниеге сәби күйінде қалай таза келсе, бұл өмірден де тұма суындай тұнық күйінде өтті.

Бірде өзім қызмет істеген «Жетісу» газетіне соқтым. Газеттің сол кездегі бөлім меңгерушісі Күлшат Баянбаева апайдың кабинетіне кірсем, ақ жаулықты, жасы алпыстан асқан бір апай отыр екен. Әлгі кісі маған тесіле қарап қалды. Қызмет барысында өзім ерекше құрмет тұтқан Күлшат апай орнынан тұрып, бетімнен сүйді де, ақ жаулықты апайға бұрылып:

– Жәке, мына балаға дұрыстап қараңызшы, таныдыңыз ба? – деді. Ол кісі менен көзін алмаған күйде:

– Қарағым-ау, мына бала Кәкімжан ғой, – деп көзіне жас алды. Денемді ерекше бір сезім шарпуы дір еткізді.

Мені нағашыма ұқсатқан апай зейнеткерлік демалысқа шыққан журналист Жәмилә Молдабаева болып шықты. Кезінде «Жетісу» газетінде Кәкімжан ағамен қызметтес болып, талай қамқорлығын көрген екен. Кәкімжан ағаны есіне алған әңгімесін айта отырып, көз жасын тыя алмады. Мен бұл өмірде әке-шешесі, бірге туған қандас бауыры қайтыс болғанда топырақ салмаған, көзіне жас алмаған тас-жүректерді де көрген едім. Ал ешбір туыстығы жоқ Жәмилә апайдың көзіне жас алуы асыл ағаның азаматтық бейнесін айтпай-ақ асқақтатып тұр емес пе?! Иә, Кәкімжан аға қай қызметте жүрсе де, жұмыстың беташарын қарамағындағы қызметкерлерге қамқорлық жасаудан бастайтын. «Басшы адам қарамағындағы қызметкерден жұмыс талап етуі үшін бірінші оған жағдай жасай білуі керек» дейтін. Елімізге белгілі журналист, бүгінде «Егемен Қазақстан» газетінің

бас редакторы Жанболат Ауыпбайдың «Лениншіл жаста» он жылдан артық қызмет істеп, ала алмаған пәтерді Кәкімжан ағаның карамағына келін, үш-ақ айдың ішінде алдым дегені бар. Әрине, бұл бір ғана мысал. Абзал ағаның ұстаздық, ағалық қамқорлығын көрген азаматтардың билік басында абыроймен қызмет істеп жүргендері аз емес.

1995 жылы «Қорқаулар түнде жортады» атты тырнақалды кітабым жарық көрді. Кітаптың беташарына «Осы кітабымды өзімнің журналистика әлеміне келуіме және азамат ретінде қалыптасуыма үлкен ықпалы болған марқұм нағашым, белгілі жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбайұлына арнадым» деп жаздым. Бұл ниетімді аға аруағының алдындағы рухани ескерткішім, інілік парызым деп ойладым. Сонымен қатар бірде ағамыздың екі томдық шығармалар жинағының және Орынша жеңгемнің «Ұстаз бақыты» атты педагогикалық-танымдық кітабының жарыққа шыққанын естіп, қуанышымды бөлісуге аға үйіне бардым. Біздің аға орнындағы рухани басшымыз болып жүрген Орынша жеңешем өте көңілді, сергек күйде екен. Баспа бетін көргеніне көп бола қоймаған екі томдықты (қазір төрт томдығы да шықты) көрсетіп: «Бірауыз өтінішімді жерге тастамаған азаматтарға рақмет. Мына хатты оқышы», – деп қолыма бір парақ қағазды ұстатты. Онда былай деп жазылыпты: «Құрметті Орынша апай! Кәкеңнің еңбегі елеуге тұрарлық... Өтінішіңіз орынды. Келесі жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша екі томдығының жарық көруіне қол ұшын берерміз. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед. 2002 жылдың 16 қазаны».

– Есінде болсын, ел басқара білетін өрелі азаматтар осындай болады, – деп сөзін жалғады Орынша жеңгем. – Кәкең қайтыс болғаннан кейін «Сұрапыл» романын жарыққа шығару мәселесі қалай болады екен деп қобалжып едім. Содан 1995 жылы сол кездегі баспасөз министрі Алтынбек Сәрсенбаевқа бардым. Жас та болса билік тізгінін ерте ұстаған ол кезек күттірмей, өте жылы қабылдады. Келген шаруамды тыңдап болған соң: «Аға біздің ұстазымыз ғой.

Қай баспадан шығарып берейін, айтыңыз?» – деді. Мен Кәкеңнің жан жолдасы марқұм Хайдолла Тілемісов басқаратын баспадан шыққаны жөн шығар деген ойымды айттым. Алтынбек айналайын менің көзімше Хайдекеңе телефон шалып, кітап шығару үшін тиісті қаражатты «Қайнар» баспасына аударатынын айтты. «Сұрапыл» романы сол кезде Абайдың туғанына 150 жыл толуына байланысты үлкен қарбалас дайындықтың жүріп жатқанына қарамастан, бір-ақ айдың ішінде оқырмандардың қолына тиді. Міне, Кәкең де кезінде қолынан келетін шаруаны көп созбай, осылай шешетін. Билік басында, саясат төңірегінде осындай азаматтардың жүргеніне қуанам, – деп ризашылық сезімін жасыра алмады.

1999 жылы Кәкімжан ағамыздың 70 жылдық мерейтойы республика көлемінде, туған жерінде кеңінен аталып өтті. Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы филармонияның концерт залында өткен сондай еске алу жиынның бірінде Мәжіліс депутаты, халық жазушысы Ш. Мұртазаға сөз берілді. Жиналған жұртшылық Шерағанды көсіле бір сөйлейтін шығар деп ойлады. Сахнаға шыққан Шераған мемлекет басшысының мерейтойға байланысты ағамыздың отбасына жіберген құттықтау жеделхатын оқыды. Онда: «Белгілі жазушы-журналист және қоғам қайраткері болған Кәкімжан Қазыбаевтың туғанына 70 жыл толуына арнап өткізіп жатқан салтанатты жиындарыңыз құтты болсын. Мен Кәкімжан Қазыбаевты қызмет барысында жақсы біліп едім. Ол шын мәнінде білімді, парасатты, халқының игілігі үшін бүкіл қабілет-қарымы мен қаламгерлік қайратын аянбай жұмсаған дарын иесі, жаны жайсаң азамат еді. Қалың жұртшылық оны сондықтан да құрмет тұтып, жадында сақтап келеді. Ниеттеріңіз қабыл болсын. Жатқан жері жарық болып, қалдырған мұрасы халқының кәдесіне жарай берсін», – деп жазылған екен. Жеделхатты оқып біткен Шераған: «Енді Кәкеңе бұдан артық қандай баға беруге болады?» – деп сөзін қысқа қайырғанда, залда отырған жұртшылық ду қол шапалақтап, орындарынан тұрып кетті.

Кәкімжан аға жаны жайсаң азамат әрі іскер басшы ғана емес, отбасының өнеге тұтар нағыз тірегі болатын. Себебі

елге танымал деген кейбір азаматтардың өзі отбасының шаңырағын шайқалтпай ұстауда, бала тәрбиелеуде кемшілік жіберін, осалдық танытып алатын тұстары аз кездеспейді, әрине. Бұл да сәттілігі мен сәтсіздігі қатар жүретін тағдырдың жазуы шығар, кім біледі?! Ал, Кәкімжан аға болса, қызметте де, отбасының тірегі ретінде де және бала тәрбиесінде де кемшілік жіберген, осалдық танытқан адам емес. Шаңырағында әрдайым шаттық нұры сезіліп, мейірім шуағы төгіліп тұратын. Сүйген жарын алақанында аялай алған, балаларының бойына білім мен біліктілікті, адамгершілік пен азаматтық қасиеттерді дарыта білген адамның бірі Кәкімжан аға деп білемін. Және де «Жаксы әке балаға қырық жыл азық» деп бекер айтылмаған. Кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің іс басқармасына қарасты медицина орталығының орталық клиникалық ауруханасында доцент, бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары болып қызмет істеген үлкен ұлы Нұртас бірде маған: «Әкеме өмір бойы қарыздармын. Біздің ауруханаға емделуге келетін ел танитын көптеген адамдар фамилиямды естіген соң: «Қарағым, сен осы Кәкеңнің баласы емессің бе? Шіркін-ай, әкең қандай азамат еді?!» – дегенде күні бойы жұмыста әкемнің аруағы қолдағандай көңілім көтеріліп, марқайып жүремін», – деген еді. Иә, әке үшін де, бала үшін де бұдан артық қандай мәртебе керек?..

Иә, санасында саңылауы бар әр адамның ата-ана, ағайын-туыс, жора-жолдас, сондай-ақ ұстаз алдындағы өзінің моральдық және адамгершілік тұрғыдағы қарызы мен парызы болады. Бұл қағиданы әркім әрқалай түсінеді. Кәкімжан аға көзі тірісінде қиналған шағымызда қолтығымыздан демеп, бұралаң-бұлтарысы көп заманда адастырмай, өмірдегі өз соқпағымызды табуда өзінің ағалық парызын кіршіксіз өтеп кетті. Ал, біз аға алдындағы қарызымыз бен парызымызды өтей алдық па? Осындай сұраулы сөйлемге жауап іздегенде, санамдағы ой сан-саққа жүгіреді. «Болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, ағамыздың басқан ізіне татып, шаңына ілесе алсақ, тұғырлы тұлғалардың қолына су құюға жарасак және

бойымызда нағашым абыроймен аркалай білген Азамат деген асқақ қасиет бүршік жарса, онда аға аруағы алдындағы үлкен парызымыздың өтелгені ме, кім біледі? Ал қарызым болса – мәңгілік. Өтей алам ба, жоқ па, оны уақыт көрсетер.

09.05.1999 жыл

САРҚЫТЫ САРҚЫЛМАЙТЫН АҒА

2003 жылы қызметтен уақытша босап, көңіл күйім болмай жүрген кезім болатын. Содан кейін қол қусырып отырғанша деп, біраз уақыт өзімнің сүйікті кәсібім – баспагерлік және шығармашылықпен айналысуға тура келді. Сол жылдың көктемінде кезінде Алматы облыстық «Жетісу» газетінің қазанында бес жыл бірге қайнаған әріптес ағам Мейрамбек Төлепбергеновті кездестіріп қалдым. Сөз арасында менің баспагерлікпен айналысып жүргенімді естіген ол: «Бекен, өзіміз ерекше құрмет тұтатын азамат және қазіргі Қазақ-Британ университетінің ректоры Әділ Ахметов ағамыздың керемет бір кітабы дайын тұр. Соны өзің қолға алып көрсен қалай болады? Себебі ондай дәрежедегі адамның кітабын үлкен жауапкершілікпен шығару керек екенін түсінесің ғой», – деді. Ойламаған жерден орайы келіп тұрған бұндай ұсынысқа қуана келістім.

Айтылған уақытта өзіміз бір шығармашыл топ болып жұмыс істен жүрген белгілі журналист, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Омаров және «Шартарап» баспасының директоры Құлтас Достан үшеуіміз Әділ Ахметов ағаның қабылдауында болдық. Кезінде кең-байтақ еліміздің кемеңгер басшысы болған Дінмұхамед Қонаев ағамыз отырған кабинеттің ішінен Әділ Құрманжанұлы бізді орнынан тұрып, жылы қарсы алды. Бірнеше жыл Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары, елші, білім комитетінің төрағасы және шет тілдер институтының ректоры сияқты жауапты лауазымды қызмет атқарған адамның бойынан қалай болса да сабырлығы және ерекше мәдениеттілігі мен

қарапайымдылығы бірден байқалып тұрады екен. Әділ Құрманжанұлының аузынан кітаптың негізгі көтерер жүгі мен мазмұны не туралы екенін білгенде барып, бұл шығарманың қазақ оқырманы үшін тыңнан түрен салған үлкен бір жаңалық және өте тұшымды дүние екеніне көзіміз жетті. Әділ аға біздің жоспарымызбен танысып болған соң, кітапты шығаруға рұқсатын берді. Бұл дегеніңіз біз үшін үлкен мәртебе болды. Ал әңгіменің төркіні кітапты алғы сөзбен шығару мәселесі қозғалған кезде Бауыржанға қарап: «Бауыржан, кітаптың алғы сөзін өзің жазарсың», – дегенде ол сасып қалды. Ол кезде Бауыржан Омаров М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында бөлім меңгерушісі болып қана қызмет ететін және профессор деген ғылыми атағын да алмаған кезі болатын. Өзіне қандай салмақтың жүктелін отырғанын бірден түсінген ол: «Аға, ыңғайсыз емес пе? Сіздің кітабыңызға алғы сөзді бізден гөрі мүйізі карағайдай небір мықты ғалымдар мен жазушылардың біреуі жазғаны салмақты болатын шығар», – деген кезде Әділ аға жылы ғана жымия күлді де: «Онда тұрған ештеңе жоқ. Ертең сен де солардай боласың. Сенің де болашағың алда ғой», – деді. Иә, кез келген кітапқа жазылған алғы сөз шығармашылық қағидаты бойынша сол кітапқа тілеген ақ жол немесе берілген ақ бата іспетті болатыны белгілі. Сондықтан да алғы сөзді жазатын адамның атағы мен дәрежесі кітап авторынан бірнеше саты жоғары тұруы керектігі жазылмаған заңдылық екені айтпаса да түсінікті. Маған Әділ аға Бауыржанға «Сенің де болашағың алда ғой» деген сөзі арқылы оған өзінің оң батасын берін тұрғандай әсер етті. Ол кісінің бір сағаттай ғана пікірлесін, бір-ақ рет көрген адамына осындай ықылас танытуының себебін уақыт өте келе өмірдің өзі дәлелдеді.

Әділ ағаның кабинетінен жылы әсерде шықтық. Бізді таңғалдырғаны – ол кісінің өте қарапайымдылығы. Әсіресе, Бауыржан бір жағынан қуанып, бір жағынан қобалжып келеді. Әрине, біздің әлебиет пен ғылымда кейбіреулер биттің қабығындай көзге көрінер-көрінбес бірдеңе жазса болды, есімі елге танымал академиктер мен Мемлекеттік

сыйлықтың иегері атанған ақын-жазушыларға алғы сөз жаздырып, арзан бедел жинауға тырысатыны өтірік емес. Ал бұл жерде ғылым саласында енді ғана көріне бастаған филология ғылымдарының докторы Бауыржан Омаровтың белгілі қоғам қайраткері, дипломат, тілші-ғалым әрі профессор Әділ Ахметовтың кітабына алғы сөз жазуының орны бөлек еді. Жалпы, осы көрініс арқылы шығармашылық әлеміндегі бұндай қағидаттың бұзылуын өз басым бірінші рет кездестірдім.

Кітапты баспаға дайындау процесіне кірісіп кеттік. Оқырман қауымға журналист ретінде жақсы танылған және ғылымның көкжиегінде енді көтеріліп келе жатқан Бауыржан бүкіл жан дүниесін сала отырып, алғысөзді өте әдемі жазып шықты. Ендігі мәселе кітаптың жоғары полиграфиялық тұрғыдан дұрыстап әрленуіне және мұқабасының мазмұнына келіп тірелді. Себебі кітаптың мұқабасына шығарманың мазмұнына сай америкалық үндістердің тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін образды суреттер керек болды. Сол кезде Әділ аға бізді үйіне шақырды. Үйіне келгенде таңғалғанымыз, кітап сөресінде ежелгі майя еліне байланысты негізінен ағылшынша және біраз бөлігі ғана орыс тілдерінде жазылған жүзден аса кітапты көргенде еріксіз басымызды шайқап, өзімізді жаңа бір әлеммен таныскандай әсерде қалдық. Яғни, бір кітап үшін қаншама әлемдік кітапханалар қоры пайдаланылған. Және де барлығы оқылып шыққандығын аңғартатын белгілер кітаптардың керек беттеріне қойылған жапсырмалардан бірден байқалып тұрды. Осы кітаптарды парактап отырып, Әділ ағаның ағылшын тілінде жыраулардай жосылтып сөйлейтініне күмәніміз болған жоқ. Көлемі алты баспа табақ қана ғылыми-көпшілік туындыға 113 сілтеме жасап, өз тұжырымын ғылыми түрде дәлелдеу үшін жүзге жуық шетелдік әдебиеттерді пайдалану ғылымға шын ниетімен берілген және өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын адамның ғана қолынан келетін іс екені белгілі. Әділ ағаның кітапханасында отырып, осыны байқадық. Осы орайда оқырман қауымға тілге тиек етін отырған шығармамыздың

құндылығы қандай дәрежеде екендігі түсінікті болу үшін Бауыржан Омаровтың аталмыш кітапқа жазған алғы сөзінен үзінді келтіре кеткенді жөн көрдім: «...Автордың садағын созып тартып толғаған жауынгер халықтың тағдыры туралы қалам тербеуге толық құқы бар. Әділ Ахметов – қызмет бабымен әлденеше жыл мекен еткен АҚШ-тың қойны-қонышын түгел шарлап шыққан ғалым. Американың билік орындарының көзінен таса қалмайтын тоғай арасындағы үндістер лашығына барып, байырғы тұрғындардың талайымен тілдескен. Ағылшын тілінде шыққан һәм Батыс өркениетінің бесігінде тербелген үндістер тарихы туралы бұрын-соңды әдебиеттерді түгел ақтарған. Мұхиттың арғы бетіне сапар шеккен тілші-ғалым түркі тілдеріне тән атауларды «үндіс» тілдерінің бау-бақшасынан көптеп табады. Табу мен эвфемизмнің терең қатпарларына үніліп, ғылым докторы дәрежесін иеленген ғалым үндістер мен түркілердің ой орамдарынан да ұқсастық іздейді. Сөйтіп, үндіс деп аталған халықтың тегі азиялық деген тұжырымға табан тірейді. Байламдарының батылдығы соншалық, кей тұста дерек пен дәйекке сүйенген ғалым Әділ Ахметов әрдайым «елдестірмек – елшіден» деген қағиданы ұстанатын, ақырын сөйлеп, анық басатын дипломат Әділ Ахметовке бағынбай кетеді...».

Кітапқа формалды түрде редактор өзім болдым. Олай дейтінім, кітап басылымға жіберілер алдында Әділ аға шығармасының үстінен өзі төрт-бес мәрте оқып шықты. Яғни, бұл кітапқа редактор мен корректор да қажет емес еді. Егер де баспаға кітабын тапсыратын кез келген адам өз ісіне Әділ Құрманжанұлының деңгейінде қарайтын болса, онда баспагерлер басы артық редактор мен корректордың есебінен қаншама қаражатты үнемдейтіні сөзсіз. Шынын айтсам, өзіміз де шығармашылықпен айналысып жүрсек те, шығармашылықпен айналысатын қаншама адаммен істес болсақ та, Әділ аға сияқты өз ісіне өте ыждағаттылықпен, асқан жауапкершілікпен қарайтын адамды өте сирек кездестірдім. Қызмет бөлмесіндегі жазу үстелінің үстінен де шашылып жатқан артық қағаз көре алмадық. Бұны айтып отырған себебім, бір ұлы жазушының аузынан: «Өзінің жазу

үстелінің үстіндегі шашылған қағазды жинай алмаған адам ел басқара алмайды» дегенді естіген едім. Бұл дегеніңіз біз үшін сол кезде үлкен өмір мектебі болды десем, артық айтқандық емес.

Әділ Құрманжанұлының кітабы «Азия–Берингия–Америка немесе америкалық «үндістердің» азиялық тегі» деген атпен үш мың данамен ойдағыдай жарық көрді. Екінші кезекте осы кітаптың дүниеге келгенін оқырманға сүйіншілеп жеткізу жөне тарату мәселесі тұрды. Осы орайда Әділ аға өзінің тағы да бір биік парасатымен бізді таңғалдырды. Сөз арасында баспаның басшысы Құлтас Достан: «Аға, Қазақстанның бүкіл жоғары оқу орындарының басшыларының бәрі сіздің бірауыз сөзіңізді жерге тастамайтыны сөзсіз. Солар өз оқу орнына жетпіс-сексен данадан алса жетіп жатыр ғой», – деді. Сол кезде Әділ аға: «Айналайын, қызмет бабын пайдалану арқылы оқырманға озбырлық жасауға болмайды. Кітапты ондай әдіспен тарату автордың беделін түсіріп, кітаптың да қадірін кетіретінін ұмытпаңдар. Сондықтан да кітапты оқырман өзі іздеп оқуы керек», – деді. Осы сөзді естіп отырып, Әділ ағаны тағы да бір жаңа қырынан танығандай болдым. Иә, Құлтастың айтып отырған сөзінің де жаны бар екені рас. Кейіпкеріміздің құзырлы жерлерге айтатын бірауыз сөзі кітапты тарату мәселесін оп-оңай шешіп тастайтынына күмән жоқ. Алайда ар алдындағы арзан дүниеге бас имейтін Әділ ағаның ондай пендешіліктен бойын аулақ ұстайтыны – бүгінгі күні кітабымен қоса сақалын да саудалап, әкімқаралардың алдын бермей жүретін кейбір қаламгерлерге үлгі боларлықтай әрекет екені ақиқат.

Осы әңгімеден кейін Әділ ағаға біздің де бір көмегіміз тисін деген ниетпен кітаптың баспасөз беттерінде жарнамалануына шамамыз келгенше атсалыстық. Шынымен де бұқаралық ақпарат құралдарында аталмыш кітап жөнінде жақсы пікірлер айтылып, түшымды рецензиялар жариялана бастаған кезде, кітапқа қызығушылық танытқан оқырмандар саны да көбейе бастады. Кітаптың бір данасын алғашқы оқырманның бірі ретінде өзімнің әріптесім, қазақ әдебиеті

мен өнерінің үлкен жанашыры және сол кездегі Шығыс Қазақстан облыстық кедендік бақылау департаментінің бастығы, кеден қызметінің полковнигі Ерікжан Абдрахмановқа сыйладым. Кітапты бірдемде оқып шыққан өткір мінезді ол: «Мына кітап шағын болса да, жүз тарихи романға татиды екен. Сондықтан да бұл кітапты мына біздің департаментте өзінің ата-тегін білмей жүргендерге оқыту керек», – деді. Сонымен қатар Ерікжан Алматыға келген бір сәтінде Әділ ағаға жолығып, кітабына қолтаңба да жаздырып алды. Осылайша, біреуден біреу есту арқылы бұл кітаптың мыңға жуық данасы Шығыс Қазақстан облысында ғана таралып кетті. Яғни, Әділ ағаның өзі айтқандай, кітап оқырманды емес, оқырман кітапты іздеді.

Кітапты баспаға дайындау барысында Әділ Құрманжанұлынан шығармашылық жағынан да көп нәрсе үйрендім. Ол дегеніңіз – нақтылық пен тиянақтылық. Олай дейтінім, кітапты жазу барысында фактілерді сағызша созбай, көлем қумай, айтып отырған мәселені оқырман ойына орайлы түрде жеткізе білу шеберлігі. Кітапта автор бағзы замандарда Алтайдан басталған ұлы көштің тек Батысты ғана нысанаға алмай, Қиыр шығыстағы Беринг жермойнағын басып, Жаңа әлем атанған Америкаға да бет бұрғанын ғылыми айғақтармен дәлелдеу жолында көз майын тауысып, қаншама тер төккені айтуға ғана оңай. Бұл жерде біздің тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тарқатпакшы болып отырғандағы негізгі мәселе – жүзден аса кітаптағы тарихи деректердің қаймағын ғана қалқып алып, тоқсан екі беттік қана шағын кітапқа зерделі түрде оймақтай етіп, сыйғыза білуде еді. Егер де осы мазмұндас кітапты қаламының сиясы шашыраған басқа біреу жазатын болса, онда оның көлемін қыруар деректерді орынды-орынсыз пайдалану арқылы елу баспатабаққа емін-еркін жеткізуге болатыны еш қиындық тудырмасы анық. Бірақ одан автор да, оқырман да ештеңе ұтпайтыны ақиқат. Міне, тілші-ғалым Әділ Құрманжанұлының қаламының қарымы өз оқушысын жалықтырмай, оқырман ойымен үндесе жататын шеберлігі де осында шығар.

Кітап жарыққа шыққаннан кейін үстімізден үлкен жүктің абыроймен сыпырылып түскеніне және Әділ аға сияқты ел сыйлайтын азаматтың сеніміне ие болғанымызға қуандық. Қазақта «Баталы құл – арымас, батасыз құл – жарымас» деген канатты сөз бекер айтылмаған ғой. Әділ аға үшеуімізді арнайы шақырып, алғысын айтып, жұмысымызға сәттілік тілеп, ағалық батасын берді. Осыдан соң көп ұзамай-ақ шығармашылық топтағы үшеуіміздің жолымыз үшке айырылды. Бауыржан Омаров Ақпарат және мәдениет министрлігіне департамент директорлығына тағайындалып, Астанаға жол тартты. Одан кейін Тіл комитетінің төрағасы, «Айқын» газетінің бас редакторы, Қызылорда облыстық әкімшілігінің аппарат басқарушысы, «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры, ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы сияқты біраз қызметтің басын қайырып тастады. Құлтас Достан болса баспагерлікпен қоса республикалық «Спорт» газетінің бас редакторы қызметіне дейін көтерілді. Ал өзіміз болсақ, сол жылы Шығыс Қазақстан облыстық кедендік бақылау департаментінің кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасына бастық болып тағайындалдық. Одан кейін де бір-екі жақсы қызметтің тұтқасын ұстап, мемлекеттік марапатқа да ие болдық. Әйтеуір, Алла Тағаланың сәтін салуы ма әлде аузы дуалы Әділ ағамыздың батасы қабыл болды ма, ешқайсысымыз да жаман болған жоқпыз. Осылайша, «Әр ащының бір тұщысы бар» дегендей, сол бір қызметтен босап, көңілім құлазып жүрген кездеріме де мың бір тәубе қыламын. Себебі сол кезде өзіме арқа сүйейтін аға емес, рухани өресі биік аға тапқаныма және өмір мектебінен өткеніме қуанамын.

Бірде Әділ ағаның кітабын оқыған жақсы танысым кітаптың артқы мұқабасындағы «редактор» деген жердегі фамилиямды көріп қалып, үйге іздеп келінті. Біразға дейін бірденені айта алмай, қипақтап отырды да: «Сен Әділ Ахметовты жақсы таниды екенсің ғой», – деді. Мен танитынымды жасырмадым. Ол өзінің баласы Әділ аға басқаратын

Қазақ-Британ техникалық университетінде оқитынын, сол баласының бір пәннен баға ала алмай, оқудан шығарылу қауіпі бар екенін айтып, көмектесуімді өтінді. Мен бірден бас тарттым. Сол кезде әлгі танысымның көзінен жас ыршып кетті. Ер адамның көзіне жас алғаны қиын екен. Дос көңілі бір атым насыбайдан қалатыны бар емес пе. Амалсыздың күйін кешіп, әр қадамды зорлықпен басқан бетте Әділ ағаның алдына баруыма тура келді. Менің не жағдаймен келгенімді естіген Әділ аға тәжірибелі дипломат ретінде өзінің іштегі қынжылысын білдірмей: «Бекен айналайын, осы оқу орнындағы білім деңгейін әлемдік дәрежеге көтеру мақсатында және оқу процесі барысында сыбайлас жемқорлықпен тамыр-таныстыққа жол бермеу үшін барлық мұғалімдерге жоғары талапты өзім қоя отырып, сол қағидатты өзім бұзамын ба?» – деді. Орынды айтылған сөзді естігенде екі бетім оттай қызарып кетті. Осы қылығым үшін Әділ ағадан көпке дейін ұялып жүрдім. Иә, кезінде өзі іргетасын қалап, алғашқы ректоры болған аталмыш оқу орны бүгінгі күні білім деңгейі жағынан елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде таныла бастаған оқу орнының біріне жатады. Осы орайда өзіне де, өзгеге де бірдей талап қоя білетін Әділ Құрманжанұлының бұл оқу орнының беделі биікке көтерілуіне сіңірген еңбегі зор. Тіпті, осы жоғары оқу орнына талапкерлерді қабылдау кезінде барлығы жария түрде болсын деген ниетпен Әділ Құрманжанұлы қабылдау комиссиясының құрамына журналистерді де мүше етіп кіргізгеннің өзі ол кісінің ар жолында қия баспайтынын көрсететіні сөзсіз.

Бірде сәті түсіп, Астанаға барып қайтудың реті келді. Уақыттың ыңғайы келіп тұрған соң, бірінші кезекте сол кездегі Ақпарат және мәдениет министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы болып жаңадан тағайындалған үзеңгілес досым Бауыржан Омаровты жаңа қызметімен құттықтамақшы болып, кеңсесіне бардым. Сөз арасында Бауыржан мемлекеттік тапсырыспен Әділ ағаның тағы да бір керемет кітабы өндірісте жатқанын айтты. Әділ ағамыздың қағидатын жақсы білетін мен Бауыржанға: «Ол кісінің өзі кітабын шығару жөнінде өтініш жасаған жоқ

шығар», – дедім. Менің ойымды дөп түсінген Бауыржан: «Мына қызметте кітап пен газет-журнал шығарушылардың өтінішімен-ақ шаршайды екенсің. Ал Әділ ағамыздың беделі мен парасаты ондай пендешіліктен биік қой», – деді. Көп ұзамай Әділ Құрманжанұлының кезекті «Түбі түркі өркениет» атты кітабы жарық көргенін естіген бетте қаншама кітап дүкендерін араласам да таппадым. Амалдың жоқтығынан автордың өзіне телефон шалып, шын жүректен інілік құттықтауымды білдіріп, аталмыш кітапты таба алмай жүргенімді айттым. Әділ аға: «Ол кітап мемлекеттік тапсырыспен шыққан соң, сатылымға көп түскен жоқ. Өзіңе бір данасын сақтап қойдым. Реті келгенде аларсың», – деді. Ініме деп ұмытпай, сарқытын сақтап жүрген ағаның осы бір жылы сөзін естігенде, көңілім жадырап сала берді.

Астанаға тағы да ат басын бұрудың сәті түсті. Жоспарымдағы негізгі мәселенің бірі – Әділ Құрманжанұлына жолығып шығу болатын. Көптен бері арқаны кеңге салып, оңаша отырып әңгімелесудің реті келмегендіктен бе, қағты сағынып қалғандаймын. Бұл жолы жоғары оқу орнының ректоры емес, Парламенттегі сенатор ағаның қабылдауына келдім. Көңілі әрдайым тұма суындай тұнық көрінетін Әділ аға орнынан тұрып, баяғыдай құшағын жая қарсы алды. Әңгіме арасында адамның ішкі сезімін және көңіл пернесін дөп баса білетін дипломат аға жазу үстеліндегі суырмасын ашты да: «Ал, Бекенжан бауырым, ағаның өзіне сары майдай сақтап отырған сарқытынан дәм тат», – деп көптен бері ынтызарым ауып жүрген «Түбі түркі өркениет» атты кітабын ұстатты. Кітапты қолыма алып, бірінші бетін ашып қалғанымда: «Осы кітаптың алғашқы шығуына және көпшілікке кеңінен таралуына себепкер болған және өзім ерекше құрмет тұтатын Бекен ініме игі тілекпен, автор Әділ Ахметов» деп жазылған қолтаңба көзіме оттай басылды. Осы сөйлемдерді оқи отырып, өзімнің қандай әсерде болғанымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Иә, жай ғана сарқыт емес, арнайылап сақтап берген сарқыттың дәмі ерекше болатынын сонда ғана жете сезіндім.

Көптен күткен жаңа кітапты парактап отырмын. 340 беттік көлемді шығарма үш бөлімге бөлініпті. Бірінші бөлімде – өзімізге жақсы таныс, тегі азиялық, бірақ белгілі де белгісіз себептермен америкалық атанып кеткен «үндістер» тақырыбы. Екінші бөлім – жанарынды жаулап алатын әртүрлі нанымдық және танымдық тақырыптағы қызықты мақалалар. Ал үшінші бөлім – тағы да тыңнан түрен салған «Түркі тілдеріндегі табу мен эфемизмдер» деп аталады. Иә, оқырманын елең еткізетін тың мәселеге, орамды ойға және нақтылы тұжырымға негізделген шығарма. Кітапты зерделей отырып, жазғандарын өзім жақсы білемін деп ойлайтын Әділ Ахметовпен емес, шығармашылығын әлі жете тануға толық қауқарым жетпей жүрген Әділ Ахметовпен кездестім. Әсіресе, «Құранның ғажайып құпиясы», «13-пен байланысты тыйымдардың сыры», «Англо-саксондардың түпкі тегі», «Табу және магия», «Майя өркениетіндегі күнтізбелер жүйесі мен сәуегейліктің ғылыми негіздері» сияқты мақалалар оқырманын өзіне баурап әкететіні соншалық, мақаланың ішіне қалай жан-тәніңмен кіріп кеткенінді байқамай қаласың. Аталмыш шығарманың ең соңғы бетіне жеткен кезде «таралымы екі мың дана» деген сөзді оқығанда, көңілім су сепкендей басылды. «Шіркін-ай, қаншама оқырман керемет сарқыттан дәм тата алмай қалатын болды ғой» деп қынжылдым. Әсіресе, ұлы Абайдың: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп айтқанындай, «Құранның ғажайып құпиясы» атты мақалада автор мұсылман әлемінің қасиетті кітабының ішкі құрылымы математика ғылымы тұрғысынан мұқият зерттеліп, нәтижесінде бірде-бір жұмыр басты пендені жайбарақат қалдыра алмайтын ғажайып сырдың шымылдығы ашылғанын керемет айғақтармен дәлелдей білген. Егер де осы мақаланы Құдайдың барына, Құранның шындығына шүбә келтіріп, басқа діннің төңірегінде адасып жүрген кей пенделер оқитын болса, онда олардың райларынан тезірек қайтып, мына он сегіз мың ғаламның әміршісі және жаратушысы – Алланы мойындаудан басқа амалы қалмайтынына шек келтірмеймін. Иә, аталмыш шығарма – өзінің құндылығы және көтеріп отырған салмағы жағынан

кеңінен талдап жазуды талап ететін күрделі тақырып. Сондықтан да оны алдағы күндердің, яғни келешекте жазылатын мақалалардың еншісіне қалдырғанымыз жөн болар.

Бұл мақалада біз тілші-ғалым және үлкен парасат иесі Әділ Ахметов жайлы өзіміз куә болған жайттарды ғана тілге тиек еттік. Ал мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат әрі сенатор Әділ Ахметов жайлы айтар болсақ, ол – әрине, ауқымы бөлек тақырып. Ондай тақырыпқа біз емес, Әділ Құрманжанұлының деңгейіндегі қайраткерлер мен ғалымдар қалам тербей жатар деп ойлаймын. Себебі қаламсабыңды шамаңа қарай көтере білу ғана әркімнің өз деңгейіне жарасатын этикет пен қағидат екені даусыз. Солай десек те бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты ретінде Әділ Құрманжанұлының көтеріп жүрген жүгі аз емес. Әсіресе, еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына торағалық еткен жылдары атқарған жұмыстары жөнінде көп нәрсені тілге тиек етуге болады. Олай дейтінім, көпшілік аталмыш ұйымның не екенін дұрыс түсінбей, онда торағалық ету дегеніңіз біздің елімізге не беретіні және оның халықаралық маңызы жөнінде әңгіме қозғалған кезде, бұл мәселеге алғашқылардың бірі болып атсалысып, теледидардан түсініктеме беріп, баспасөз беттерінде тұшымды мақалалар жазған екі-ақ депутатты білемін. Олар – Қуаныш Сұлтанов пен Әділ Ахметов. Сонымен қатар «Елдестіркем – елшіден» демекші, Әділ Құрманжанұлы көршілес қырғыз еліндегі төңкеріс кезіндегі қиын кезеңде де арағайыншылық миссиясын абыроймен атқарған азаматтарымыздың бірі екенін айта кеткеннің артығы жоқ шығар деп ойлаймын.

Иә, кез келген адамның өзі бір жұмбақ әлем. Кей адамдардың жанында тонның ішкі бауындай бірнеше жыл бірге араласып-құраласып жүрсең де, олардың бойынан өзіңді тәңті қылатындай керемет қасиет байқамауың мүмкін. Ал кей адамдар бір көргенде өзіне тартып, жан дүниенді жібітіп, қоңіліңе нұр сеуіп тұрады. Әрине, біздің кейіпкеріміз осы айтқандарымыздың екіншілерінің

қатарына жатады. Олай дейтінім, Әділ ағаны таныған сегіз жылдан аса уақыт ішінде ұялы телефонмен жиі хабарласқанымыз болмаса, бетпе-бет бес-алты мәрте ғана жүз көрістік. Әсіресе, баспасөз беттерінде арагідік жарық көріп жататын мақалаларыма телефон арқылы ағалық ықыласын білдіріп, көңілімді бір марқайтып тастайтын Әділ Құрманжанұлының рухани пейілінің орны тіпті бөлек. Ал кездескен жерде «Ой, айналайын бауырым» деген бірауыз жылы сөзі мен бауырына тарта құшақтағанының өзі бізге үлкен мәртебе. Мен бұрын «шынайы рухани сыйластық» деген сөздердің астарына терең үніле бермейтінмін. Сөйтсем, ол дегеніңіз – адамдардың бір-біріне деген адал ниеті, шынайы тілектестігі және жан сарайын жақсы атаулымен толтыруға асығып тұратын періште пейілі екен ғой...

23.05.2011 жыл

ТАУ БАСЫН БҰЛТ БАССА ДА, КІР ШАЛМАЙДЫ

2006 жылдың қыркүйек айында «Сарыағаш» шипажайына демалуға барған едім. Оңтүстікте СПИД-тің айқай-шуы басылмай, облыстың бұрынғы әкімі Б. Жылқышиевтің қызметінен босап, жаңа басшылық келіп жатқан уақыт болатын. Бұрынғы облыс әкімінің облыс экономикасын өркендетуге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға сіңірген еңбегі аз болмаса да, біраз газеттер оны сыртынан даттап, небір қаңқу сөздерді көпіртіп жатыр екен. Тіпті бір газет бүкіл бір санын түгелдей Б. Жылқышиевті қаралауға арнапты. Мен іштей қынжылып қалдым. «Неге осы біздің қазақ адамның қолында билігі барда мадақтайды, мақтайды, ал қызметінен кеткен соң артынан топырақ шашып, ит қосып қиқулатқанға құмармыз?» – дедім жанымдағы жергілікті жердің сол өңірге белгілі азаматы, полиция полковнигі, марқұм Әбдіғаппар Серікбаевқа.

– Дұрыс айтасыз, – деді ол да қынжылып. – Адамды біржақты қараламай, сіңірген еңбегін де ескеру азаматтық парыз ғой... Бірақ, шынымды айтсам, осы біздің облысқа

басшы болып келген әкімдердің ішінде артынан бірауыз жаман сөз ермей, абыроймен кеткен әкіміміз Бердібек Сапарбаев қана, – деді көңілдегісін жайып салып. – Себебі Бердібек Мәшбекұлы облысқа әкім болып келгенде, халық еңбекақылары мен зейнетақыларын уақытында ала алмай, тұрғын үйлерде не көгілдір отын жоқ, не жарық жоқ, қиын кезең болатын. Азғана уақыт ішінде халықты осы бір тығырықтан шығара білді, облыс экономикасын дамытты, елдің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар Бердібек Мәшбекұлы – біреудің сыртынан жаман сөз айтпайтын адам. Мысалы, ол кезінде Оңтүстік Қазақстан облысын бірнеше жыл басқарған, тергеу изоляторының тар қапасында жатып, қаншама зорлық пен қорлық көрсе де, Д. А. Қонаев ағамызға бірауыз тіл тигізбеген марқұм Асанбай Асқаровқа ерекше құрметпен қарап, көзі тірісінде ол кісіге Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы атағын алып берді. Осы жағдайдың өзі-ақ адамның өресі мен мәдениетін және ақыл-парасатын көрсетпей ме...

Әбдіғаппар досымның аузынан осы сөздерді естігенде, өзім де біраз ойланып қалдым. Себебі Бердібек Мәшбекұлы Кеден комитетін үш жарым жылға жуық уақыт басқарды, көп еңбек сіңірді. Қазақстан кеденінің жұмыс процестерін халықаралық стандарттарға сай етіп көтерді, бүкіл әлемге таныта білді. Бірақ ол кісінің маңдай терінің өтемі ретінде баспасөз беттерінде толыққанды тұшымды пікір білдірілген жоқ. «Неге бұлай?» Міне, менің қолыма қалам алуыма осы ой түрткі болды.

Менің Бердібек Мәшбекұлымен танысуым өте қызық жағдайда өтті. 2002 жылдың тамыз айының аяғында Кеден комитеті жеке агенттік ретінде құрылып, оған төраға болып Б. Сапарбаев тағайындалды. Кезінде екі облысты бірдей басқарған, тәжірибесі мол, сонымен қатар ел алдында үлкен беделі бар адамның біздің салаға басшы болып келгеніне қатты қуандық. Себебі Кеден комитетін басқару үшін барлық жерде сөзі өтетін, беделі жүретін және кез келген уақытта дербес шешім қабылдай алатын адамның болғаны дұрыс қой, әрине. Мен ол кезде

Шығыс Қазақстан облысында «Бакты» кеденінің бастығы қызметінде болатынмын. Қыркүйек айының басында кеден органдарының басшылары агенттікке шақырылып, жеке-жеке жаңа төрағаның қабылдауында болдық. Кабинетіне кірген бетімде орнынан тұрып жылы амандасып, өзіне қарсы орындыққа жайғасуымды ұсынды. Үлкен басымен алғаш көрген адамды жылы қабылдап, орнынан тұрып амандасуынан-ақ көпті көрген, мәдениетті адам екені бірден байқалып тұрды. Алдында менің еңбек жолым жазылған өмірбаяным жатыр екен. Сөзді өзі бастады. «Сен қарағым, қатардағы кеденшіден кеден бастығына дейін көтеріліпсің. Бұл жақсы, – деді. – Ал енді жұмыс көрсеткіштеріңді қарайық. Иә, көрсеткіштерің жақсы екен, мен келгеннен кейін мына көрсеткіштер төмендеп кетпесін», – деп сөзін аяқтады. Мен «Сеніміңізді ақтаймын» дедім. Қабылдаудан көңілім көтеріліп шықты.

Қызмет орныма қайта келіп, жұмысымды жалғастыра бердім. Көп ұзамай Шығыс Қазақстан облыстық кеден басқармасының сол кездегі бастығы Ерікжан Абдрахманов телефон шалып, «Бакты» кедені мен «Майқапшағай» кеденінен транзит режимінде ресімделген жүктердің тиісті орнына жетпей жатқаны жөнінде, шекарадағы Ресей кедендерімен салыстыру нәтижесінде көптеген сәйкессіздіктер шығып жатқанын айтып, өз тарапымнан бақылауды күшейтуді тапсырды. Тез арада бүкіл өткізу-қабылдау актілерін тексеруді қолға алдым. Ерінбей отырып бүкіл актілерді өзім қарап шықтым. Қарасам, бәрі дұрыс. Тиісті технологиялық схема бойынша транзит режиміндегі жүктер тиісті кедендер мен кеден бекеттеріне тапсырылған. Ал ары қарай Ресей шекарасына дейін жеткізу біздің міндет емес. Сонымен қатар тауарларды жеткізуді бақылау бөлімінің мәліметтері бойынша тиісті орындарына жеткізілмей қалған транзит режиміндегі тауарлар жөнінде мәлімет жоқ екен. Содан кейін облыстық кеден басқармасының бастығы Е. Абдрахмановқа «жалған транзит» фактілеріне «Бакты» кедені қызметкерлерінің ешқандай қатысы жоқ екенін баяндадым. Облыста Е. Абдрахмановтың басшылық жаса-

уымен «жалған транзит» фактілерін әшкерелеу мәселелері бойынша жедел тексеру тобы құрылып, жұмысты бастап кетті.

Сол жылы 12 қазанда тоғыз айдың қорытындысы бойынша Астанада алқа мәжілісі өтті. Алқа мәжілісіне көңілім көтеріліп, үлкен дайындықпен бардым. Себебі көрсеткіштеріміз мақтанарлықтай еді. Тоғыз айда жоспарлы тапсырма 106,5 пайызға орындалды. Кедендік төлемдердің өсуі 600 пайызды құрады. Әр жүк көлігінен алынатын кедендік төлемдер мен салықтар 1 миллион 201 мың тенгеге жеткізілсе, алым коэффициенті 54 пайызға көтерілді. Сонымен қатар кеден саласындағы құқықбұзушылықты әшкерелеуге қарсы күрестегі көрсеткіштеріміз де өте жоғары болатын. Яғни, айына орта есеппен 3 миллион 700 мың ғана кедендік төлемдер беретін «Бақты» кедені айына 20 миллион теңгеден артық кіріс беретін кеденге көтерілді. Бұрын әр жүк көлігінен алынатын кедендік төлемдер мен салықтар орта есеппен 80–100 мың теңгені ғана құраса, бұл көрсеткіш 1 миллион 200 мың теңгеден асып кетті. Мұндай көрсеткіштер «Бақты» кеденінің тарихында бұған дейін болмаған еді. Бұл – әрине, жалғыз менің емес, ұжымның еңбегі. Сондықтан да қолыма жұмыста жақсы жетістіктерге қол жеткізген қызметкерімді марапаттау жөнінде төрағаның атына жазған мәлімдемем де бар болатын. Өкінішке қарай, сол алқа жиынына алғыс естимін деп барған басым бәрі керісінше болып, қызметіммен қош айтыстым. Себеп – ешбір тексеру қорытындысы шығарылмай жатып, мені «жалған транзитке» қатысы бар деген желеу болды. «Майқапшағай» кеденінің бұрынғы бастығы Б. Смағұлов екеуімізді қызметтен босату жөнінде бұйрық оқылған кезде сол кездегі Шығыс Қазақстан облыстық кеден басқармасының бастығы Е.Абдрахманов орнынан атып тұрып:

– Тораға мырза, мен сіздің бұндай кадрлық саясатыңызбен және мына жігіттерді қызметтен босату жөніндегі шешіміңізбен келіспеймін. Бұлардың жұмысты жақсы жолға қойғаннан басқа не жазығы бар? Сондықтан да бүгін мен де сіздің атыңызға мәлімдеме жазып, кеден органынан кетемін, – деді. Зал сілтідей тынды. Әрине, атышулы «Қорғас» ке-

деінде небір мықтылармен айкасканда сағы сынбай, беті қайтпаған және әскери борышын Ауғанстанда өтеген Е. Абдрахмановтың мынадай ерекше мінез танытуы залда отырған талайларды таңғалдырды. Төрағаға қарсы сөйлемек түгілі, көлеңкесінен қорқатын кейбіреулер үшін төбеден жай түскендей әсер еткені де сөзсіз. Ал Ерікжан Абдрахмановтың осындай мінез танытуының себебі «жалған транзит» фактілерін тексеруді өзі бастап, нәтижесінде оған еш қатысымыз болмаған біздің құрбан болуымыз оның жанына қатты батса керек.

Жиналыс біткен соң Ерікжан Абдрахмановтың жанына келіп:

– Ереке, бізге араша түскеніңізге рақмет. Бірақ бекер істедіңіз. Біз кеттік, жарайды. Бірақ сіздің қалғаныңыз жөн еді. Мына сөзіңізден кейін сізді де орныңызда қалдыра қоймас, – дедім. Екеуіміздің де жан дүниеміз алай-дүлей күйге түсіп, абыржып тұрдық. Сол кездегі көңіл күйімізді ешбір жауыма тілемес едім.

Ұнжырғам түсіп, үйге қайттым. Осымен менің мансабыма нүкте қойылды, келенде он жылдан астам істеген қызметім доғарылған шығар деп ойладым. Осындайда құлазыған көңіліңді жұбататын, санаңдағы сілкіністі басатын және кеудеңдегі бықсып келе жатқан отқа су шашқандай әсер ететін бір жылы сөз жетпей тұрады екен адамға. Астанадан сол кездегі Алматы облыстық кедендік бақылау басқармасының бастығы, марқұм Ерғали Мамыров екеуіміз ұшаққа бірге отырдық. Менің зіл басқан көңілімді түсінген ол жол бойы ағалық ақылын айтып келді. «Сен ештеңеден саспа, – деді ол көңілімді жұбатып. – Төрағамен өзім сөйлесің, сені өзіме жақсы бір қызметке шақырамын» – деді. Айтқандай-ақ, арада үш-төрт күн өткенде Ерғали Мамыров марқұм телефон шалып, төрағаның атына мені «Қалжат» кедені бастығының орынбасарлығына тағайындау жөнінде кепілдеме жібергенін айтты. Сол кезде ауылдан шеңем қатты ауырып жатыр деген хабар келді.

Шешемнің жанында біраз күн отырдым. Беті бері қараған бір сәтінде: «Балам-ау, жұмысыңнан іздеп қалмай ма?» –

деді. Өзі қиналып жатқанда өзімнің жұмыссыз қалғанымды айтып, жаралы жанына тұз сепкім келмеді. «Жұмыс сізден артық емес қой, ол ешқайда қашпайды» – дедім.

«Қырсық – қырық ағайынды» деген рас-ау. Жығылғанға жұдырық болғандай, көп ұзамай шешем дүние салды. Шешемнің жетісін өткізіп, Жаңа жыл қарсаңында Алматыға келген күні Ерғали Мамыров досым қайғылы жағдайға ұшырады дегенді естігенде, төбемнен жай түскендей есенгіреп қалдым. Ақ сүтін емізген анамнан айырылып, қиын жағдайда қолтықтан демеп, қамқор қолын созған досымның қайғылы жағдайға ұшырауы маған тағы бір үлкен соққы болып тиді. Жан жүрегімді езіп, кеудемді қақырата соққан аласапыран дауылды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Өмірімде бірінші рет осылай қатты налыған шығармын.

Біраз уақыт қызметсіз жүрдім. Ол күндерім үшін де тағдырыма өкпе айта алмаймын. Себебі қайығым қайранда қалып, шерменде күй кешіп жүргенде нағыз жолдас пен есепшіл жолдастың аражігі ашылып қалды. Сол арқылы өмірдің ащысы мен тұщысының біраз дәмін таттым, оным мен солымды таныдым, сондай-ақ өзімнің жіберген қателіктерімді де ой таразысынан өткіздім. Осылайша, биігіне шықсаң сүйіндіретін, өзегіне түссең күйіндіретін өмірдің мен үшін де бір үлкен сабағы болды, көп нәрсеге көзім ашылды.

Арагідік Ерікжан Абдрахмановқа телефон шалып, хабарласып тұрдым. Шынын айтсам, оны қызметінде көп отырады деп ойлаған жоқпын. Алқа жиынындағы төрағаға қарсы сөйлеген сөзінен кейін кез келген басшы өзіне қарсы шыққан адамды қайдан жақсы көрсін. Тырнақ астынан кір іздеген адам болса қайта-қайта тексеру жіберіп, әйтеуір бір ілік табатын еді ғой. Сөйтсем, мен қателесіппін. 2003 жылдың қазан айында кеден саласында қайта құрулар жүріп, кеден басқармаларының мәртебелері кедендік бақылау департаменті болып өзгертілді. Қызметтік тексеру қорытындысы бойынша менің «жалған транзит» фактілеріне ешқандай қатысым жоқ болып шықты. Бір күні Ерікжан Абдрахманов телефон шалып, өзінің мені кедендік

бақылауды ұйымдастыру басқармасына бастық болып келу мәселесін кедендік бақылау агенттігінің торағасы Б. Сапарбаевпен келіскені жөнінде айтты. Бұл ұсынысқа келісімді бердім. Бірақ сонда да болса көкейімнен Ерекен мен Бердібек Мәшбекұлының арақатынасы қалай екен деген ой әлі кетпей жүрді.

2004 жылдың жазында Бердібек Мәшбекұлы іссапармен Шығыс Қазақстан облыстық кедендік бақылау департаментіне келді. Алдын ала қалай болады екен деп қобалжығанымыз да жасырын емес. Тіпті «Сапарбаев Абдрахмановты орнынан алып тастайды екен» деген қауесеттер де тарап кетті. Сөйтсек, біз қатты қателесіппіз. Келген бетте департамент ұжымымен және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен кездесу өткізді. Бердібек Мәшбекұлының көңіліне зіл сақтамай, Ерікжан Абдрахмановтың басқаруындағы ұжымның жұмысына әділ баға беріп, бәріне түсіністікпен қарағанына таңғалдым. Себебі, Ерікжан Абдрахмановтың артында тіреп тұрған «көкесі» жоқ, өзінің еңбекқорлығымен, қағидатшылдығымен көтерілген, сондай-ақ бар нәрсені бетке айтар өжет азамат екенін жақсы білемін. Әңгіме арасында Бердібек Мәшбекұлы Ерікжан Абдрахмановқа: «Бір жолдасым сен туралы «Асау құлыннан жақсы ат шығады» деген еді. Сондықтан да саған кек сақтамаймын. Өзінің көзқарасын дәлелдей білетін, қарамағындағы қызметкерлерін қорғай алатын және таржерде жолдасын тастап қашпайтын азаматтарды сыйлаймын», – деген екен. Сол іссапарда Бердібек Мәшбекұлы менімен де оңаша әңгімелесті. Сөз арасында: «Айналайын, 2002 жылы бір ыңғайсыз жағдай болды, сен оған ренжіме. Әлі уақыт алда ғой. Жақын арада өзім бір жақсы қызмет ұсынамын», – деді. Мына сөзді естігенде таң-тамаша қалдым. Бір-ақ сәтте көзқарасым өзгеріп шыға келді. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген осы ғой. Сол күні Ерекен екеуіміздің үстімізді басқан ауыр жүк бір сәтте сыпырылып түсті.

Өмір болған соң ізгілік пен арамдық, адалдық пен сатқындық, жағымпаздық пен жарамсақтық қатар жүреді.

Негізінен, дүниенің бәрін бетіңе жақсы сөйлеп, артыңнан топырақ шашатын екіжүзділер құртады. Бердібек Мәшбекұлының да өмір жолында жанына жақын жүріп, ұпай жинап, кейіннен төбесін корсетпей кеткендер аз болмаған шығар деп ойлаймын. Сондықтан да болар, ол Ерікжанның мінезіндегі жігіттік қасиеттерді жақсы бағалай білді. Және де жұмыс барысында Ерекене: «Сен осы ойыңды жағымпазданбай тура айтасың, сол себепті мына мәселеге байланысты не ақыл қосасың?» – деп кеңесін отырған кездері де болды.

Шынымен-ақ, көп ұзамай Бердібек Мәшбекұлы сөзі мен ісінде алшақтық жоқ және жұмыс істей алатын мамандарды бағалай білетін көреген басшы екендігін бірнеше мәрте дәлелдеді. Мысалы, Ерікжан Абдрахманов «Қорғас» кеденінде басын өлімге тіккенмен бірдей қиындықты көре отырып, тәртіп орнатып, «көлеңкелі экономикаға» кетіп жатқан миллиардтарды шығарған кезде, оның еңбегі сол кезде Премьер-министрдің Алғыс хатымен ғана бағаланған еді. Кейіннен Бердібек Мәшбекұлының ұсынысымен ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен II дәрежелі «Айбын» орденімен, «Семей» кеденінің бұрынғы бастығы Қ. Бөкішев «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ал біз болсақ Қазақстан Республикасы Конституциясының он жылдық мерейтойлық медалімен марапатталдық. Маған екі мәрте жоғары лауазымды қызмет ұсынды. Алайда мен отбасы жағдайыма байланысты және үйреніп қалған ортадан алыстап кеткім келмеді. Сөйтіп, жарты жылдан кейін «Семей» кедені бастығының орынбасары болып ауыстым. Сонымен қатар Бердібек Мәшбекұлының ағалық қамқорлығының және тікелей көмегінің нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысында бүгінгі күн талабына сай «Ауыл» және «Уба» бірыңғай бақылау-өткізу пункттері салынды. Аталмыш кеден бекеттерінің жанында көршілес орналасқан Ресей кеден бекеттерінің ғимараттары мыжырайған там сияқты көзге ілінбей қалды. Әуелі Сібір кеден басқармасының бастығы «Ауыл» бірыңғай тексеру-өткізу пунктінің салтанатты ашылу рәсіміне келген кезде таңданысын жасыра алмай, «Бұл дегеніңіз кеден бекеті емес,

кеден сарайы ғой» деп баға берді. Бұл кедендік шекарадан алғаш өткен басқа ел азаматтары үшін біздің еліміздің қандай дәрежеде қарыштап, дамып келе жатқанының айқын айғағы іспеттес. Егер «Семей» кедені бұрын қаланың шетіндегі екі қабатты әбден тозығы жеткен ескі ғимаратта орналасқан болса, бүгінгі таңда Бердібек Мәшбекұлының ықпалымен қаланың дәл ортасындағы көрікті жерден орын тепкен төрт қабатты ғимаратқа ауысты. Оны бүгінгі күн талабына сай күрделі жөндеуден өткізуге де қыруар қаржы бөлінді, кеденшілердің кедергісіз жұмыс істеуі үшін барлық жағдай жасалды. Әрине, бұл бір ғана мысал. Бердібек Мәшбекұлының басқаруы кезінде республика бойынша қаншама кедендік терминалдар мен бірыңғай бақылау-өткізу пункттері, кеден бекеттері бой көтерді, кеденшілерге арналып қаншама қызметтік үйлер салынды. Ол – бөлек әңгіме.

Шығыс Қазақстан облыстық кедендік бақылау департаментінде сол кездегі департамент бастығы Е. Абдрахмановтың басшылық етуімен педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф. Ш. Оразбаева, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ш. Қ. Құрманбаева және аталмыш департаменттің ұйымдастыру және бақылау жұмыстары бөлімінің бас маманы Г. Қ. Байқадамова «Қазақ тілі. Кеден органдарында мемлекеттік тілді тереңдетіп оқыту құралы» атты оқу-әдістемелік кітабын дайындады. Кітаптың нұсқасы дайын болған кезде авторлар маған оқу құралының мазмұнымен танысып, пікір айтуымды өтінді. Кітапты қарап шықтым. Айтары жоқ, кітап керемет сауатты дайындалған екен. Кітапқа алғы сөзді Б. Сапарбаев жазды. Алғы сөздің ең соңғы абзацын «Әрбір қазақ азаматы өз ана тілін қадірлеуі тиіс» деп өте әдемі түйіндепті. Ендігі мәселе сол кітапты шығарудағы қаржыға келін тірелді. Ол жөнінде Б. Сапарбаевқа бірауыз сөз айтпадық. Айтқан жағдайда сөзге келместен мәселенің шешілетінін білеміз. Тек онсыз да жұмысы басынан асып жатқан басшымызға салмақ салмай, өзіміз шешуге тырыстық. Мен кітаптың қолжазба нұсқасын көтеріп, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат

министрлігі Тіл комитетінің сол кездегі төрағасы, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ тілінің үлкен жанашыры және өзімнің үзегілес жолдасым Бауыржан Омаровқа бардым. Кітапты қарап шыққан ол бірден оңды шешімге келін, «Мынау керемет дайындалған дүние екен. Бердібек Мәшбекұлының талай ағалық қамқорлығын көріп едім. Саспай-ақ қой, кітапты шығарудағы қаржы мәселесін өзіміз шешеміз», – деп кітапты алып қалды. Көп ұзамай кітап мемлекеттік тапсырыспен жарыққа шығып, кеденші оқырмандар тарапынан тиісті бағасын алды. Мемлекет басшысының өзі бастап қазақ тіліне баса назар аударып, кеден саласы мемлекеттік тілге көше бастаған қазіргі уақытта бұл әдістемелік оқу құралы аса құнды дүние болып есептеледі.

Бердібек Мәшбекұлы қазақ тілі мен өнерінің ғана емес, қазақ баспасөзінің де үлкен жанашыры болды. Республикадағы бүкіл ақпарат құралдарының басшылары мен газет-журналдардың редакторлары ол кісіні өте қатты сыйлады. Сондықтан да баспасөз бетінде кеденнің жағымды келбетін қалыптастыру жөнінде жазылған материалдар аз болған жоқ. Сонымен қатар қазақ тілінде шығатын басылымдарға кеденшілер арасында жаппай жазылу Бердібек Мәшбекұлының басшылығы кезінде жақсы үрдіске айналды. Мысалы, 2000–2002 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық кедендік бақылау департаменті мен оған бағынышты кедендер бойынша «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Жас Алаш» және басқа да қазақ тіліндегі газет-журналдарға жазылу 10–15 данадан көтерілмесе, 2003–2005 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 100-ден асып кетті. Сондай-ақ «Жас қазақ» және «Айқын» газеттеріне көптеп жазылу мәселесі де назардан тыс қалмады. Қазақтың белгілі ақын-жазушыларының шығармаларын оқырмандар арасына таратуға атсалысты, қол ұшын берді. Бұл дегеніңіз, белгілі ақын Қадыр Мырза Әлінің «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегені сияқты, Бердібек Мәшбекұлының қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында туып-өскендігінің, сондай-ақ тұла бойына ана сүтімен дарыған өз тілі мен салт-дәстүріне

деген құрметінің және ұлттың болашағына деген үлкен жауапкершілігінің белгісі болса керек.

Бір адамның іскерлігі мен беделі бір салаға үлкен әсер ететіні сөзсіз. 2005 жылдың ақпан айында Парламентте Кеден кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу мәселесімен Бердібек Санарбаев депутаттар алдына шығып сөз сөйледі. Заманымыз алға дамыған сайын, заңдарымыз да кезек күттірмей өзгертулерді талап етеді. Бұл да оңай шаруа емес. Депутаттар бастығымызға білдірген ерекше құрмет ретінде Кеден кодексіне енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды еш талқылаусыз, бірауыздан қабылдады. Сол кезде теледидар көріп отырып, қуанғаннан төбем көкке сәл жетпей қалды. Жанымда өзіммен қатар теледидар көріп отырған басқа салада қызмет істейтін жолдасым «Бастықтарыңның беделі қандай керемет!» деп таңданысын байқатты.

Бүгінгі күні еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болудың табалдырығында тұр және дүниежүзіндегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену үшін айтулы жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл шаралар сыртқы экономикалық қызметті дамыту барысында шешуші рөл атқаратын және республикалық бюджетке 30 пайыздан аса кіріс түсіретін кедендік тарифтік саясатты айналып өтпейді, әрине. Осы орайда қазіргі уақытта Қазақстан кеденінің беделі ТМД елдері төңірегінде ғана емес, бүкіл әлемге белгілі. Оған дәлел, 2005 жылдың қаңтар айында Алматы қаласында елімізде тұңғыш рет 47 мемлекеттің кеден саласының, Дүниежүзілік кеден ұйымы мен Еуропалық Одақтың және ЕурАзЭК басшыларының қатысуымен халықаралық конференция өтті. Бұған қоса сол жылдың маусым айында Қазақстан Брюссель қаласында өткен жиында Дүниежүзілік кеден ұйымының саяси комиссиясының мүшелігіне қабылданды. Саяси комиссияның мүшесі ретінде бұрынғы ТМД және Балтық жағалауы елдерінің мүдделерін қорғайды. Егер де саяси комиссия мүшелігіне Дүниежүзілік кеден ұйымына мүше 190-нан аса мемлекеттің ішінде 23 ел ғана мүше бола алатынын ескерсек, бұл біздің елімізге және

Қазақстан кеденіне көрсетілген үлкен құрмет екені сөзсіз. Сонымен қатар аталмыш конференцияға Дүниежүзілік кеден ұйымының бас хатшысы Мишель Даненің өзі келіп қатысты. Сол сапарында кең-байтақ қазақ жеріне алғаш табан тіреген Мишель Дане Қазақстан кеденінің жұмысына былай деп баға берді: «Кедендік саланы автоматтандыруда, рәсімдеуде, заңдылық базаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруде Қазақстан алдыңғы қатардағылардың бірі болып есептеледі». Әуелі, кеден комитетінің кинологиялық орталығын аралап көрген кезде ол таңданысын жасыра алмағаны соншалық: «Мына жерде ұсталатын иттер қандай бақытты!» – депті. Және де сол жолы Қазақстан Республикасы Кеден комитеті және әлемдік кеден ұйымы басшылары «Өзара түсіністік меморандумына» қол қойды. Қол қойылған меморандум бойынша кеден комитетінің кинологиялық орталығына әлемдік кеден ұйымы жанынан Орталық Азия аймағындағы аймақтық орталық мәртебесі берілді. Міне, көпті көрген, өркениет үрдісіне сай дамыған талай елді аралаған халықаралық ұйымның басшысын жай нәрсемен таңдандыру мүмкін емес. Осындай халықаралық дәрежедегі айтулы шараларды ұйымдастыру барысында қол жеткен жетістіктеріміз және сол арқылы Қазақстан кеденінің бүкіл әлемге танылуы – Бердібек Мәшбекұлының мұрындық болуының негізінде жүзеге асқаны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы кеден органдарының құрылғанына 20 жылдан астам ғана уақыт өтті. Осы қамшының сабындай ғана қысқа уақыт ішінде кеден комитетін басқарған бірде-бір басшы жөнінде жаман сөз айта алмаймын. Олардың әрқайсысы еліміздің өркендеу сатысының әр кезеңінде еңбек етті, өз шамашарқыларынша кеден саласын өркендетуге үлес қосты. Мысалы, кеден комитетінің бірінші төрағасы, генерал-лейтенант Н. Тілемісов Кеңес өкіметі тарап, астан-кестен болып жатқан қиын уақытта кеденнің алғашқы іргетасын қалады. Генерал-майор Ғ. Қасымов кеден бекеттерінің нақтылы шекарасын белгілеп, кеден жүйесінің материалдық-техникалық жағдайының жақсаруына, кеденшілердің тиісті

үлгідегі киімдермен қамтамасыз етілуіне зор еңбек сіңірді. Генерал-майор М. Нүкенов құқық қорғау органының кәсіби қызметкері болғандықтан, кеден саласында құқықтық базаны, кинологиялық қызметті нығайтуға күш салып, бірнеше кедендік терминалдар салдырды, кедендік тексерудің техникалық құралдарымен қамтамасыз етті және кеден жүйесінің жұмысын автоматтандыруды алғашқылардың бірі болып енгізді. Кіріс министрі қызметімен қоса жеті айға жуық уақытша кеден комитетінің төрағасы міндетін атқарған З. Кәкімжанов өзінің батылдығымен, қара қылды қас қарар адалдығымен және алған бетінен қайтпайтын табандылығымен Қытаймен шекарада орналасқан кедендерде бұрын-соңды болып көрмеген темірдей тәртіп орнатты, «көлеңкелі экономикаға» кетіп жатқан миллиардтарды шығарып, мемлекет қазынасына құйды. Осы орайда үш жарым жылға жуық уақыт кеден саласын басқарған Б. Сапарбаев «бұл салаға қандай еңбек сіңірді?» деген заңды сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беретін болсақ, біріншіден, Бердібек Мәшбекұлының келуімен қатар көптен асыға күткен және халықаралық конвенциялар мен басқа да құжаттардың нормалары ескерілген Кеден кодексі Парламентте үлкен талқылаудан өтіп барып қабылданды. Сонымен қатар Кодексте Қазақстан Республикасының негізгі сауда серіктестіктері мемлекеттерінің (ЕурАзЭК, ТМД, ЕО және т.б.) кеден заңнамаларының тәжірибесіне негізделген ережелер көрініс тапты. Кеден органдарын 2004–2006 жылдары дамыту жөнінде үкіметтік бағдарлама қабылданып, оны жүзеге асыруға бірнеше миллиард теңге бөлінді. 2003–2005 жылдары ғана кеден органдарының инфрақұрылымын жақсарту мақсатында 11 миллиард 144 миллион теңгеден астам қаржы игеріліп, елуден астам нысан бой көтерді, 7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Архитектуралық ансамбль деуге лайық және бүгінгі күн талабына сай барлық қажетті жағдайлар қамтамасыз етілген қаншама кедендік терминалдар мен бірыңғай бақылау-өткізу пункттері, кеден бекеттері салынды. Электронды үкімет құру бағдарламасына сәйкес

бүгінгі күннің талабына сай ақпараттық орталық іске қосылып, электрондық кеден құру мәселесінің негізі жасалды, кедендегі барлық жұмыс процестері түгелге жуық автоматтандырылды және сыртқы экономикалық қызметпен айналысушыларға үлкен жеңілдік жасау мақсатында «WEB-декларант» бағдарламасы дүниеге келді, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуде барлық департаменттер мен кедендерде, сондай-ақ тауар айналымы көп кеден бекеттерінде қолма-қол есеп айырысудың пост терминалдары ашылып, пластикалық карточкалары енгізілді. Шекарада қоныс тепкен халықаралық статусы бар көптеген кедендер мен бірыңғай бақылау өткізу пункттеріне, кеден бекеттеріне құны бірнеше миллион доллар тұратын бөлінгіш және радиоактивті материалдарды анықтайтын стационарлық «Янтарь-1А», «1П», «1Ж» жүйесі, сонымен қатар инспекциялық тексеру кешендері, тауарларды жеткізуді автоматты түрде бақылау және автокөлік пен темір жол көлігін сканерлік әдіспен тексеріп қарау рентгендік қондырғылары орнатылды. Аталмыш техникалық кешендерді қолдану арқылы тауарларды кедендік тексеруге кететін уақыт бірнеше есеге қысқарып, контрабандалық әрекеттерге тосқауыл қоюға үлкен мүмкіндік берді. Бұндай қондырғылар тіпті кейбір дамыған елдердің кедендерінде жоқ. Бұған қоса кеден тарихында бірінші рет «халықаралық кеден көрмесі» ұйымдастырылды, кеден саласындағы жұмыс процестері «бір аялдама» және «бір күнде ресімдеп бітіру» қағидатына көшті. Кедендік шекарадан өтетін жеке тұлғаларды кезек күтіп көп тұрғызбау үшін кедендік тексеру мен рәсімдеуді жеделдету мақсатында кейбір Халықаралық өткізу пункттерінде «кеден дүңгіршектері» орнатылды. Аталмыш «кеден дүңгіршіктері» жолаушының төлқұжатындағы ақпаратты өз бетімен оқиды, жолаушыларға декларациясын өздері толтырмауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бүгінгі күн тәртібіндегі ең маңызды мәселенің бірі – «Қазақстан Республикасы кеден органдарында іс-қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіру туралы» 2005 жылғы 29 наурыздағы № 20 бұйрықпен кеден сала-

сында қадірі кете бастаған ана тіліміз қайта жанданып, тамырына су жүгірді. Жасыратыны жоқ, Бердібек Мәшбекұлының басқаруы кезінде жүзге жуық адам Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша орден және медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Бұл шаралар кеденшілердің жұмысқа деген жігерін жанып, жауапкершілік жүгін күшейтіп қана қоймай, ертеңгі күнге деген сенімін нығайтты. Бүгінгі күні Астанадағы кеден комитеті қоныс тепкен келбетіне сәулеті сай керемет ғимарат та Бердібек Мәшбекұлының беделінің арқасында кеденшілердің еншісіне тигені даусыз. Осындай кең ауқымды көлемде атқарылған істер кеденнің жиырма жылдан астам тарихында болып көрмеген жағдай. Шынын айтқанда, бұрынғы жылдары кеден саласында заман талабына сай елге пайдалы бірдене жасайық, құрылыс салайық десек, қаржының тапшылығынан қолымыз қысқа болып, ойлаған жоспарларымыздың ыңғайы келмей жататын. Ал Бердібек Мәшбекұлының кезінде кеденнің инфрақұрылымын жақсартуға бөлінген қыруар қаржыны уақытында игере алмай, қиналған кездеріміздің болғаны да жасырын емес. Тізе берсем, атқарылған іс те, айтар сөз де көп. Мен тек негізгілеріне ғана тоқталып өттім. Міне, небәрі үш жарым жылға жуық қана кеден саласын басқарған уақытта Бердібек Мәшбекұлының жасап үлгерген ұлағатты істері осындай. Бірінші президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Кеденді нығайту арқылы біз мемлекетті нығайтамыз» деп айтқанындай, бұл дегеніңіз кеденшілер үшін ғана емес, еліміздің өркениетке құлаш ұрған болашағы үшін жасалған қарышты қадам екені сөзсіз.

Өмір – үлкен мектеп болса, қызмет – үлкен мансап. Өмірге адамдар келеді де, кетеді де. Қызмет те сол сияқты. Алайда қаншама ұзақ ғұмыр кешсең де, қандай дәрежедегі лауазымды қызмет істесең де, әркез алдыңнан орағытып шығатын, артыңнан сүйретіліп қалмайтын бір сұрақ бар. Ол «Өмір сүрдің, қызмет істедің. Сонда артыңа қандай тағылымды із қалдырдың?» Әрине, ұлағатың көп болса, мерейіңді өсіретін, жоқ болса, шымбайыңа бататын сұрақ. Бұл сұраққа нақтылы өнегелі тірлігімен және биік адамдық

парасатымен жауап бере алатын адамдардың тұғыры биік, тілеулестері көп болады. Тілеулестері көп адамдар жайлы олардың өздері емес, халық айтады. Осы орайда кейіпкерімізге тілеулес жандардың бірі ретінде өзіміз куә болған жайттар төңірегінде ғана сөз қозғадым және талай ағалық әрі ұстаздық қамқорлығының аясында өмір мектебінен өткен шәкірттік парыз тұрғысынан көңіл толғанысымды шамам келгенше қағаз бетіне түсірдім.

Қай елде болсын, кеден жүйесі өте күрделі сала. Ал күрмеуі қиын күрделі жұмыстың проблемалары да аз болмайды. Қазақстан кедені де жеке отау болып құрылғалы қай төрағаның кезінде болмасын проблемасыз, кемшіліксіз болған емес. Оның өзіндік объективті және субъективті себеп-салдары да жетерлік. Сондықтан да бүкіл бір саланы жалғыз адамның ызыңын шығармай, ауыздықтап ұстауы мүмкін емес. Жасыратыны жоқ, Бердібек Мәшбекұлы кеден комитетінің төрағасы қызметінен ауысқан кезде артынан топырақ шашуға, кара бұлт үйіруге және болмашы кемшіліктерді дабыратып көрсетуге тырысқандар болды. Алайда тау басын бұлт басса да, кір шалмайтыны сияқты, тұлғасы биік және жүрегінде иманы бар азаматтың тұнығын лайлай алмады. Бәріне таразы уақыт қой. Осы орайда, кезінде Бердібек Мәшбекұлының артынан топырақ шашқан пенделердің өзі былыққа белшесінен батып, бас сауғалап кете жаздағанын айта кеткен орынды деп ойлаймын.

Сөз соңында мына бір болған жағдайды айта кетпеске болмайды. Бірде кеденшілер бас қосып отырған жиында өзіміздің сала бойынша әңгіме қозғалды. Сонда жанымда отырған бір жолдасым маған: «Сен неге осы Сапарбаев жөнінде өте жақсы пікірдесің? Кезінде ол сені жазықсыз қызметіңнен алып тастады ғой», – деді. Сол кезде мен: «Бердібек ағаны жеке басымның мүддесі тұрғысынан емес, халыққа, елге сіңірген еңбегі тұрғысынан сыйлаймын», – дедім.

Егер де біз бұл мақаланы Бердібек Мәшбекұлы кеден комитетінің төрағасы, яғни бастығымыз болып жүрген

кезінде жазсақ, ол ниетімізді кейбіреулер мүлде басқаша қабылдап, уілдеген араның ұясындай әңгіменің ішіне кіргізіп жіберетіні сөзсіз. Сондықтан да кеден саласына шөл далаға себелеген жаңбырдай құнар беріп, жүрген жерін гүлдендіре алатын және басқан қадамына шөп шығара білетін азамат жөнінде жүрекжарды лебізімді білдіруге моральдық құқым бар шығар деп ойладым. Өркениет үрдісіне сай дамыған кейбір шетелдерде мемлекеттік дәрежедегі лауазымдағы адамдар қызмет ауыстырған кезде сол адамның суреті өзі қызмет атқарып кеткен кеңсесінде ілулі тұрады екен. Ол адамның сыртынан қандай да болса топырақ шашпайтын көрінеді. Біз де осы дәстүрді жалғастырмақ ниетпен «Семей» кедені орналасқан ғимараттың екінші қабатының көрнекті жеріне кеден саласын басқаруда өз деңгейінде айтарлықтай із қалдырған барлық төрағалар мен «Семей» кеденін басқарған бастықтардың суретін іліп қойдық. Сол суреттерге қараған сайын бір женнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, ауызбірлігіміз ажырамай, иық тіресе қызмет істескен азаматтарды әрдайым ілтипатпен еске алып қоямын.

07.07.2007 жыл

МАНДАЙҒА СЫЙМАЙ КЕТКЕН МҰСТАФА

Қызмет бөлмедегі телефон шыр ете түсті. Көтерсем, бастығым Уәлихан Қалижанұлы. «Тез келіп кетші» деді. Кабинетіне кірген бетте бірден: «Бекен, Мұстафа Өзтүрік келінті. Қазір «Жетісу» қонақүйінде отыр. Жаңа ғана телефонмен сөйлестім. Тез бар да, жақсылап сұхбат дайында. Ертеңгі күнгі нөмірге саламыз. Бұндайда жеделділік танытып, басқа газеттердің алдын орап кетуіміз керек», – деді. Осындай жауапты тапсырманы Уәкеннің маған жүктеп отырғанына қуандым. Дерек таксиге міндім де, айтылған жерге жетін бардым. Жол бойы қоятын сұрақтарымды да ой елегінен өткізіп алдым. Қонақүйдегі Мұстафа орналасқан бөлмеге кірген бетте ескі танысындай орнынан тұрып, құшақ жая қарсы алды. «Қал жақсы ма, бауырым?» – деп

қарулы қолдарымен қапсыра құшақтай алғанда, көңілім елжіреп кетті. Жанында Стамбұлдан бірге еріп келген түрік шәкірті бар екен. Бір көргенде-ақ адамды өзіне тартып алатын сиқыры бар сияқты көрінді маған. «Жас Алаш» газетінен келгенімді естіген соң, ризашылығын жасыра алмады. Себебі республикадағы таралымы ең көп жастар газеті екенінен жақсы хабардар болып шықты. Сонымен қатар бұл газетті шетелдегі қазақ ағайындар да жаздырып алатын көрінеді. Бұл Мұстафаның Қазақстанға үшінші мәрте келуі болатын. Уақыт тығыз болғандықтан, бірден сұхбатқа көшіп кеттік. Бетпе-бет алғаш кездесіп тұрсам да, батыр тұлғасына, мәдениетіне, қазақша тілінің байлығына қарап таңдандым. Елінен жырақ жүріп, кіндік қаны жат жерде тамса да, өзінің ана тілін, халқының әдет-гұрпын, салт-дәстүрін ұмытпаған азаматпен әңгімелесудің өзі мәңгілік ұмытылмас сәт болды. Сөз арасында ол: «Мен өткен жолы атажұртыма келгеннен кейін айықпас бір дертке шалдықтым. Ол – елді сағыну дерті», – деді. Атажұртқа деген сағынышка толы көкіректі жарып шыққан мына сөзді естігенде тұла бойымды белгісіз бір тылсым сезім дір еткізіп, жан дүниемді шарпып өткендей болды. Ата-бабамыздың рухы сіңген қасиетті атамекенге деген ыстық махаббатты бұдан артық сөзбен жеткізе білу мүмкін емес шығар. Мұстафамен сұхбаттасқан екі сағаттан аса уақыт сол сәтте мені әлдеқандай рухани биікке көтеріп тастады. Мен қазақтың маңдайына сыймай кеткен Мұстафа Өзтүрікпен арада болған осы әңгіменің әсерінен көпке дейін арыла алмай жүрдім. Әрине, талай өркениетті елдерді аралаған, Еуропаның мәдениетін бойына сіңірген адамның өз ерекшелігі болады ғой. Газеттің ертеңгі күнгі санында бір бетті алып «Атажұртты сағынып тағы келдім» деген тақырыппен сұхбат жарияланды. Әуелі, газет бетіне түскенде сұхбаттағы кейбір сұрақтар сыймағандықтан, қысқарып кетті. Сұхбатты Мұстафаның аппак кимономен жаттығу үстіндегі арыстанша айбаттанып тұрған суретімен бердік. Аталмыш сурет аты аңызға айналған адамға өз үйлесімін берін тұрды. Осы орайда осыдан 21 жыл бұрынғы (14.06.1991 ж. «Лениншіл жас») тағылымы мол

сол сұхбаттан қысқаша үзінді келтіре кеткенді жөн санадым. Себебі кейінгі жастардың ішінде Мұстафа Өзтүрік есімін білмейтіндер де көбейіп бара жатқан сияқты. Сондықтан да бойына абыройы мен ақылы және айбаты мен қайраты сай азаматты тағы бір еске алып өткеннің артықтығы болмас.

Сұхбаттан үзінді

– Мұсеке, «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» дейді ғой қазақта. Сондықтан да елді сағынған жүрекпен атажұртты ұмытпай, шетелдегі бауырлармен табыстырып, өзіңіз Германияда тұрсаңыз да, Түркия мен Қазақстан арасындағы достық байланыстың дәнекері болып жүрген сіздей азаматты халқыңыз қай уақытта болса да құшақ жая қарсы алады. Осы орайда әңгімемізді Қазақстанға үшінші мәрте келіп отырған сапарыңыздың негізгі мақсатынан бастасақ.

– Мен өткен жылы ата-бабамның ізі жатқан киелі топырақ – Қазақстанға келіп қайтқаннан кейін айықпас дертке шалдықтым. Ол дерт – атажұртты сағыну дерті. Осы жолы да Қазақстандағы әсерлерден арыла алмай, сағыныш шырмауында жүргенімде Қазақстан комсомолының жетекшісі И. Тасмағамбетов шақырту жіберді. Менің бүкіл жол шығынымды, ішкен тамағымды қоса, бәрін өздері көтеріп отыр. Мұндай азаматтарды мен әсте ұмыта аламын ба?

Ал енді елге келудегі мақсатыма тоқталсам, біріншіден – ел-жұртпен қауышып, уақытша болса да сағыныш дертінен айығу. Екіншісі – өткен жылы Алматыға келгенде үлкен ағалардың көмегімен құрған өзімнің таэквондо мектептеріндегі жігіттердің аяқалысын байқау, азғана болса да дәріс беру. Бір сөзбен түйіндесем, Қазақстанда таэквондо өнерін дамытуды алға қойған мақсатым жүзеге асса, арманымның бір тармағы орындалғаны.

– Өткен жылы қазан айында сіз жаныңызға он екі шәкіртіңізді (оның ішінде екеуі қазақ жігіті) және екі шетелдік журналисті ертіп келіп, Алматыда, сондай-ақ Жамбыл, Талдықорған, Жезқазған облыстарында өнер көрсет-

тіңіз. Сонда жаныңыздағы қонақ жігіттер Қазақстаннан қандай әсермен қайтты?

– Оны бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Халқымның дария коңілі мен пейілін олар әсте ұмытпайды. Қоштасарда бәрі көзіне жас алды. Сол кезде кейбір жігіттер қалжыңдап: «Мұстафа, мына жігіттерің мықты ма десек, бос екен ғой», – деді. Ал екі журналист болса, Түркиядағы ең үлкен баспасөздің бірі «Хурриет» пен «Терджуман» газеттеріне күнделікті бір бетін толтырып, жолсапардағы көзбен көргендерін біреуі сегіз нөмірге, екіншісі жеті нөмірге жариялады. Бұл газеттер Түркияның өзінде ғана 500 000 дана, ал Түркиядан шет әлемге тағы да 500 000 таралыммен тарайды. Яғни, қазақ деген халықтың қандай екендігі, республика экономикасы мен мәдениетінің даму барысы және қандай бетбұрыстар болып жатқандығы жөнінде бүкіл әлемге жар салды.

Сонымен қатар президентіміздің бізбен кездесуде айтқан сөздерін суретімен басты. Сол кездесуде Нұрсұлтан ағамыздың Түркия президентін шақырғандығын жазды және де ол «Түркия жұртшылығы мені шақырса, барамын» деген еді. Ал жуырда Түркия президенті Тұрғыт Өзәл Қазақстанға келіп кетті. Осы орайда мен екі елдің арасын жалғауға өзімнің иненің жасуындай болса да үлесімнің бар екеніне қуанамын.

– Ал енді Түркия президентінің Қазақстанға келіп қайту сапарын түркиялық ағайындар қалай қабылдады? Президент өз елінде Қазақстан жайлы әсерлерін баспасөз бетінде, теледидар арқылы қалай бағалады?

– Мен бұл сұрағыңызға президенттің өз сөзімен жауап берейін. Ол Түркия газеттері мен теледидарына берген сұхбатында былай деп айтты: «Мен кандас бауырларыма барып келдім. Ол жердегі кандастарымның басын қосып жатқан президентімізге қайран қалдым. Қазақстандағы бауырларым осындай бір азамат Президентке ие болғандарын олардың ең үлкен бақыты деп санаймын». Президенттің Қазақстанға барып қайтқан сапары шетелдегі шашырап жүрген бауырларымыздың еңсесін бір көтеріп

тастады. Сонымен қатар Стамбұл, Анкара қалаларында өткен Қазақстан күндері де халық көңілінде үлкен әсер қалдырды.

– *Қазақстанға келген сайын жаныңызда еріп жүрген қазақтың қыз-жігіттерінің ішінде кейбіреуі өз ана тілін білмейді. Сондықтан да әңгіме барысында өзіңізге сұрақты орысша қояды. Ал сіз орысша түсінбегендіктен, аудармашыға жүгінуіңізге тура келеді. Сол кезде өзіңіз қандай көңіл күйде боласыз?*

– Мен алты тіл білемін, оның ішінде ең жоғарғы қоятыным – өзімнің ана тілім. Дүниеге келгелі елден жырақ жүрсем де халқымды, ана тілімді сүю арқылы тілім мен дінімді ұмытқан жоқпын. Қазақ теледидарынан алғаш сөйлеген кезде мен өзіме қойылған сұраққа «Тіл жағынан кем екенсіздер» деп өз ренішімді білдіре жауап бердім. Сонымен қатар кейбір қазақ жігіттері алғашында алты тіл білетіндігіме күмән келтірді ме, әйтеуір сұрақты ағылшын, неміс тілдерінде қойды. Ал мен болсам, сол тілде жауап бердім де, ішімнен қынжыла былай ойладым: «Өзге тілді білгенше, бірінші өз тілін неге құрметтемейді?!»

– *Ең үлкен жетістікке жеткен шәкіртіңіз қанша данға ие болды?*

– Төрт данға. Бұл жаман жетістік емес. Себебі бір данға қол жеткізу үшін үш-төрт жыл тынымсыз жаттығу керек.

– *Сіз туралы әңгіме қозғағанда кейбір даулы жағдайлар туып жатады. Ол – сіз мұсылман қауымының ішінде таэквондодан алты дан алған жалғыз адамсыз ба?*

– Өзім әлі күнге дейін мұсылман халқының ішінен таэквондодан алты дан алған адамды кездестірген емеспін. Сондай-ақ Түркия теледидары мен газеттері мені алғаш таныстырғанда түркі халықтарының ішіндегі алты данға қол жеткізген жалғыз адам деп жариялады.

– *Өзіңіздің ұстазыңыз жайлы айта кетсеңіз.*

– Менің ұстазым – корейлік Парк Хе Ман. Ол – он данға ие болған ғажайып бір ерік пен жігердің иесі, ұстаздардың ұстазы. Одан дәріс алған түркі халықтарының ішіндегі жалғыз менмін. Жалпы, таэквондо – Корейның

ұлттық спорты. Сондықтан да өзімді Кореяның спорты мен мәдениетіне қызмет етіп жүрмін деп ойлаймын.

– *Сіз осы атақты қытай спортшысы, шығыс жекпе-жегінің қас шебері, белгілі киноактер Брус Лимен жақсы таныс болды деген сөз рас па?*

– Брус Лимен бірге жаттығу жасаған кездерім болды. Ол жігіттің бойындағы бір ерекшелік – өз ұлтын керемет сүйетіні. Кез келген жерде «Мен қытайлықпын» деп айтатын. Бірде оның маған өз денсаулығына байланысты «кейінгі кезде басым жіні ауырып, мазалап жүр» деген сөзін естігенім бар. Сол бас ауруынан қайтыс болды ғой.

– *Шет жердегі қазақ ағайындар арасында ұлттық салт-дәстүрлердің, діннің сақталуы қалай?*

– Бәрі де өте жақсы сақталған. Мысалы, жұма күні намазға бәрі барады. Ораза кезінде барлығы да ораза ұстайды. Құранды жеті жастан бастап оқытады. Арақ ішіп, бата бермейді. Бейіттің басына өлген кісінің суреті салынбайды. Қыз ұзату, келін түсіру, тағы басқа да салт-дәстүрлеріміз ата-баба заңымен бұлжытпай орындалады. Бізде діннен безгендер жоқ. Сонымен қатар түрік ағайындар өзінің діні мен тіліне, салт-дәстүріне берік қазақтарды сыйлайды. Мысалы, бізде қайын әкесіне, атасына, ағасына келіндер иіліп сәлем береді. Алдын қиып өтпейді. Үлкен адам отырғанда төрге шықпайды т.б. Сондықтан да түріктер қазақтар сияқты өздерінің діні мен салт-дәстүріне берік азаматтарын «қазақтың еркегі» деп айтады. Осындай бағалаудың өзі керемет емес пе!

– *1986 жылы Алматыда болған «Желтоқсан оқиғасы» жөнінде сіз сол кезде естідіңіз бе? Бұл жағдайды шетелдегі ағайындар қалай қабылдады?*

– Желтоқсан оқиғасының болғанын Германиядағы өзім тұратын Мюнхен қаласында естідім. Бұл оқиға бүкіл дүниежүзіндегі түркітілдес ағайындарға қатты әсер етті. Мәскеудің саясатына наразылық білдірген Стамбұлдағы қазақтар ұлттық киім киіп, кеңес консулдығының алдына келін, қара гүл қойды, аза тұтты. Митинг жасады. Митингке түрік ағайындар да тілектес болып қатысты.

– *Түркияда қанша қазақ бар?*

– Сіздің осы сұрағыңызды Қазақстаннан келген делегация мүшелерінің бірі, Түркия мәдениет министрі Намык Кемаль Зайбекке қойғанда, ол былай деп жауап берінті: «Мені қосқанда, алпыс миллион казак бар». Оның бұл сөзі «Біздің бәріміз де бауырмыз» деген жауабы. Мен де дәл осылай жауап беремін. Біз бөлінбей, әрдайым бірлікте болуымыз керек.

– *Ал енді соңғы сұрақ: халқыңызға айтар қандай тілегіңіз бар?*

– Басымызда – Нұр, көңілімізде – Сұлтан болып тұрған ағамыздың қадірін біліп, ол кісімен мақтанып, бірлікте және береке ішінде болайық.

* * *

Мұстафа осылайша елді сөзімен және ісімен өзіне табындыра да білді, сағындыра да білді. Әсіресе, Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында өткізген спорттық көрсетілімге өзімен бірге Түркиядан 12 шәкіртін алып келгені сол кезеңнің азаматтарының есінде мәңгілік сақталып қалды деп ойлаймын. Спорт сарайында ине шаншар орын болған жоқ. Жоғарыдағы сұхбатта айтып откеніміздей, олардың ішінде екеуі казак болатын... Мұстафа шәкірттері сол күні тазквондо өнерінің биік шыңын көрсетіп, көпшілікті өзіне керемет тәнті ете алды. Өкінішке қарай, сол көрсетілім барысында Стамбұлдан келген бір казак шәкірті жаңсақ кетіп, қалың тақтайды аяғымен теуіп, сындыра алмай қойды. Екінші рет бар күшімен ышқына оқталып келіп тепті, тағы да сындыра алмады. Басқа біреу болса бір сәрі, өзіміздің кара көз бауырымыздың мүлт кетуі залда отырған бәріміздің көңілімізді қобалжытып тастады. Үшінші рет оқтала бергенде Мұстафа оны тоқтатып, жалпақ тақтайды өзі қолына алды да, күрзі жұдырығымен бір қойғанда, әлгі аяқтың күшімен тепкенде сынбаған тақтай балтамен шапқандай қак айырылды. Залда отырған бес мыңнан аса жанкүйер орындарынан атып тұрып, ұзақ қол шапалақтап тұрып алды. Осы көріністі сезіммен болмаса, сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сол сәтте

түркі әлемін аузына қаратып жүрген ол нағыз батырдың, Қабанбай батырдың тікелей ұрпағы екенін дәлелдегендей әсер етті бізге. Сонымен қатар Мұстафаның атажұртқа келген сайын заманымыздың біртуар тұлғасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағамыздың үйіне барып, сәлемдесіп шығатындығының өзі оның үлкен парасатты азамат екендігін байкатып жүрді.

Мұстафаның атажұртқа табан тіреуі қазақ жастарының бойына үлкен бір жігер құйды, рух берді. Жер-жерде тазквондо секциялары ашылып, қазақ жастары теледидардан көргені болмаса, онша таныс емес жаңа спорт түріне жаппай бет бұра бастады. Осы сұхбат газетке жарияланғаннан кейін де Мұстафамен үш-төрт мәрте кездестім. Ол содан кейін атажұртқа жиі келетін болды. Сол жылдары Мұстафа тазквондодан шетелдегі халықаралық жарыстарға қазақстандық жастарды өзі бастап апарып жүрді. Азғана уақыт ішінде небір таланттар бой көрсете бастады. Тіпті тазквондоның әліппесін енді бастаған спортшыларды жарысқа апару барысындағы қаржы тапшылығынан кейбір бизнесмендерге өзі өтініш жасап жүргенінің де куәсі болдым. Оның алға қойған арманы мен мақсаты биік болатын. Қазақ жастарының ішінен әлемді мойындатқан тазквондо тарландарын тәрбиелеп шығарсам деген ниеті басым еді. Ол арманы орындалды да. Алайда өзі тәрбиелеген талай тай-құлындардың тұлпар болып, әлемдік додаларда атой салып жүргендерін қайран азаматтың өзінің көрмей кеткені ғана өкінішті.

Біздің қазақта «Қолда бардың қадірі жоқ» деген қанатты сөз бар. Бұл сөз кейде орынды-орынсыз айтыла береді. Бұл қазақ Мұстафаның қадірін білмеді деп көпке топырақ шашудан аулақпын. Қадірін білді. Ел танитын атпалдай азаматтар келген сайын аяғын жерге тигізбей, құшак жая қарсы алып жүрді. Журналистер қауымы да бір сәт назардан тыс қалдырған емес. Ел аралатты, жер аралатты. Ал енді қайтыс болғаннан кейін белгілі сазгер, Шәмші Қалдаяқов мұрасының жанашыры Қалдыбек Құрманәлиев 2004 жылы Республика сарайында Мұстафаның туғанына 50 жыл толуына байланысты «Атамекенін аңсаған ұл»

атты еске алу кешін өткізді. Кештің өте жоғары дәрежеде ұйымдастырылғаны соншалық, оның куәсі болғандар көпке дейін сол әсерден арыла алмай жүрді. Халық Мұстафа өмірінің өнегелі жерлерінен ғибрат алды. Түркияда түсіріліп, Мұстафаның өзі басты рөлдерде ойнаған кинофильмдерден үзінділер де көрсетілді. Ал кей оқырман Мұстафаны спортшы ретінде танығанмен, киноға түскен актер әрі сценарист ретінде білмейтін еді. Кешке марқұмның анасы қатысып, өз ұлына деген елдің шексіз құрметіне аналық алғысын білдірді. Ел сыйлайтын азаматтардың араласуы нәтижесінде Алматы қаласының әкімі Мұстафаның анасын Стамбұлдан атамекенге шақыртып алып, қаланың как ортасынан пәтер бергізді. Бұған қоса белгілі журналист Қасым Әзімхан Мұстафа туралы «Мұстафа Өзтүрік» деген кітап жазса, «Алаш айнасы» газетінің бас редакторы, белгілі тележурналист Серік Жанболат «Қазақтың қара баласы» атты телефильм түсірді. Ал Мұстафаның шәкірті, белгілі спортшы, төртінші данның иегері Қайрат Қырғызбаев таэквондодан Мұстафа Өзтүрік атындағы мектеп ашып, бүгінгі күні сол мектептің директоры. Шәмсат Исабеков болса, Таэквондо федерациясын құрып, соның президенті болып отыр. Мұстафа тірі болғанда арманы асқақ жастарға берер үлгісі көп еді. Иә, тағдырдың жазуы солай болған соң, амал не. Әйтеуір, жат жерде жүрсе де, казак деген халықты көкжиекке көтерін кеткен азаматты бір сәт еске алып қойғанның артықтығы жоқ шығар деп қолға қалам алдым.

Қай халық болсын, батырын құрметтейді. Себебі елдің атын шығаратын, намысын қорғайтын және тартысты додаларда көк байрағын көтеретін батыр ұлдарымыз көп болса екен деп армандайды. Олардан тараған ұрпаққа да үлкен үмітпен қарайды, халықтың болашағын солармен байланыстырады. Тіпті Мұстафаның батыр тұлғасы мен адамгершілік қасиетіне тәнті болған ауыл ақсақалдарының бірі оған қолқа салып көргенге де ұқсайды. Кезекті бір ауылға ат басын тіреген кезде сол ауылдың беткеұстар ақсақалы оған ізбасар ұрпақ қалдырып кету жөнінде ұсыныс та айтыпты. Алдын ала сол ауылдың бір көрікті жесір

келіншегімен келісіп те қойса керек. Шариғат жолын жақсы білетін батыр ұл әлгі ақсақалдардың ниетіне былай деп жауап беріпті: «Маған деген, ұрпақтың болашағына деген көңілдеріңізді түсінемін. Сіздер солай деп өйласаңыздар, онда біздің үйдегі келіндеріңіздің алдына барып, рұқсат сұраңыздар. Егер де менің қара шаңырағымның ұйытқысы болып отырған келіндеріңіз рұқсат берсе, мен айтқандарыңызға көндім». Орынды айтылған осы сөзді естігенде ғана әлгі ақсақалдар сабасына түссе керек. Бұл әңгімені мен Мұстафа Өзтүрік жөнінде телефильм түсірген Серік Жанболаттың өз аузынан естіген едім. Өкінішке қарай, аталмыш фильмде дәл осы әңгіме алынып тасталса керек. Мұстафа батыр осы қасиетімен-ақ өзінің моральдық бейнесі биік және қандай парасатты азамат екенін дәлелдеп отырғаны сөзсіз.

Бұл қаралы күнді көкірегі ояу қазақ баласы ұмыта қоймас. Бірде Алматыға келген бетте өзім қызмет істеген «Жас Алаш» газетіне соққан едім. Неге екенін білмедім, күнделікті жадырап тұратын редакцияның іші күңіренін тұрғандай әсер етті. Сөйтсем, мен келердің алдында ғана редакциядағы жігіттерге Мұстафаның қайтыс болғандығы жөнінде қаралы хабар жетінті. Жігіттер газеттің ертеңгі нөміріне қаралы хабарды халыққа қалай жеткізудің әрекетін ойластырып жатыр екен. Төбемнен жай түскендей есеңгіреп қалдым. Жаныма қатты батқаны, басқа елде емес, өзінің атажұртына сыймай кеткені қиын екен. Көз алдыма қара жамылып, жалғыз ұлының қайғысына көміліп тұрған анасы елестеді. Әрине, бәрінен де соған ауыр. Қазақ жігіттері сол күні батырдың мәйітін орталық мешіттен әуежайға дейін жаяу көтеріп барды. Алып лайнер арыстай азаматтың денесін жат жерге – Түркия еліне, әкесіне топырақ бұйырған жерге тапсыру үшін әуеге көтерілгенде, қан жұтқандай қапаланған адамдардың есебінде шек болған жоқ. Сол күні бүкіл Алматы күңіренді. Осы оқиғадан кейін көп ұзамай Мұстафаның жан жолдасы, белгілі суретші және таэквондошы Бексейіт Түлкиев те, қазақ боксының негізін қалаушылардың бірі Әбдісәлан Нұрмаханов та қандықол

қарақшылардың қолынан қаза тапты. Сонымен қатар рингте жасындай жарқыраған тұнғыш Олимпиада жеңімпазы Бекзат Саттарханов та құйрықты жұлдыздай болып фәни дүниеден ағып өтті. Сондықтан да болар, көкжиектен бір жұлдыз жарқ етін көрінсе, ерте сөнбесе екен деп тілеймін.

КЕДЕННІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ГЕНЕРАЛ

Әркез өткен өмір жолыма көз жіберіп, көргенім мен көңілімдегіні саралап отыру менің әдетіме айналғалы қашан. Сондай кездерде тарам-тарам тағдыр жолында өзіме қол ұшын берген, азамат ретінде қалыптасуыма ықпал еткен адамдар көз алдыма елестеп, көңілімді жылы бір сезім шуағы шарпып өтеді. Сол кезде ғана өзіңнің тағдырыңның дұрыс қалыптасуы жолында белгілі бір із қалдырған ғибратты жандарды тебірене отырып еске аласың. Еске ала отырып, «Осындай мейірбан адамдар болмағанда менің тағдырым қалай қалыптасар еді?» деген сауал да жүрегіңнің бір түкпірінде бүлкілдеп жатады. Иә, мен үшін сондай адамдардың бірі – тәуелсіз Қазақстан кеденінің негізін қалаған және кеден комитетінің алғашқы төрағасы болған генерал-лейтенант Нұрлан Хайдоллаұлы Тілемісов.

1989 жылы Алматы облыстық «Жетісу» газетінде «Таможня» деген тақырыппен мақала жарияланды. Ол кезде таможня дегенді естуіміз болмаса, қандай қызмет екенінен онша хабарымыз да жоқ кез емес пе. Оқысам, қазақ республикалық кеденінің бастығы Нұрлан Хайдоллаұлы Тілемісовпен сұхбат екен. Өз-өзімнен көңілім жылып сала берді. Себебі белгілі баспагер, жазушы әрі аудармашы Хайдолла Тілемісов ағаның баласы осындай қызметке келгеніне қалай қуанбайын. Ал Хайдолла аға өзімнің туған нағашым – Кәкімжан Қазыбаевтың жан жолдасы болатын. Мен ол кісіні жақсы танытын едім. Ал баласы Нұрлан жөнінде Кәкімжан аға мен Орынша жеңгем ылғи жақсы пікір айтып отыратын. Сондай-ақ бұған дейін Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде сектор меңгерушісі болып қызмет істейтінінен де хабардар болатынмын. Енді міне, Нұрлан

ағаның Қазақ республикалық кеденінің бастығы болды дегенді оқығандағы қуанғанымның орны бөлек.

Нұрлан ағаның қабылдауына кіріп, оқырман қауымға кеденнің қыры мен сыры жөнінде бір жақсы мақала ұйымдастырсам ба деген ойда жүргенмін. Дәл сол кезде ойламаған жерден Кәкімжан аға қайтыс болып кетті де, бәріміз төбемізден жай түскендей жағдайға тап болдық. Бұл қайғылы жағдай мен үшін аспан айналып жерге түскенмен бірдей болды. Көз жасымды көлдетіп, Кәкімжан ағаның үйіне келдім. Үй іші адамға толы. Лезде бұл суық хабар бүкіл зиялы қауым өкілдеріне де жетінті. Бір уақытта үстіне көкшіл әскери форма киген, ұзын бойлы, көзілдірікті жігіт кіріп келді. Бұндай әдемі әскери киімді бұрын қорғандықтан бе, тесіле қарап қалдым. Әсіресе, иығындағы көк погоны мен жылтыраған жұлдыздары көзге срекше көрінеді екен. Себебі ол жұлдыздардың пішімі құқық қорғау органы қызметкерлерінің иығындағы жұлдыздарға мүлде ұқсамайды. Ішімнен не болса да Нұрлан аға шығар деп ойлады. Сөйтсем, қателеспеппін. Нұрлан аға Орынша жеңгеммен және басқа да туыскандармен көрісіп, көңіл айтып болған соң, дереу үйдегі телефонның құлағын көтеріп: «Сізді мазалап тұрған қазақ таможнясының бастығы Тілемісов» деп әңгімені бастады да, Кәкімжан ағаның жерлеу мәселелеріне байланысты біреулерге тапсырмаларды беріп жатты. Неге екенін білмедім, дәл осы көрініс маған керемет бір әсер етті.

Нұрлан аға екеуіміздің таныстығымыз осы қайғылы жағдайдан басталды. Нұрлан ағаның сыпайы мінезі мен өте қарапайымдылығы адамды өзіне тартып тұрады екен. Әсіресе, Кәкімжан ағамызды соңғы сапарға шығарып салардағы жасаған қызметіне барлық туыскандар дән риза болды. Мансабы биік болса да, біреулерді жұмсамай-ақ бас-аяғына дейін өзі жүгіріп жүріп қызмет етті. Дәл осы кезде адамның мансабы қаншалықты биік болса, қарапайымдылығы да өзіне соншалықты жарасып тұратындығына көзім жетті. Сондықтан да болар, көңілімде бір жылы сыйластық сезімі ұя салды.

Көп ұзамай Нұрлан ағаның қызмет орнына бардым. Шағын кеңсенің ішінде асықпай отырып, кеденнің айналысатын саласы жөніндегі мәселелерді кеңінен түсіндіріп берді. Бұл кезде қазақ республикалық кедені Мәскеуге ғана бағынатын. Сонымен қатар кеденшілер тарапынан жасалып жатқан игі істер және контрабандаға қарсы күрес мәселесіндегі жетістіктер жөнінде әңгіме қозғалған кезде, бұл саланың жұмысы шынымен де мені қызықтыра бастады. Осы уақытқа дейін республикалық баспасөз беттерінде кеденнің жұмысы немесе кеденші келбеті жөнінде бірде-бір мақала жарияланбапты. Нұрлан аға өз қызметкерлерінің қай күні және қай айда қандай контрабандалық әрекеттерді әшкерелегені жөніндегі мәліметтерді алдыма жайып берді. Солардың ішінен Сәуле Нұрғалиева есімді бас инспектордың көрсеткіштері бәрінен де жоғары екен. Ұстаған контрабандасының ішінде алтын да, валюта да, інжу де бар. Әшкерелеудің бәрі Алматы әуежайында «Алматы-Үрімші» ұшағына мінетін жолаушыларды кедендік тексеруден өткізу барысында анықталыпты. Сонымен қатар Сәуле ағылшын тілінде таза сөйлейді екен. Содан кейін «Жас Алаш» газетінің екінші бетіне өте келбетті, үстіне кеденшінің формасын киген кеден қызметінің майоры Сәуле Нұрғалиева жөнінде материал жарқ етіп шыға келді. Осы материал шыққан кезде ғана көптеген оқырмандар біздің елімізде таможня деген қызметтің бар екенінен хабардар болды. Содан кейін аталмыш авиарейсті кедендік тексеруден өткізу процесі жөнінде репортаж да жүргіздік. Ол кезде «кеден» деген термин жоқ, таможня деп қана айтылатын. Сол Сәуле Нұрғалиева – бүгінгі күні кеден қызметінің полковнигі. Кеден комитетінде басқарма бастығы, Алматы облыстық кедендік бақылау департаменті бастығының орынбасары сияқты жоғары лауазымды қызметтер атқарды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы кеден комитетінің Қытай Халық Республикасындағы өкілі. Қызмет орны қытай елінің астанасы – Бейжің қаласында. Кеденшілер қауымы ішінде

Сәуле Мұхамедрахымқызына талайлар кәсіпқой кеденші және тәлімгер ретінде зор құрметпен қарайды.

Осыдан кейін Нұрлан аға екеуіміздің арамызда да ағалы-інілік сыйластық басталды. Көп ұзамай Кенес Одағы тарайды. Сол жылдың (1991) 12 желтоқсанында Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кеден комитеті дүниеге келді. Көп ұзамай сол комитеттің төрағасы болып Нұрлан Хайдоллаұлы Тілемісов тағайындалды. Жарлығы да шықты. Нұрлан Хайдоллаұлы кеден комитетінің төрағасы болып тағайындалғаннан кейін оқырмандарға бұл саланың біздің еліміз үшін қандай маңызы бар екенін түсіндіру мақсатында «Кеденнің келешегі үлкен» деген тақырыппен «Жас Алаш» газетінің бір бетін алып сұхбат жарияланды. Сұхбаттың авторы өзім болдым. Сол сұхбатты оқығандардың бірі – сол кездегі баспасөз министрі Қуаныш Сұлтанов Нұрлан ағаға телефон шалып, жақсы пікір айтыпты. Сол уақытта кеден жаңадан құрылғандықтан, бұл салада жұмыс істейтін кәсіпқой кеденшілер ғана емес, кеденші мамандарын оқытатын жоғары немесе арнаулы орта оқу орындары да жоқ болатын. Кеденге қызметкерлерді жаңадан жұмысқа жаппай қабылдап жатқан кезде Нұрлан аға маған: «Біздің салаға қызметке келуге деген ойың жоқ па? Өзіңді көрсете алсаң, жаңадан ашылған салада қызмет сатысымен көтерілу де оңай ғой», – дегенді айтты. Мен «ойланып көрейін» дедім. Екі айдан аса уақыт ойланып жүрдім. Жеті жыл маңдайтерімді төгіп жұмыс істеген журналистиканы да қимаймын. «Жас Алаш» газетінің бөлім меңгерушісі қызметімді де олқысынып жүрген жоқпын. Сонымен қатар детектив жанрындағы «Қорқаулар түнде жортады» атты кітабымды шығарсам ба деген жоспарым да бар болатын. Кеденге кетсем, сол жоспарларымның бәрі құмға сіңген судай бола ма деп те қобалжыдым. Ақыры, мың ойланып, жүз толғана келе, кеденге кетсем деген шешімге келдім.

Нұрлан Хайдоллаұлы алғашында маған кеден комитетінде жаңадан ашылатын бір бөлімнің бастығы қыз-

метін ұсынды. Бұрын бұл салада істеп көрмегендіктен, ол қызметке баруға жүрексіндім де, не де болса жұмыстың қызу қайнаған жері – шекарадан бастайын деген шешімге келдім. Сөйтіп, қытай елімен шекарадағы атакты Жонғар қақпасында орын тепкен «Дружба» кеден бекетінен бір-ақ шықтым. Кеденге қызметке келгенде еліміздің кеден заңы да қабылданбаған кезі болатын. Кеңестер Одағының «Кеден кодексін» басшылыққа алып, жұмыс істедік. Сонымен қатар Кеңестер Одағы кезіндегі кеденнен қалған қызмет киімі бәрімізге жетпеді. Кителі болса, шалбары жоқ, шалбары болса, көйлегі жоқ дегендей. Жұмысқа көбіміз азаматтық киіммен келіп жүрдік. Бастығымыз – кеден қызметінің майоры Иван Алексеевич Красуленко. Қызметтік киім жағынан соның ғана ұпайы түгел. Бұған қоса ішімізде кеден жұмысын жақсы білетін бір адам жоқ. Тек бастығымыз бен аға инспектор, марқұм Мадияр Серкеев қана Ташкент қаласында кеденшілерді дайындайтын екі айлық курстан өтіп келген екен. Солардың ғана кеден саласынан азғана түсінігі бар. Ал тауарларды ресімдеу кезінде бәріміз бір-бірімізге карап, ана құжатты бір ақтарып, саскалақтап қаламыз. Бұл дүниеде киналған кезде жаныңда ақыл беретін адамның жоқ болғанынан қиын нәрсе жоқ екен. Кейде өз тәуекеліңмен шешім қабылдауға тура келеді. Тауарларды ресімдеп біттік дегенмен, бірнеше күн «кәте кетін қалған жоқ па екен?» деген секеммен жүресін. Жүктің кедендік декларациясының әр графасына дейін жаттап алдық. Кеден комитетінен бір нормативті-құқықтық акт келіп түссе, оны бірнеше дана етіп көбейтетін ксерокс та, компьютер де жоқ. Кейбір құжаттар жоғалып кетсе, айғай-шу басталады да, оның артында кінәліні табу да мүмкін емес. Осылайша, қиын бір кезеңнен де өттік-ау, әйтеуір.

1993 жылдың мамыр айында Нұрлан Хайдоллаұлы сол кездегі көлік министрі Нығметжан Есенғарин екеуі «Дружба» стансасына келді. Кеденшілердің тұрмыс-тіршілігімен танысып, ұжыммен шағын жиналыс өткізді. Сол кезде теміржол басшылары арқылы кеденшілердің тұрғын

үй мәселесі де оң шешімін тапты. Себебі ол кезде тұрғын үйлердің барлығы теміржолдың балансында болатын. Содан кейін менімен де жеке сөйлесін, «Артыңнан жаман сөз естіген жоқпын. Бастығың жиналысқа келген сайын өзінді мактап тұрады. Ал енді бұл жерден шаршаған жоқсың ба? Алматыға қайтуға ниетің болса, айт. Әйтеуір үйдегі келін ағасы інісін алысқа жіберді деп ренжіп жүрмесін. Ол жерден де жақсы қызмет табылады» деді. Осы сөзді естігенде ылғи да сыртымнан амандығымды біліп, камкор қолын созып жүретін аға ниетіне тағы да ерекше риза болдым. Неге екенін білмедім, сол кезде жұрттың қолы жетпей жүрген Алматыға ауысуға кереметтей ниетім болған жоқ.

1992 жылдың маусым айында «Дружба» кеден бекеті «Достық» кедені болып құрылып, штаттық кестесі мен статусы да өзгерді. Ал арада бір жыл өткенде жаңадан автокөлік өткелі бөлімі ашылды. Бұл құрылым бөлім деп айтылғанмен, атқаратын жұмысы «Қорғас» және «Бақты» кеден бекеттерінің жұмысымен бірдей болатын. Ол жерге бастық болуға ниет білдіргендер де көп болды. Бірде мені кеден бастығы И. Красуленко шақырып алды да: «Былтыр саған жүк бөлімінің бастығы қызметін ұсынған кезімде, тәжірибенің аздығын айтып, бармадың. Жолаушылар бөлімінің бастығы қызметінен де бас тарттың. Жақында Нұрлан Хайдоллаұлының қабылдауында болдым. Екеуіміз ақылдаса келе, мына жаңадан ашылғалы жатқан автокөлік өткелі бөліміне сені бастық етіп тағайындасақ деген шешімге келдік. Бұл ұсыныстан бас тартсаң, онда төртінші ұсыныс болмауы мүмкін деді», – деді. Мен қарсы болмадым. Бұл, әрине, мен үшін үлкен өмір мектебінің басы болатын.

«Достық» кеденінде тура жеті жыл қызмет істеп, қатардағы лейтенанттан кеден қызметінің подполковнигі, қатардағы инспектордан кеден бастығы орынбасарының міндетін атқарушы лауазымына дейінгі өткелден өттім. Содан кейін 1999 жылдың ақпан айында Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы «Бақты» кеденіне ауысуға тура келді. Ол кезде «Бақты» кедені Шығыс Қазақстан

облыстық бас кеден басқармасына оперативті түрде бағынатын. Ал бас кеден басқармасының бастығы Нұрлан Хайдоллаұлы болатын. «Бакты» кеденіне ауысуыма өзіммен «Достық» кеденінде бірге қызметтес болған досым, марқұм Ержан Нұғыманов себепкер болды. Ол аталмыш кеденге бастық болып ауысқан кезде сол жаққа өзімен бірге қызметтес болуға ұсыныс жасаған еді. Өкінішке қарай, сол жылдың наурыз айында құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне байланысты «Бакты» кедені уақытша жабылды да, көп ұзамай кеденнің штаттық құрамы да елу пайызға қысқартылды. Мен ол кезде осы кеденде контрабанда және кеден тәртібін бұзушыларға қарсы күрес бөлімінің бастығы қызметінде болатынмын. Бір күні «Бакты» кеденіне арнайы түрде қызмет бабында Нұрлан Хайдоллаұлы келді. Кеден қызметінің генерал-лейтенантын тиісті әскери тәртіппен қарсы алдық. Менің көңілсіз жүргенімді байқаған Нұрлан аға сөз арасында: «Бізде «Ауыл» кеден бекетінде бастық тұрақтамады. Қазақстанды Сібірмен және Алтай өлкесімен байланыстырып тұрған сол учаскедегі жұмыста ақсап жатқан жерлер көп. Сонда келуге қалай қарайсың? – деді. Бұл ұсыныс мен үшін күтпеген жағдай еді. Осылайша, сол жылдың қараша айында ойламаған жерден Ресеймен шекарадағы «Ауыл» кеден бекетінен бір-ақ шықтым.

Қытаймен шекаралық кеденде қызмет істегенде кеден жұмысын бір адамдай білеміз деп ойлайтынбыз. Сөйтсек, білетінімізден білмейтініміз әлдеқайда көп екен. Себебі Қытаймен шекаралық кеденде жұмыс негізінен кеденнің экспорт, импорт режимінде ғана жүргізіледі. Ал бас кеден басқармасында кеден он алты режиммен жұмыс істейді екен. Сондықтан да бас кеден басқармасына ауысу арқылы кеденнің кәсіпқой мектебінен өтудің үлкен мүмкіндігіне ие болдым. Сонымен қатар Қытаймен екі ортадағы шекара мықтап қоршалған, тышқан да өте алмайды. Ал Ресеймен екі ортадағы шекара түгелдей ашық жатыр. Контрабандистердің қай жерден зу ете түсетінін де білмей қаласың. Кеден бекетінің азғана қызметкерімен оларға

қарсы күрес жүргізіп, жолдарына тегеурінді тосқауыл қою мүмкін емес. Оларды ұстау үшін тыңшылар арқылы оперативті мәлімет жинап, күндіз-түні орман мен дала жолдарында тосқауыл қойылады. Содан кейін кеденшілер бірнеше күн оларды андумен орманның ішінде, даланың таса жерінде жатады. Олардың тісқакқандары құрылған тордан сытылып кететін кездері де болады. Сойтіп, ит пен мысық сияқты андысып жүріп қана қолға түсіресін. Сонымен қатар контрабандистердің ішінде мұздай қаруланғандары да кездесіп қалады. Бәрінің қолында суық қару, рация мен спутниктік телефон. Бірдемеден секем алса болды, лезде хабарлай қояды. Контрабандистердің қолындағы озық үлгідегі байланыс техникасы кеденшілерде жоқ. Соған қарамастан, олардың өз ісіне адал кеденшілердің қармағынан құтыла алмаған кездері де аз кездеспеді. Бұл да бір үлкен мектеп қой, әрине.

Көп нәрсе ойламаған жерден болады деген рас-ау. 2002 жылдың ақпан айында кезекті еңбек демалысына шықтым да, Алматыға жол тарттым. 12 ақпан күні таңертең ұялы телефоным шыр ете түсті. Көтерсем, Нұрлан Хайдоллаұлы. «Қал жақсы ма, Нұрахметов мырза. Енді мына бұйрықты тыңда» деп мені «Бакты» кеденінің бастығы етіп тағайындау жөніндегі сол кездегі мемлекеттік кіріс министрі Зейнолла Кәкімжановтың бұйрығын оқыды. Содан соң өз құттықтауын айтты да: «Демалысты доғар да, бүгін қайт. Ертең сені жаңа ұжымға таныстыруым керек», – деді. Мына сөзді естігенде сенерімді де, сенбесімді де білмей, есеңгіреп қалдым. Себебі ол орынға артында тегеурінді тіреуі бар небір мықтылар таласып жүргенінен хабарлар болатынмын. Сөйтсем, оқиға былай болған екен.

2002 жылдың 25 қаңтарында Президент Астанада барлық деңгейдегі әкімдермен кеңес өткізіп, сол кеңесте Қытаймен шекарада орналасқан кедендердің атына үлкен сын айтып, құқық қорғау органы қызметкерлеріне сол учаскелерде бір айдың ішінде тәртіп орнату жөнінде тапсырма берген болатын. Содан кейін Нұрлан Хайдоллаұлы жанына мені ертіп алып, «Бакты» мен

«Майқапшағай» кедендерін аралап, жиналыс өткізді. Кеденшілердің алдына Президенттің сынынан қорытынды шығару жөнінде қатаң талаптар қойды. Ол кезде кедендік күзет және тәртіптік бақылау басқармасы бастығының орынбасары қызметінде болатынмын. Жолда қайтып келе жатып: «Мына кедендердегі жағдай маған ұнамайды. Бұлар қылмыстық топтардың ықпалында сияқты», – деді. Содан кейін мен еңбек демалысына шығып кеттім. Көп ұзамай, яғни ақпанның 11-і күні мемлекеттік кіріс министрі Зейнолла Кәкімжанов бүкіл Қытаймен шекарада орналасқан бес кеденнің бастықтарын және олармен қоса Нұрлан Хайдоллаұлын, оның кадрлармен жұмыс жөніндегі орынбасары Ерікжан Абдрахмановты да Астанаға шақыртты. Сол күні Зейнолла Кәкімжанов Қытаймен шекарада орналасқан бүкіл кедендердің бастықтарын бір күнде орындарынан босатты. Әңгіме Нұрлан Хайдоллаұлына келіп тірелгенде ол министрдің алдына: «Сіздің маған берген тапсырмаңыз бойынша «Бакты» және «Майқапшағай» кедендерін аралап, ондағы ұжымның жағдайымен тыңғылықты танысып шықтым. Сол кедендерде Президенттің сынында айтылған кемшіліктердің орын алғаны рас. Енді маған деген сенім мәселесін шешуіңізді сұраймын», – деп баянхат (рапорт) тастапты. Баянхатты оқып шыққан министр Нұрлан Хайдоллаұлына қарап: «Мен сізге сенемін. Ал енді өзіңіз басқаратын басқармада Қытаймен шекарада орналасқан кедендерге тәртіп орната алатын кадрлар бар ма?» – деп сауал тастапты. Сол кезде Нұрлан Хайдоллаұлы «Бакты» кеденіне менің кандидатурамды ұсыныпты. Сол кезде Зейнолла Кәкімжанов Нұрлан Хайдоллаұлына қарап: «Сіз «Бакты» кеденінің бастығы қызметіне ұсынып отырған Нұрахметовтің мен түрін де көрген жоқпын. Сондықтан да ол үшін өзіңіз басыңызбен жауап бересіз» – депті. Мен үшін жауапкершілікті өз мойнына алған Нұрлан ағаның осы адамгершілік қасиетіне өмір бойы ризамын.

«Бакты» кеденіне қарай бет алып келеміз. Көңілім қобалжулы. Осыдан екі жарым жыл бұрын ғана өзім қыз-

мет істеп кеткен ұжым болса да, басшы ретіндегі жауапкершіліктің орны бөлек қой. «Есінде болсын, – деп бастады әңгімені Нұрлан Хайдоллаұлы. – «Бақты» кедені осы уақытқа дейін бандиттік құрылымның ықпалында болып келді. Сондықтан да бірінші кезекте солармен ауыз жаласып жүргендерді тазала. Екіншіден, кедендік төлемдерді көтер. Біздің министрдің талабы осы. Егер де өрескел кемшілік жіберіп алсаң, сен жіберген кемшілік мен жіберген кемшілік болып есептеледі. Сондықтан да министрдің екеуімізге сеніп тапсырып отырған жұмысын абыроймен орындап шығуымыз керек». Нұрлан Хайдоллаұлының өзіме жүктеп отырған сенімі шынымен де жауапкершілігі зор екені түсінікті. Іштей кобалжып тұрсам да, «Сеніміңізді ақтаймын, аға» дедім.

Аталмыш кеденге келгенде мынадай аласапыранның ішіне түсемін, жұмыс мұншалықты қиын болады деп ойламаппын. Жаңа лауазымға тағайындалғанымға үш-төрт күндей ғана уақыт өткен болатын. Кешкілік жұмыстан қызмет көлігімен үйге келе жатсам, қоршаудың алдындағы қақпаға жақын жерде мемлекеттік нөмірі 997, маркасы Ланд Крузер автокөлігі тұр. Біз оншалықты назар аудармай, қақпадан кіріп кеттік. Содан кейін жанымдағы көмекші жігітке: «Ана тұрған не көлік, біліп келші», – дедім. Бір уақытта ол қайтып келіп: «Аға, машинаның ішінде Атаба отыр, сізді шығып кетсінші», – деп айтты дейді. Нұрлан Хайдоллаұлынан және осындағы әріптестерімнен осы уақытқа дейін «Бақты» кедені сол Талғат Атабаевтың (лақап аты – Атаба) ықпалында болып келгенін алдын ала естіген болатынымын. Осы кезде Нұрлан Хайдоллаұлының «кеденді бандиттік құрылымның ықпалынан ажыратуың керек» деп миыма қадап айтқан сөзі оралды. Содан кейін көмекшіме «мен ешқандай жағдайда да жолыға алмайтынымды жеткіз» дедім. Сонымен қатар бұл жағдайды дереу Нұрлан Хайдоллаұлына баяндадым. Ол менің бұл әрекетімді дұрыс деп бағалады да, бас кеден басқармасынан кедендегі тәртіпті және оперативті жағдайды күшейту үшін көмекке

қосымша тағы да бес адам жіберетінін айтты. Кейіннен сол кезде арнайы қызмет органының өкілдері мені бандиттік құрылым басшысымен кездесе ме деген қауіппен сырттай бақылап жүргендерін естідім.

Біз кедендегі алғашқы жұмысымызды Бакты ауылының ішінде әр үйдің ауласында металл тиелген жүк машиналарын ұстаудан бастадық. Шекара ашық болса да, бірнеше күн бойы еш қозғалыссыз тұрды. Жан-жақтан телефон соғулар мен небір дөкейлердің сәлемдемелері қаптады-ай келіп. Бұл кезде «Қорғас» кеденінде қаржы полициясы мен кеден қызметкерлері арасындағы қақтығыстың шарықтау шегіне жеткен кезі болатын. Сол кезде «Қорғас» кеденінің бастығы Ерікжан Абдрахманов телефон соғып: «Бекен, абай бол. Бүгін арандатушы топ менің қалтама героин салып жіберуге әрекет жасады. Бірақ ол әрекеттерінен ештеңе шықпады. Өздерін каматып тастадым. Жігіттердің бәріне ескерт, сақ жүрсін», – деді. Бұл оқиғаны дереу жеке құрамның назарына жеткіздім. Ертесіне Нұрлан Хайдоллаұлы телефон шалып: «Бекен, «Қорғастағы» жағдайды естіп жатқан шығарсың. Ал енді кеше КТК телеарнасынан «Бакты» кеденінен контрабандалық жолмен ақбөкеннің мүйізі мен спирт өтіп кетті деген хабар айтылды. Бұл не өзі?» – дегенде төбемнен жай түскендей есеңгіреп қала жаздадым. Дереу есімді жинап алдым да: «Генерал мырза, бұның бәрі жалған арандатушылық әрекет. Неше күн болды шекарадан бір көлік өткен жоқ. Ол үшін басыммен жауап беруге дайынмын. Сонымен қатар кеденнің бақылау аймағында басқа да құқық қорғау органының қызметкерлері қаптап жүр. Олардың бәрі біздің сүрініп кеткенімізді аңдып отыр емес пе. Оперативті жағдай қатаң бақылауда», – дедім. Сол кезде ол: «Мен саған сенемін. Бірақ бұл хабар өтірік болса да, «жанашырлардың» арқасында ертең министрдің құлағына неше түрлі өңделіп жетеді. Сондықтан да нақтылы айғақтармен жауап беруге дайын бол», – деді. Дереу жеке құрамды жинап, аталмыш ақпарат бойынша жиналыс ашуға тура келді. Бәрі бірауыздан бұл мәліметтің жалған екенін

айтты. Содан кейін бұл ақпаратты толық дәлелдеу үшін амалдың жоқтығынан қытайлық әріптестерге жүгінуге тура келді. Сәтін салғанда қытайлық әріптестер бізді өздері арнайы кездесуге шақырды. Кездесу барысында көршілер контрабандалық мүйіздің өткенін растады. Бірақ ол факт 2001 жылдың күз айында болған екен. Бұл оқиға жөнінде бүкіл қытайдың телеарналары сол кезде-ақ шулатып айтыпты. Аталмыш ескі ақпаратты КТК телеарнасына біздің сол кездегі «жанашырларымыздың» біреуі жерден жеті қоян тапқандай етіп әкеп берген ғой. Содан кейін қытайлық әріптестер спирт жөніндегі мәліметті орталықтағы басшылықпен келіскен соң барып беретіндіктеріне уәде етті. Көп кешікпей 90 тонна спирттің 2002 жылдың 28 қаңтарында өткені жөніндегі мәліметті жазбаша түрде берді. Ал мен болсам, қызметке 2002 жылдың 13 ақпанында келдім. Осылайша, бізге қарсы қолданылған ақпараттық арандатушылық әрекет нысанасына дөп тимеді. Бұл оқиға төбемізден қара бұлт үйірілген кездегі бір ғана мысал, әрине. Ал қалғаны уақыты келгенде айтыла жатар.

Жұмысты дұрыс жолға қою оңайға түспеді. Бандиттік құрылымның ықпалынан арылғанмен, басқа да көзалартушыларымыз көп еді. Кедендік ресімдеуден өткен тауар тиеген жүк машиналарын шекарадан шыққан бетте басқа құқық қорғау органдарының өкілдері қосымша тексеруден өткізіп жатты. Тауарларды кедендік ресімдеу кезінде жүктің кедендік декларациясына бір тал ине мен түймеге дейін енгіздіріп отырдық десе де болады. Әр басқан қадамымыз бен жасаған жұмысымыз қатаң бақылауда болғаны соншалық, психологиялық ахуал бір сәт те босаңсымауды талап етті. Нұрлан Хайдоллаұлының тегеурінді талабы бойынша кедендік төлемдерді бұрынғымен салыстырғанда 15–20 есеге көтеруге тапсырма берілді. Біз келгенге дейін әр көліктен өндірілген кедендік төлемдер орта есеппен 80–100 мың теңгені ғана құраған екен. Енді бұл көрсеткішті тауардың түріне қарай орта есеппен бір миллионнан үш миллионға дейін жеткізуге тура келді. Сөйтін, кедендік

төлемдердің өсуі 600 пайызды құрады. Осылайша, айына үш миллионнан ғана асатын кедендік төлемдер беретін кеденнің көрсеткіші жиырма миллионнан асып жығылды. Ал кеден саласындағы құқық тәртібін бұзу фактілері бойынша бірнеше контрабандалық әрекеттің жолы кесіліп, тек Қылмыстық кодекстің 209-бабы (экономикалық контрабанда) бойынша ғана алты қылмыстық іс қозғалып, бар іс сотқа дейін жеткізілді. Соның нәтижесінде 6 тонна спирт, бірнеше миллион теңгенің тауарлары мен валюталары тәркіленді. Осы көрсеткіштер арқылы «Бакты» кедені республика бойынша кеден органдары арасында 2002 жылдың қорытындысы бойынша бірінші орынды иеленді. Сол кезде қызмет барысында адалдық танытып, өзіммен бірге отқа да, суға да түскен әріптестеріме әлі күнге дейін ризамын. Осылайша, сол кездегі мемлекеттік кіріс министрі Зейнолла Кәкімжанов пен Нұрлан Хайдоллаұлының қатаң талабы мен әділетті басшылығының арқасында үлкен бір өмір мектебінен өттік. Талайымыздың тағдырымыз кыл үстінде тұрған ол күндер ұмытылмақ емес.

Біздің кейіпкеріміз Қазақстан кеденін басқарған кезде кеден саласының материалдық-техникалық базасы дамымаған, кеден заңнамасы жетілдірілмеген және кедендік шекаралар айқындалмаған ең бір қиын-қыстау кезең болатын. Қазақстан кеденін сол қиыншылықтан алып шығып, кедендік шекараларды айқындап, талай кедендер мен кеден бекеттерінің уығын шаншыған Нұрлан Хайдоллаұлы екеніне ешкім дау айта алмайды. Ал бүгінгі күннің кедені осыдан жиырма жыл бұрынғы кеденмен салыстыруға да келмейді, әрине. Сонымен қатар Нұрлан Хайдоллаұлы 2001 жылы, яғни кеден органдарының құрылғанының он жылдығы қарсаңында «Қазақстан кеденінің тарихы» атты кітап та жазды. Иә, уақыт өтер, заман да өзгерер. Бірақ тарих ешқашан өзгермейді. Нұрлан Хайдоллаұлы егеменді Қазақстан кеденінің алғашқы генералы және уығын шаншыған басшысы ретінде тарихта қалатыны ақиқат.

17.04.2010 жыл

ЕЛШІСІНЕ ҚАРАП, ЕЛІН ТАНЫ

Үстазға өкпе жүрмейді

*Темірден де мықты ғой,
Темекеңнің тепкісі.
Тым алысқа шапты ғой,
Тепкі көрген көп кісі.*

Журналистік фольклордан

Сексенінші жылдары республикадағы жалғыз журналистика факультеті сәйгүліктерді сынақтан өткізетін ипподром сияқты көрінетін. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген небір таланттар аламан бәйгеде бақ сынайтын да, іштерінен жүзден жүйрік, мыннан тұлпарлары ғана іріктеліп шығатын. Іріктеліп шығып, електен өткендері ғана бесінші курсты бітірген кезде республикалық басылымдарға қызметке қалып жататын. Ол кезде астананың торіндегі белгілі басылымға немесе орталық теледидарға қызметке қалу дегеніңіз – асығың алшысынан түсіп, тасың бір саты өрге домалады деген сөз. Осы орайда өздерін сәйгүліктердің ішінде бақ сынауға келгендердің кейбіреулері жарты жолға жетпей, шаң қауып, оқудан шығып, өз жөндеріне кететін. Мәскеу олимпиадасы әлемді дүрілдеткен сол жылы бізде журналистика факультетінің табалдырығын аттадық. Алда кімді қандай тағдыр күтіп тұрғанын білмейміз. Бірақ бәріміздің арманымыз асқак. Сол талабы биік толқынның ішінде келе сала қозғалып түскен жігіттердің бірі Бақанас ауылынан арман қуып келген он жеті жастағы Бейбіт Исабаев болатын.

Бейбіт Исабаев бірінші курстан бастап-ақ сабақты өте жақсы оқыды. Сонымен қатар жақсы спортшы және қабілеті мықты музыкант болды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Журналистика факультетінің вокалды аспаптар ансамблінде ойнады. Бөкстан университеттің чемпионы болды. Былайша айтқанда, жігіттің сұлтаны атанып, қыздардың көзінің құрты болды десем, артық айтқандық емес. Әуелі, өзімізбен бір курста оқитын бір қыздың оған

қатты ғашық болғаны сонша, бірде ол маған өзінің ішкі сезімін жасырмай: «Сен Бейбітпен бір бөлмеде тұрасың ғой. Мен оны керемет жақсы көрем. Оның мен туралы пікірі қандай екенін біліп бере аласың ба? Реті келсе, мені мақтап жіберсеңші», – деп айтқаны әлі есімде. Сол факультеттің атақты бесінші жатақханасында біз талантты ақын, «Алаш» сыйлығының лауреаты, марқұм Қайрат Әлімбаев, белгілі ақын, «Абай» журналының бас редакторы Мұратбек Оспанов, белгілі тележурналист-ғалым, бүгінде «Білім» телеарнасының бас редакторы Аязби Бейсенқұлов, журналист Ұлан Оспанбаев бесеуіміз бір бөлмеде тұрдық. Сол кезден бастап-ақ Бейбіттің бойынан ұйымдастырушылық қабілет, зеректік пен тиянақтылық бірден байқалып тұратын. Біз кейде жастықпен бірнеше күн бөлмемізді жинауға шамамыз келмей, тойлатып кететін кездерде бәрімізді тәртіпке шақырып, жатын орнымызды жонге келтіретінбіз. Бөлмеде тазалықты сақтап, ұқыптылықты жақсы көретін. Бөлмені жинау кестесін де өзі жасайтын. Әсіресе, Қайрат Әлімбаев пен Мұратбек Оспановқа ақындықтың ауылына жақын жүретін небір адамдар, олардың ішінде небір ығайлар мен сығайлар да көп келетін. Бірімен бірі жарыса өлең оқыған кезде бөлме іші көк түтінге оранып, босаған шөлмектердің саны да көбейе беретін. Олардың артынан бөлмені жинау бір қиямет болатын. Бөлмедегі шағын «шығармашылық кеш» біткен кезде Бейбіттің айғайымен ғана коқысқа толып кеткен бөлме іші байырғы қалпына келетін. Сонымен қатар Қайрат пен Мұратбек бастары қатты ауырған күндері сабаққа барғылары келмей, төсекте бүркенін жатқан кезде, екеуін желкелерінен сүйреп тұрғызып, лездемеге зорлықпен алып баратын. Сол кездегі факультет деканы Темірбек Қожакеев марқұмның қаһары қатты еді. Кейбір сужүрек студенттер ол кісінің анадайдан сұлбасы көрінген кезде-ақ кісендеулі аттай тыпыршықтап қалатын. Кейбіреулері караптан-карап көзіне түспеуге тырысатын. Ал енді шайтансуға жақындар мен сабаққа көп қатыспайтындарды аямайтын, жон терісін сылып алатын. Кейбір сөздері сүйектен өтіп кететін. Бірақ қанша ұрысса да, арына тиін сөйлемейтін. Осылайша, екі

ақын досымыз Бейбіттің тегеурінді талабының нәтижесінде Темірбек ағамыздың талай тепкісінен аман қалған кездері көп болды. Және де Қайрат Әлімбеков марқұм қайтыс болғаннан кейін оның бұрын еш жерде жарияланбаған өлеңдері топтастырылып, «Көзімнің нұры» деген атпен кітап болып шығарылды. Сол кітаптың ішінде кезінде бір бөлмеде жатқан бәрімізге өлең арнапты. Сонда Бейбітке арнап жазған өлеңінде бөлмелес досын былай деп әдемі сипаттапты:

*Бейбіт деген батыр бар бөлмемізде,
Сабырмен ақыл айтар кейде бізге.
Дана боп ақыл айтса, нақыл айтса,
Имандылық орнайды кеудемізге.*

Бейбіт бірінші курстан бастап үздік оқыды және топ комсоргі болды. Емтиханға дайындалған кездері бөлмедегі бізге көп қолғабыс жасайтын. Кітап оқуға ерінгендеріміз кей сабақты Бейбіттің дайын конспектісінен көшіріп алатынбыз. Өкінішке қарай, Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылдық мерекесіне дайындық жұмыстарына қатыспағаны үшін Темірбек ағамыз жазғы сессия кезінде кілең беске оқып келе жатқан Бейбітке өз сабағынан үш қойып жіберді. Бейбіттің университеттің ең үздік он бір студенті қатарында Германияға халықаралық студенттік құрылыс отрядына дайындық жұмыстарымен әлгі мерекелік іс-шараға қатыса алмағанын профессор «түсінгісі келмеді». Оның алдында Лениндік стипендиат Жұмабек Кенжалинге де үш қойып жіберді дегенде, бәріміз жағамызды ұстаған едік. Осылайша, қаһары қатты ұстаз университетті қызыл дипломға бітіргелі отырған Бейбітке де оң қабақ танытпады. Сөйтіп, сынақ кітапшасында бір төрті жоқ Бейбіт жалғыз үшпен қызыл дипломға ілікпей қалды. Куратор ұстаздарымыз Дандай Ысқақов пен Ләтипа Ахметова деканның кабинетіне зорлап апарғанда да «себепсіз» кешірім сұраудан бас тартты. Әрине, үлкен өкініш. Егер де жүйкесі жұқа басқа біреу болса мұндайда жарылып кетуі де мүмкін ғой. Бірақ Бейбіт бұл сәтсіздікке сыр бермеді. Иә, Темірбек ағамыздың осындай әрекеті әлі күнге дейін көп адамдар үшін жұмбақ күйінде

қалды. Жалпы, журналистика факультетінің тарихында Темкең ағамыздың ғана сабағынан жалғыз үшпен қызыл дипломға қолдары жетпей кеткендер аз емес көрінеді.

Қызыққа толы студенттік шағымыз да зулап өте шықты. 1985 жылы оқуды бітіріп, бәріміз жан-жаққа тарадық. Студент кезінен шығармашылық жағынан да жақсы көзге түсе білген Бейбіт қазақ теледидарына жұмысқа қалды. Содан көп ұзамай 1986 жылы атақты Желтоқсан оқиғасынан кейін журналистика факультетінің деканы Темірбек Қожакеев ағамыз жұмыстан қуылып, партия қатарынан шығарылып, біраз теперіш көрді. Тіпті, оны каралаған материалдар тек республикалық қана емес, одақтық басылымдарда да шыға бастады. Табан аудармастан бір факультетте он алты жыл декан болған адамның еңбегі ескерілмей, бір жақты каралаудың ғана құрбаны болды. Әрине, ондай сокқы ешкімге де оңай тимейтіні белгілі. Зілі сегіз өрім қамшыдан да қатты бұндай сокқыға жігері таудай адамдар ғана қарсы тұра алады. Тура сол жылдары мен Темірбек ағамызды Жібек жолы көшесінде орналасқан тоғыз қабақты редакция ғимаратының алдында кездестіріп қалдым. Амандасқан бетте: «Ағай, сізге жасалған қиянаттың әділетсіз екенін білеміз. Сондықтан да өзіңіздің шәкірттеріңіз жиналып, Москваға, КОКП Орталық Комитетіне хат жолдамақ ойымыз бар», – дегенім сол еді, ұстазым: «Жарайды, рақмет көңілдеріне. Бірақ оны қашан жазбақсыңдар? Әлде, мен өлгеннен кейін бе?» – деп ондырмай бір шағып алды. Темірбек ағамыздың осы сөзінен-ақ басына үйірілген қара бұлттан арыла алмай, араша түсетін азаматтардың аялы алақаны жетпей жүргені сезіліп тұрды. Шынымды айтсам, сол кезде мен өзім Бейбіт досымды Темірбек ағамызға әлі күнге дейін өкпелі шығар деп ойлайтынмын. Сөйтсем, қателесіппін. Көп ұзамай Бейбіттің «Жас Алаш» газетінің бір бетін ала Темірбек Қожакеев ағамыздың тағдырына араша түскен «Ұстаздың оралуы» атты мақаласы жарқ ете түсті. Осы алғашқы араша мақала шыққаннан кейін ғана ұстаздың еңсесі көтеріліп, жазықсыз жағылған қара күйеден арыла бастады. Иә, бәріміз де қателеспей тұра алмайтын пенде емесіңіз бе. Ұстаз да

қателеседі. Бірақ өткенде кеткен қателікке пендешілікпен жауап бермей, Мәскеудің сол кездегі солақай саясатының салдарынан тағдыр талқысына түскен адамның жан дүниесіне үңіле білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондықтан да ұстазға өкпе жүрмейді деген қағидат дұрыс екен ғой. Бейбіт осы әрекеті арқылы үлкен азаматтық мінез танытты. Бүгінгі билік басында, саясатта, дипломатияда, шығармашылық саласында Темкең ағамыздың ұстаздық ұлағатын да, тепкісін де көрген талай азамат ел аузына ілініп, елдің ертеңі үшін қызмет етуде. Солардың бірі және бірегейі Бейбіт екені сөзсіз. Осы орайда, Бейбіт бағындырған биіктерді саралап жатудың қажеті жоқ шығар. Себебі ол өзін баяғыда-ақ мойындатын қойған.

ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚҚА ШАҢ ЖҰҚПАЙДЫ

*Друг – человек, который знает о вас все
и тем не менее любит вас.*

Джон Аулер

Достық және достар дегеніміз – мағынасы кең ұғым. Бірақ адал дос деп сенің еркелігің мен кикарлығыңды кешіре алатын және аралас-құраласы ішкі есепке құрылмаған досты айтуға болатын шығар. Сол сияқты Бейбіт те бес жыл бірге оқып, қара нанды бірге бөліп жеген достардың кейбір кемшіліктерін көңіліне алмай, еркеліктерін көтере білетін. Осы орайда мына бір оқиғаны еске алып өткенді жөн санадым. 1992 жылы Бейбіт «Горизонт» – «Өркен» газетінің бас редакторы болып тағайындалған кезде өзіне орынбасар етін курстасымыз Қайрат Әлімбеков марқұмды алды. Ол кезде Қайрат өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, шығармашылық ортада аты шығып қалған ақын әрі журналист болатын. Жұмыс жағына келгенде өте еңбекқор еді. Кейбір материалдарды қолмен жазбай, диктовкамен-ақ жүйткітіп шығатын. Газеттің бір бетін толтыру деген оған түкке де тұрмайтын. Алайда бір ғана осал жері – шектен тыс ақкөңіл, сенгіш әрі шайтансуға келгенде ептеп

тежегіші ұстамай қалатын. Қайраттың осындай ақкөңілдігін пайдаланатын «достары» да жетіп-артылатын. Кейде қалтасындағы соңғы пәтерге төлейтін ақшасын да шашып жіберетін. Сол жылдары «Горизонт» – «Өркен» газетінің редакциясы Баспасөз министрлігімен бір шаңырақтың астында болатын. Бір күні Бейбіт таңертең жұмысқа келген бетте хатшы қыз оған редакциядағы жайсыз жағдайды айтады. Ашу қысып, өзінің орынбасары Қайраттың кабинетіне кіріп келсе, ол түнімен кабинетте жолдастарымен тойлатып, сол жерде ұйықтап қалыпты. Алып денелі Қайрекең үстел үстінде кеңінен көсіліп, шалқадан қорылға басып жатса керек. Бейбіт қатты ренжігені сонша, Қайратты қатты жұлқып оятады да, көп сөзге келместен оны жұмыстан шығарып жібереді. Бұл оқиғаны естігенде кейбір курстас жігіттердің арасында «Бейбіттің бұнысы несі. Бір мәрте кешіре салса да болар еді ғой» деп іштей реніш білдіргендері де болды. Ал өз кінәсін түсінген Қайрат сол кезде Бейбіттің сыртынан бірауыз жаман сөз айтқан жоқ. Содан кейін Қайрат марқұм екі айдай жұмыссыз жүріп қалады да, бір күні Бейбіттің үйіне телефон шалып, қазір келетінін айтады. Курстас досының жұмыссыз киналып жүргеніне жаны ашыған Бейбіт дастарқан жайып, есіктен жылы қарсы алады. Дастарқан басында бір шөлмектің тығынын атуды да ұмытпайды. Басының қыртысы жазылмай келген Қайрекеңнің лезде кең маңдайы жіпсіп сала береді. Екеуі дастарқан басында ананы-мынаны айтып біраз отырып қалса керек. Бір уақытта Бейбіт оған: «Қайрат, енді келген бұйымтайыңды айтсаңшы», – дейді. Сол кезде ғана ол өзінің курстасына не мақсатпен келгені есіне түсіп, досының бетіне қарап: «Мәселе былай: мені өзін жұмыстан шығардың ба, енді өзін жұмыс тауып бер», – деген екен. Аузын ашса жүрегі көрінетін досының бұл қылығына ол күліп жіберіп, өзімсінген еркелігіне түсіністікпен қарады. Көп ұзамай Қайрат «Жас Алаш» газетіне бөлім бастығы болып барады.

Қайрат Әлімбеков марқұмды курстағы бірге оқыған жолдастардың бәрі өте жақсы көретін едік. Себебі ол бір бармағы ішінде бұгіліп жатпайтын шектен тыс ақкөңіл азамат

болатын. Және әрбір ісі өзіне жарасып тұратын. Бір адал досың болса, Қайраттай-ақ болсын деуге болады. Сол Қайрат екі баласымен бірнеше жыл пәтер жалдап, үйсіз жүрді. Тіпті, кезекті бір пәтерден кожайындары шығарып жіберген кезде отбасымен үйге шақырып алып, қанатымыздың астына да алған кезіміз болған. Сол жылдары жолдасы Қуаныш та жиі сырқаттанып қалатын. Бірақ Қайрат еш сыр білдірмейтін, өзінің киналып жүргені жөнінде ешкімге жақ ашпайтын. Былайша айтқанда, дауылпаз акын Қасым Аманжоловтың баяғыда бастан кешкен қиыншылықтарын ол да қайыспай қайталап жүрді десе болады. Қайраттың пәтерсіз жүргеніне бәріміз қапалы болсақ та, қолдан келер қайран жоқ. Әйтеуір, «Жыртық үйдің де құдайы бар» деген рас қой. Бір күні Бейбіт досымыз Алматы қаласы әкімінің орынбасары болып тағайындалған кезінде бәріміздің қуанышымызда шек болмады. Сол кезде Бейбіттің қала әкімінің алдына кіріп, Қайраттың талантты акын ретіндегі отбасы жағдайын түсіндіріп, кезектен тыс қаладан екі бөлмелі пәтер алуына үлкен ықпалы болды. Пәтер алар кезде Қайрат досының сырын жақсы білетін ол өзіміздің курстасымыз, сол кездегі «Жас Алаш» газетінің бас редакторы Төрехан Даниярға алдын ала телефон шалып: «Ертең қала әкімі пәтердің ордерін тапсырады. Салтанатты жиынға Қайрат дұрыстап киініп келсін. Сонымен қатар әкімге ризашылығын білдіріп, бір-екі шумақ арнау өлең жазып келсе де артық болмайды», – деген екен. Бейбіттің өтінішін Төрехан Қайратқа мықтап тапсырады. Алайда ақкөңіл Қайрат қолына ордер тимей жатып, тойлатып жіберсе керек, ордер алатын күні әкімшілікке белгіленген уақытта жете алмай қалыпты. Ақындардың бойында ақкөңілділік пен асаумінезділік қатар жүреді деп бекер айтылмаған-ау. Бейбіт бір курста оқығаны ғана емес, бір бөлмеде жатқан акын досының осындай еркелігінің тігісін жатқызып, әрдайым түсіністікпен қарап, кешіре білді. Бұл оқиғаны естігенде бәріміз «Әй, Қайрат-ай!» деп бір күлін алдық. Бұған қоса Бейбіт Қайрат досы бақи дүниелік болғанша екеуі адал достарша сыйласып, қолынан келген көмегін аяған жоқ. Дүниеден өткен соң

да балаларының жұмысы, тағы да басқа шаруаларына көмектесуін жалғастырып келеді.

Қайрат марқұм кейінгі жылдары шайтансумен қош айтысып, шығармашылықпен шындап айналысты. Тұрмыс жағдайы да жақсарып, астына темір тұлпар мінді. Мүлде басқа Қайрат болып шыға келді. Бірде бір тойда Қайраттың қасқа маңдайы жалтырап, шалбарының қыры сымдай тартылып, әп-әдемі кейпін көргенде бәріміз: «О, Қайрат, сен қандай керемет болып кеткенсің», – деп құшақтай алдық. Бірақ Алланың жазуы сол болды ма, әлде көз тиді ме, кім білсін, көп ұзамай Қайратымыздан қапыда айырылып қалдық. Астындағы темір тұлпары оған сенімді серік бола алмады. Туған жеріне жол тартып бара жатқан жолда аударылып, мәңгілік бақиға алып кетті. Жаңа қоғамда жаңа Қайрат болып көп жүре алмады. Өкініштісі сол. Неге екенін білмедім, біз әлі күнге дейін алпамсадай азаматымыздың еркелігін жиі еске алып, сағынып тұрамыз.

1999 жылы өзіміздің курстасымыз, Жамбыл облысы Шу аудандық газетінің редакторы Дикан Әбдиев досымыз ойламаған жерден қайтыс болды. Ол талантты журналист болатын. Бұл хабарды бірінші болып маған Бейбіт танертен ертемен телефон арқылы айтты. Сол жолы ол дипломатиялық академияның соңғы курсында оқитын. Диканды жерлейтін күн оның мемлекеттік емтихан тапсыратын уақытымен қатар келіп қалды. Алайда ол емтиханнан сұранып, бізбен бірге досымызды бақилық сапарға шығарын салуға жүріп кетті. Диканның әйелі екі баламен жесір қалды. Бірақ Бейбіт кейіннен азамат ретінде Диканның отбасына қолынан келген көмегін аямады. Жолдасы Ғалияны жұмысқа орналастырды, ұлының әскери училищеге оқуға түсуіне мұрындық болды. Ал қызын Астанаға жұмысқа орналастырып қана қоймай, тұратын жатақханасына дейін алып берді. Иә, бұл айтып отырғаным парасаты биік азаматтың жасаған игі істерінің бір пұшпағы ғана.

1991 жылы кезекті іссапармен Семей қаласына ұшып келдім. Мені курстас досым Мұратбек Оспанов тосып алды. Мұратбек ол кезде Семей облыстық «Семей таңы» газе-

тінде қатардағы тілші болып қызмет істейтін. Енді ғана үйленген, өзі жатақханада тұрады екен. Алматыға келген бетте курстастарым Бейбіт пен Төрехан Даниярға Мұратбек досымызбен кездескенімізді, тұрмыс жағдайының мәз емес екендігін айттым. Арада көп уақыт өте қойған жоқ, біздің газеттің Семей, Өскемен және Павлодар облыстарындағы меншікті тілшісі қызметінің орны босады. Сол кезде Бейбіт редакция алқасының мүшесі ретінде редакторымыз Уәлихан Қалижан ағамызға бұл орынға лайық деп Мұратбек Оспановтың кандидатурасын ұсынды. Уәкең қарсы болмады. Ол кезде меншікті тілшінің бір ерекшелігі – облыс орталығынан міндетті түрде пәтер берілетін еді. Көп ұзамай Мұратбек қаланың дәл ортасынан екі бөлмелі үй алды. «Жас Алаш» газеті арқылы ол да журналист ретінде бүкіл республикаға танылды. Сол Мұратбек бүгінгі күні республикалық «Абай» журналының бас редакторы, белгілі акын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Абай ауданының құрметті азаматы.

Сонымен қатар Бейбіт мүмкіндігіне қарай әрдайым курстастардың ешбір қуанышы мен қайғысынан қалмауға тырысады. Бірде бір курстасымыз ұлын үйлендірді. Тойға Алматыда тұратын курстастарымыздың кейбірі келмей қалды. Өл кезде Бейбіт Қазақстанның Түркиядағы тотенше және өкілетті елшісі қызметінде болатын. Тойға ат терлетіп, сонау Түркиядан келді. Сол кезде мен: «Тойға сонау Түркиядан Бейбіт келген кезде, Алматыда тұрып, келе алмаған мына азаматтардыкі не жөн?» – деп қатты ренжігенім де бар. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген бар емес пе қазақта. Иә, бізге Бейбіт осындай адамгершілік қасиетімен үлгі.

Түйткілін білген дос жақсы

Оқу бітіргеннен кейін бес жыл Алматы облыстық «Жетісу» газетінде қызмет істедім. Шамам келгенше газеттің әр бөлімінде тәжірибеден өттім. Өз тақырыбымды тауып, облыс оқырмандарына детектив жанрында қалам тербейтін журналист ретінде танылып қалған кезім болатын. Алайда араласатын ортаң көбейіп, қаламың ұшталған сайын,

үлкен кеңістік іздей бастайды екенсің. Сол кезде жаңадан республикалық «Халық кеңесі» газеті ашылды. Аталмыш газетке өзіммен «Жетісу» газетінде бірге қызмет істеген белгілі журналист, марқұм Басқар Битанов бөлім бастығы болып ауысты. Ал газет редакторы болып белгілі журналист, публицист-жазушы Сарбас Ақтаев ағамыз тағайындалды. Бір күні Басқар марқұм жұмысқа телефон шалып: «Бекен, бізде жаңадан бөлімдер ашылып, соған жақсы журналистер жинап жатырмыз. Сен туралы бөлім бастығына лайық деп басшылыққа құлаққағыс жасап қойдым. Мүмкіндік болса, қазір келіп қайтсаңшы. Бәлкім, жолың болып кетер», – деді. Мен сәл кешігіп, түстен кейін барсам, Сарбас аға бір жаққа жиналысқа шығып кетіпті. Содан жұмысқа қайтып келін, лифтіге сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Уәлихан Қалижанмен қатар мініп қалдым. Ол кісі мені көрген бетте: «Сенің жазған мақалаларыңды қадағалап оқып жүрмін. Бірақ ондай жақсы мақалаларды республикалық газеттерге берсең ғана жақсы көрінесің. Сондықтан да біздің газетке қызметке келсең қалай болады?» – дегені бар емес пе. Міне, қызық! Енді дұрыстап ойланатын уақыт келді. Екеуі де республикалық газет. Бірақ екеуінің де өз ерекшеліктері бар. «Лениншіл жас» – жетпіс жылға жуық тарихы бар, мықты шығармашылық ортасы қалыптасқан, еркіндігі молырақ басылым. Ал «Халық кеңесі» болса, енді ғана аяғынан тұрып келе жатқан газет. Сонымен қатар Парламенттің құзырындағы басылым. Сондықтан да «Лениншіл жастағы» сияқты еркін көсіліп, шығармашылық қанатыңды кеңінен жая алмауың мүмкін. Алайда қаржылық жағынан бұл газеттегі жігіттердің жағдайы жастар газетіне қарағанда, әлдеқайда жақсы болатын. Қаламақысы да қомақты. Бірақ жаңадан ашылған басылым болғандықтан, аталмыш газет оқырман жүрегіне жол таба ала ма, жоқ па, ол жағы белгісіз еді. Шынымен де дұрыстап ойланатын жағдай.

Дүйсенбі күні жұмысқа келген бетте Басқар досыма телефон соқсам, жұмыста жоқ екен. Тура осы кезде жұмыс бөлмеме курстас достарым Бейбіт Исабаев пен Төре-

хан Данияров кіріп келді. Ол кезде екеуі де «Жас Алаш» газетінде екі бөлімнің бастығы болып қызмет істейтін. Олар кірген бетте өздері қызмет істейтін газетте Алматы және Талдықорған облысындағы меншікті тілшінің орны босағанын, ол орынға бас редактор мені алмақшы ойы бар екенін айтты. Сөйтсем, Уәлихан ағамыз екеуін «курстастарыңды өздерің көндіріп алып келіңдер» деп жіберінті. Мен оларға «Халық кеңесі» газетінен де ұсыныс түсіп отырғанын жасырған жоқпын. Сондықтан да өз шешімімді түстен кейін айтсам дегенім сол еді, Бейбіт бірден: «Халық кеңесі» газетінің ертеңін ешкім білмейді. Оқырманын тауып, аяғынан тұрғанша қай заман. Жалақысы мен қаламақысына қызықпа. Ал мына «Жетісу» газетінде жүз керемет мақала жазсаң да, танымалдық жағынан облыс колемінен аса алмайсың. Ал біздің газетте бір-ақ жақсы мақаламен бүкіл республикаға танылуға болады. Сондықтан да ойланатын түк те жоқ, жүр кеттік», – деді дағы, екеуі екі қолтығымнан жетектеген күйі Уәлихан Қалижанның алдынан бір-ақ шығарды. Сөйтіп, Бейбіт досымның бірауыз сөзі менің түбегейлі шеңім қабылдауыма себепкер болды. Осы газетке келу арқылы өз тағдырымда үлкен өзгеріс болатынын, алдымда үлкен асулар күтін тұрғанын ол кезде білген жоқпын.

Лауазымым меншікті тілші болса да, Бейбіт басқаратын «Қоғамдық пікір және құқық» бөлімінде қызмет істедім. Сол кезде бұл бөлімде қазіргі уақытта Қазақ радиосының бас директорының орынбасары Ғалымжан Мелдеш, президент аппаратының жауапты қызметкері Әділбек Алпысбай, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының басқарма бастығы Әділбек Қаба істейтін. Бәрі де болашағы үлкен, қаламдары қарымды журналистер. Сонымен қатар аталмыш бөлімнің негізгі функциясының бірі – әр облыстағы меншікті тілшілердің жұмысын қадағалап, жоспарлы тапсырмалар беру болатын, яғни атқарар жұмысының ауқымы және қызметкерлерінің саны жөнінен редакциядағы ең үлкен бөлім болды. Бастығым өзімнің курстас досым. Өзімсініп, арқаны кеңге салуға да болады. Бірақ менің олай етуге

моральдық құқым жоқ еді. Себебі редакцияға жанадан келген журналистке бәрі сын көзбен қарайды, қарымы қалай екен деп сынайды. Ол сыннан сүрінсең, шығармашылық ортада өзіндік орның болмайды. Былайша айтқанда, отардың соңында ілбіп келе жатқан ақсақ тоқтының кебін киюің ғажап емес. Бұған қоса ол кезде редакцияда есімдері құрметпен аталып, өздерін сайыпқыран журналист ретінде баяғыда-ақ мойындатып қойған Ераға (Ерғали Сағат), Сапаға (Сапарбай Парманқұл), Несаға (Несіп Жүнісбай), Қасаға (Қасым Әзімхан) сияқты азаматтардың мысы басып тұратын. Егер де сені ең бірінші сол ағалар мойындайтын болса, онда көпшілік оқырманға мойындалдым деп есептей беруіңе болады. Сондықтан да жазған мақаланың әр сөйлемін таразылап қана емес, қоятын тақырыбыңды да жайната білуің керек. Газеттің кезекті санындағы мақалана сол аға буынның өкілдері бірауыз жылы пікір айтса, сол күні тасың өрге домалағандай әсерде боласын. Мен «Жас Алашка» келгенде осыны түсіндім.

Бейбіттің беталысына қарасам, бұрынғыға қарағанда әлдеқайда өзгерген. Қарамағындағы қызметкерлерге талапшыл. Студент кездегі ұқыптылығы мен жинақылығы, ізденгіштігі мен жеделділігі сол қалпы. Жұмысқа шалбарының қырын ұстараның жүзіндей етіп, тап-тұйнақтай жинақы келеді. Орынсыз ешкіммен қалжыңдаспайды. Сондықтан да мен оған қызмет барысында жолдасым емес, бастығым ретінде қарадым. Айтқан тапсырмасын уақытында бұлжытпай орындауға тырыстым. Ол кезде редакцияда меншікті тілшіні оқырманға ең алғашқы сүбелі мақаласы арқылы суретімен таныстыру дәстүрі бар болатын. Жанашыр дос ретінде ол маған жұрттың бәрін елең еткізетін мақала жазуға кеңес берді. «Сен қаламыңды қынабынан жаңа суырған журналист емессің ғой. Сондықтан да бір-ақ мақаламен өзінді мойындатуың керек», – деді. Содан кейін меншікті тілшінің беташары ретінде газеттің бір жарым бетін алып «Жала мен жаза» деген тақырыппен көлемді мақала шықты. Ол мақалада жазықсыз қызметтен босатылып, алты ай қамауда отырған және партия қатарынан шығарылған

Алматы облыстық жолаушылар тасымалы басқармасының бұрынғы бастығы, марқұм Шоқан Сәрсенбековке араша түскен едім. Мақаланы дайындаған кезде сол кездегі көлік министрі А. Томашевтің алдына барып, екеуіміз сөзге де келіп қалдық. Мақала шыққаннан кейін арты үлкен дауға айналып, мәселе сотқа дейін жетті. Ақырында әділеттілік салтанат құрды. Менің кейінкерім ақталып, партия қатарына алынып, қызметіне қайтып оралды. Сонымен қатар аталмыш мақаламды оқыған Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі таныстарым телефон шалып, өз құттықтауларын айтып жатты. Осы орайда мен үшін ұжымдағы жоғарыда аттарын атап өткен акберен ағаларымның қолымды қысып, сәттілік тілегендері және берген баталары ең үлкен олжа болатын. Сол кезде ғана жетпіс жылдық тарихы бар, талай тай-құлындарды тұлпар қылып шығарған киелі шаңырақта жүргенімді жете сезіндім. Кейіннен өткенге көз салсам, кезінде Бейбіт досымның ақылымен «Халық кеңесі» газетіне ауысып кетпегенім қалай дұрыс болған» деп ойлап қоямын. Шынымен де ол газеттің ғұмыры ұзаққа бармады. Нарық қыспағына шыдай алмай, жабылып қалды.

Өркенін жайдырған «Өркен»

Баспадағы талайдың «Өркен» еді,

Сол «Өркеннен» көп мықты өркендеді.

Журналистік фольклордан

Бейбіт екеуіміз бір бөлімде екі жарым айдан аса ғана қызмет істедік. Бір күні қызмет бөлмесіндегі телефон шыр ете түсті. Көтерсем, сол кездегі қалалық «Горизонт» – «Өркен» газетінің бас редакторы, белгілі саясаткер Алтынбек Сәрсенбаев марқұм екен. Амандық-саулықтан кейін Бейбітті сұрады. Ол кезде Бейбіт бір жұмыстармен шығып кеткен еді. «Онда келген соң маған хабарлассын деп айтарсын» деді. Сөйтсем, Алтынбек марқұм Бейбітке өзіне орынбасар бол деп құда түсіп жүр екен. Бейбіт ұзақ ойланды. Бір күні Алтынбек тағы бір мәрте телефон

шалды да: «Бекен, сенен несін жасырайын. Бейбітті өзіме орынбасарлыққа шақырып жүр едім. Созбалаққа салмай, бір шешімін айтсын. Осы сәлемімді жеткізші», – деді. Сол күні Бейбітке: «Бір шешіміңді айтпайсың ба?» – дедім. Бұл мәселені сағызша соза беруге болмайтынын түсінген ол сәл ойланып қалды да: «Өзің не ақыл бересің? Барғаным дұрыс па?» – деді. «Беке, сен менен ақыл сұрайтындай дәрежеде емессің ғой. Меніңше, барғаның дұрыс сияқты», – дедім. Ертесі күні біз оны жаңа қызметімен құттықтап, салтанатты түрде ақ тілеуімізді айтып, шығарып салдық. Кетерінде ол маған: «Уәкең «Бөлім бастығына кімді қоюға болады?» деп пікір сұрады. Мен сені айттым. Жалпы сен туралы өзінің де пікірі жақсы екен», – деді. Сөйтіп, Бейбітті шығарып салған күннің ертеңінде бас редакторымыз Уәлихан Қалижан редакция алкасының жиналысында мені бөлім бастығы лауазымына тағайындады.

«Лениншіл жас» газетінің шығармашылық дәстүрі шынымен де мықты ғой. Қазір ойлап қарасам, сол шаңырақтан канат қаққандардың ішінде өмірде өз жолы мен өз биігін таппағандар өте сирек екен. Бейбіт «Горизонт» – «Өркен» газетіне барған бетте көп ұзамай-ақ газеттің макетіне біраз өзгерістер еніп, мазмұны түрлене бастады. Сол кезде кейбір жігіттер Бейбіт жөнінде «Алтекең орынбасар таңдағанда қателескен жоқ» деген жылы пікірлер айтып жүрді. Әрине, газеттің бас редакторы мен орынбасары да қара жаяу журналистер болмағандықтан, ол басылымның гүлденетіндей де жөні бар еді. Көп ұзамай Алтынбек марқұм Президент аппаратына бөлім меңгерушісі болып ауысып кетті де, газет тізгіні Бейбіттің қолына тиді. Бұл кез елде нарық қағидаттары енді-енді ене бастаған қиын өткелдің басы болатын. Жұрт жалақысы мен зейнетақысын ала алмай жүргенде, газеттің де жағдайы қиын болатыны түсінікті. Сол жылдары Бейбіттің газетті нарық қыспағынан алып шығу үшін қаншалықты тер төккеніне өзім куәмін. Газеттің кезекті санын шығару үшін қағаздан бастап, демеуші іздеуге дейінгі жолда бар жанын салды. Инфляцияның шапқан аттай

күннен-күнге шабысын үдете түскені сонша, жазылымнан түскен қаржы газеттің барлық жыртығын жамай алмайтын еді. Сонымен қатар газетке қаржылық көмек көрсететін құрылтайшы да жоқ еді. Соған қарамастан, басқа қызметке ауысқанша «Өркеннің» өрісін тарылтқан жоқ.

Жалпы, халыққа адал рухани қызмет етіп, мол мұра қалдыра білген кез келген басылымның кадр тәрбиелеудегі өзіндік дәстүрі, өз киесі болады. Онда тәрбиеленген азаматтар ешқашан көштің соңында қалмайды. Мысалы, «Лениншіл жастың» («Жас Алаш») тарихына көз жүгіртетін болсақ, ол басылымнан түлеп ұшқан тарландардың ішінде кез келген додадан қанжығасы бос қайтқандары сирек. Қазіргі қазақ баспасөзінің тұтқасын ұстап отырғандардың көбісі аталмыш басылымның түлектері. Сол сияқты, шығу тарихы азғана жылды құраса да, «Өркен» газеті де талайлардың өркенін жайды. Сол газеттің бас редакторы болған мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі саясаткер, марқұм Алтынбек Сәрсенбаев қандай биіктерді бағындырғанын көпшілік жақсы біледі. Одан кейін газет тізгінін қолына ұстаған Бейбіт Исабаев қазақ теледидарының бас директоры, Алматы қаласы әкімінің орынбасары, Сыртқы істер министрлігінің аппарат жетекшісі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бөлім меңгерушісі, ерекше мәселелер жөніндегі елші, министрдің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы, үш мемлекетте (Пәкістан, Түркия, Қырғызстан) төтенше және өкілетті елші қызметтерін атқарып тастады. Ал Бейбіттен кейін «Өркеннің» бас редакторы болған Дархан Мыңбай да талай биіктерді бағындырып, бүгінгі күні Мәдениет және ақпарат министрлігінің тізгінін ұстап отыр. Міне, бұл мысал орайы келе салған сәттілік емес. Бір газеттен екі министр мен бір елші бекерден-бекер шықпасы анық. Бұл – үлкен мектеп. Әттең, тайқазаны терең және тағылымы мол сол мектеп ерте жабылып қалды.

Журналистикадан шыққан тұңғыш елші

*«Политика – не есть искусство возможного,
политика – искусство невозможного».*

Вацлав Гавел

Өз басым елші деген лауазымды қызметті терең түсінбегендіктен бе, соншалықты жауапкершілігі жоғары екеніне мән бермеппін. Еліміз егемендік алып, сыртқы елдермен саяси-экономикалық өрісіміз кеңи бастаған заманда ғана бұл қызметке назар аударма бастадым. 2003 жылы курстас достар жиналып, Бейбіт досымызды еліміздің Пәкістандағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметіне шығарып салдық. Бәріміз арамыздан бас көтерер азаматтың шыққанына қуандық. Көп ұзамай сол елде үлкен саяси толқулар орын алып, арты қанды қақтығысқа дейін барды. Бәріміз «Бейбіттің қалі қалай екен?» деп қобалжыдық. Одан кейін Бейбіт Пәкістандағы дипломатиялық миссиясын орындап болғаннан кейін Түркияға Төтенше және өкілетті елші қызметіне ауысты. Ол елде де күрд халқына байланысты саяси толқулар орын алды. Тағы да дос тағдырына алаңдадық. Ал енді еліміздің Қырғызстандағы төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарған кезде билік пен оппозицияның арасындағы қақтығыс шарықтау шегіне жетін, ел басшылығы ауысты. Көрші елдегі кантогіске ұласқан жағдайды күнде теледидардан көрген сайын жанымызды шүберекке түйдік. Алайда сол арағайындық миссиясын жүзеге асыру кезінде елші ретіндегі Бейбіттің атқарған саяси дипломатиялық жұмысы үлкен. Дәл сондай сәтте жауапкершіліктің ең үлкені ел атынан әрекет ететін елшіге жүктелетіні сөзсіз. Осындай сын сағаттарда саяси қателіктерге бой ұрғызбау – сындарлы дипломаттың ғана қолынан келетін іс. Иә, кешегі күні кадамын шалыс басқан досқа ақыл айтып, араздасқан досты татуластырып жүретін Бейбіт бүгінгі күні ел мен елді елдестіріп жүр. Осы орайда білікті елшілеріміз көп болса, бірлігіміз де баянды болары сөзсіз. Еліміз аман, заманымыз тыныш болғай.

Бейбіт Исабаев – бүгінгі күні қазақ журналистикасынан шыққан егемен еліміздің тұңғыш Төтенше және өкілетті елшісі. Саяси ғылымдар докторы. Ағылшын тілінде еркін сөйлейді. Дипломатиялық қызметі үшін «Құрмет», ТМД-ның «За заслуги» ордендерімен, Пәкістанның, Түркияның және Қырғызстанның бірнеше медалімен марапатталған. Сонымен қатар үш баланың әкесі атанған үлгілі отбасы басшысы да. Екі қызы Айнұр мен Айгерім жоғары оқу орнын үздік бітіріп, екі отбасының тірегі болып отыр. Ұлы Табыл – мектепте оқу озаты. Жолдасы Әсия болса өзіміздің курстасымыз, журналистика факультетін үздік бітірген. Бір отбасының ұйытқысы және көпке үлгі бола білген ана. Сондықтан да біз өз арамызда Бейбітті курстастар ішінен суырылып шыққан топжарған азаматтардың бірі және бірегейі деп есептейміз. Иә, шабысың талмасын, достым! Елің сенімен мақтансын.

04.10.2012 жыл

МЕНИҢ ГЕНЕРАЛЫМ

Мына соқпағы көп тірлікте алдыңда не тосып тұрғанын, тарам-тарам тағдыр жолдарының қайсысы қайда апаратынын білмейсің, әрине. Жаратқан Алла өз несібесін бұйыртқан сол жолдардың бірімен жүріп келе жатып, алып ұшқан көңілің арнасына сыймай, қуанатын да, су сепкендей басылып, мұңаятын да кездерің жиі болады. Осындай кездерде ғана жан-жағыңа сын көзбен қарайсың, өткен өмір жолдарыңа көз жібересің, әртүрлі тағдырлармен ұшырасқан сәттеріңді қуана да, қинала да еске аласың. Кіммен жолдас болдың, қандай адамдармен қызмет істедің, кімдердің шарапаты тиді, кімнен ұстаздық тәрбие кордің, сондай-ақ кімнің кесепатына ұшырадың, солардың бәрін толғана отырып, ой елегінен өткізесің. Осындай толғаным үстінде өз өміріңде өшпес із қалдырған адамдардың орны әрдайым жүрек түкпірінен ерекше орын алып, жаныңа шуақ шашып тұрады. Осы орайда осыдан 16 жылдан аса уақыт бұрын кеден саласына келгендегі алғашқы ұстазым,

«Дружба» кеден бекетінің және «Достық» кеденінің бірінші бастығы Иван Алексеевич Красуленконың есімін, одан үйренген тағлымдарымды ешқашан жадымнан сызып тастай алмаймын.

1992 жылдың наурыз айында «Дружба» стансасына алғаш келіп, пойыздан түскенде өз көзіме өзім сенбедім. Тура соғыстан кейінгі қираған қалашық сияқты. Шатырсыз, есік-терезесіз, иесіз қалған екі қабатты ескі үйлердің қаңыраған қаңқасын айтпағанның өзінде, қираған вокзалдың төрттен бір бөлігі ғана қалған екен. Сол вокзалдың қирамай қалған бір бұрышынан кеден бекетіне деп екі қызметтік бөлме бөлініпті. Алғаш келгенде қайда тап болдым деп жүрексінгенім де рас. Кеден бекеті бастығының жұпыны жабдықталған кабинетіне кірдім. Орта бойлы, қияқ мұртты орыс жігіті орнынан тұрып, жылы амандасты. Орнынан тұрып амандасқанына және жымыған жылы жүзіне қарағанда, қарапайым әрі мәдениетті адам екенін аңғару қиын емес еді. Менің осы кеден бекетіне жұмысқа орналасуым жөніндегі бұйрықпен танысқан соң (ол кезде «Талдықорған» кеденіне бағынатын) әңгімені өзі бастады. «Міне, жұмысты енді бастап жатырмыз. Кереметтей көп жұмыс жоқ. Тұратын үй жағынан да проблемалар көп. Енді бір жарты айдың ішінде біздерге екі бөлмелі бір үй бергелі жатыр. Сонда сыйысып тұрарсындар. Сондықтан да Алматыда бітпей қалған жұмыстарың болса бітіріп, асықпай бір-ақ кел», – деді. Жаңа танысқан бастығымның мына сөзі көңілімдегі ойымды дөп басқандай болды. Себебі қолымда кеден бекетіне орналасқандығым жөнінде бұйрығым болса да, осында жұмысқа қалсам ба, қалмасам ба деген екі ойлы жағдайда отырған едім. Асықпай кел деген сөзі менің әлі де болса ойланып-толғануыма мол мұрсат бергендей болды.

Алматыға қайтып келіп, көп ойландым. Сол кездегі кеден комитетінің төрағасы, генерал-лейтенант Нұрлан Тілемісовтің қабылдауында болдым. Бұрыннан да таныстығымыз болған соң, ол кісіге өз ойымды ашық айтып, ақыл сұрадым. Нұрлан Хайдоллаұлы өте жылы қабылдап, Дружбаға барғым келмеген жағдайда жақында кеден комитетінде қоғамдық байланыс бөлімі ашылатынын,

соған бастық болып келуімді ұсынды. Және де сөз арасында Қазақстандағы қай кеденге орналасам десем де қолынан келген көмегін аямайтынын, Қазақстан үшін кеденнің мүлде жана сала екенін, сондай-ақ жұмысты нөлден, жаңадан бастаған адамның нағыз кәсіби маман болып шығатынын басып айтты да: «Егер жұмысты жақсы әрі таза істесең – өзім өсірем, ал егер менің атыма кір келтіріп, жаман істесең – өзім өшірем», – деді. Осылайша, мен ол кісінің ағалық ақылын тыңдай отырып, «Дружба» кеден бекетінде қызметті қатардағы инспектор болып бастауға бел байладым. Кеден бекетінің сол кездегі штаттық құрамы небәрі он адамнан ғана тұратын. Ал тиісті материалдық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілу жағдайы тым мүшкіл еді. Компьютер мен ксерокстың, факсимильді байланыстың, қызметтік көліктің жоқтығын айтпағанда, кеденшілердің үстінде қызметтік киім де жоқ болды. Жігіттер жұмысқа күнделікті азаматтық үлгідегі киіммен келе беретін. Кеден бекетінің бар байлығы – іс қағаздарын басатын ескірген жалғыз механикалық машинка бар еді. Ал шаң басқан ол машинкамен жұмыс істеуді менен басқа бір адам білмейді екен. Бірде бастығым менің машинканы зырғытып еркін басып отырғанымды көрді де, қатты қуанды. Аркамнан қағып тұрып: «Енді біздің қатарымызға қолынан іс келетін, қағазбен жұмыс істей алатын адам келді деп есептеймін», – деді. Мен оның сенім арта сөйлеген сөзіне марқайып қалдым. Редакцияда құқық бөлімі және хат бөлімінің меңгерушісі болып істеген тәжірибем бар, кеден бекетінің канцеляриясындағы біраз кемшіліктерді жоюға атсалыстым, тиісті кіріс, шығыс журналдарын нақтылы жолға қойдық, тиісті номенклатураны дұрыстадық. Әсіресе, жұмыста компьютер мен ксерокстың жоқтығы бәрінен де маған өте ауыр тиді. Жоғарыдан күнделікті ағылып келіп жатқан Үкімет қаулылары, кеден комитетінің нұсқаулары, ережелері, бұйрықтары және ағымдағы құжаттар бір-бір данадан ғана келетін болғандықтан, олардың кейде жоғалып кететін кездері де жиі болатын. Бір күні Иван Алексеевич кабинетіне шақырып алып былай деді: «Мына

жоғарыдан келіп жатқан құжаттарды машинкаға бірнеше дана етіп басып, жігіттерге үлестіріп беріп отыр. Оқысын, үйренсін. Шамаң келгенше, өзің соларға сабақ өткіз», – деп тапсырды. Жұмыс барысында түнімен ұйықтамай машинка басқан күндерім де көп болды. Одан мен ширамасам, зиян көрген жоқпын. Кейбір құжаттарды машинкаға бірнеше мәрте басып отырып, мазмұнын жаттап та алатынмын. Бұл жағдайлар шын мәнінде жұмысты жетік меңгеруге, кәсіпке кеденші ретінде қалыптасуға үлкен сентігін тигізді. Содан кейін арада небәрі 3 айдан аса уақыт өткенде бастығым мені кабинетіне шақырды. Әңгімені бірден: «Жақында біздің «Дружба» кеден бекеті «Достық» кедені болып қайта құрылады. Саған үлкен сенім артып отырмын, жүк бөлімінің бастығы болып барасың ба?» – деді. Мен бірден тәжірибемнің аздығын айтып, бұл ұсыныстан бас тарттым.

Арада көп уақыт өте қойған жоқ. Кеден басшысының тапсыруымен уақытша жолаушылар бөлімінің бастығы міндетін атқаруыма тура келді. Әлі есімде. Бір күні халықаралық «Жібек жолы» пойызын кезекті кедендік тексеруден өткізіп жатқан едік. Иван Алексеевич рациямен маған тексеру жұмыстары біткен соң бөлімнің жігіттерін ешқайда жібермей, бәрін кабинетке жинап әкелуімді тапсырды. Бәріміз жиналған соң: «Ал, жігіттер, бүгін кімнің қандай іске қабілеті бар және ниеттері қандай екенін тексергім келіп отыр. Бәрің де қолдарыңдағы дипломаттарыңды үстел үстіне қойып, ашыңдар», – деді. Мұндай оқиғаның боларын білмеген кейбіреулер сасып қалды. Үш-төрт дипломаттың ішінен кедендік тексеру кезінде пендешілікпен алған темекі тұтатқыш, қаламсап, сыйлық бұйымдар сияқты ұсақ-түйек заттар шықты. Әріптестерім үшін мен де қатты қысылдым. Бұл келеңсіз жайды көрген кезде қатты ашуланған Иван Алексеевич: «Сендер отпен ойнап жүрсіндер және тым ұсақтанып кеткен екенсіңдер. Сендердің тағдырларыңа қазір-ақ балта шаба салуыма болады. Бірақ бұл жолы кешірдім. Енді кімде-кім пойызға дипломат алып шыққанын көрсем және мынандай жағдайлар қайталанатын болса, маған өкпелемендер. Мына заттарды кешірім сұрап, иелеріне қай-

тып беріндер», – деді. Көп ұзамай Иван Алексеевич әлгі дипломаттарынан заттар шыққан төрт жігітті жауапкершілігі төмен, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен байланысы жоқ бөлімдерге ауыстырып жіберді. Иә, шалыс баспайтын тұяқ жоқ. Егер де жүрегінде иманы жоқ басқа біреу болғанда жігіттерді қатаң жазалап, жұмыстан шығарар ма еді, кім білсін? Ертеңгі күні олардың тағдыры не болатын еді? Иван Алексеевичтің басқарушылық тәжірибесі негізінен адамды жазалау емес, сол жазаны болдырмаудың алдын алу жөне тәрбиелеу болатын. Осы орайда ұлы Абайдың «Егер мен закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген даналық сөзі еріксіз еске оралады.

Көп ұзамай «Дружба» кеден бекеті «Достық» кедені болып қайта құрылған кезде бірнеше жаңа бөлім ашылып, кеденнің штат кестесі 135 адамға дейін жетті, жаңадан тағайындаулар басталды. Ал енді кеден басшысы И. А. Красуленконың сол кездегі ұжымның алдына шығып: «Бөлім бастығы және бас инспектор қызметтеріне өзіммен бірге кеден өмірінің ыстық-суығына шыдап, тәжірибе жинақтаған, кеденнің іргетасын өзіммен бірге қаласқан жігіттерден ғана тағайындаймын. Жоғарыдан телефон шалдырып немесе жұмысқа жаңадан келе салып, бастық боламын деп дәмепендер», – деген ескерту сөзі әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Ол айтқан сөзінде тұрып, барлық бөлім бастықтарын кеден саласында аз да болса тәжірибе жинаған, қолынан іс келетін адамдардан тағайындады. Кеден бекетінің алғашқы іргетасын қалаған он шақты жігіттің бәрі бір-бір бөлімнің немесе ауысым бастығы болып тағайындалды. Мені жаңадан ашылған автокөлік өткелі бөлімінің (Қазіргі «Алакөл» кеден бекеті) бастығы етін тағайындады. Қазір ойлап қарасам, Иван Алексеевичтің кадрларға деген сенімі мен тәрбиесінің негізі өзін-өзі ақтады деп айтуға болады. Өкінішке қарай, сайдың тасындай, «сен тұр, мен атайын» дейтін сол жігіттердің біразы бақи дүниенің есігін тым ерте ашты, ал біразы қазіргі уақытта кеден саласында әлі күнге дейін абыроймен қызмет

атқарып жүр. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, шәкірттерінің алды кеден басқармасы, кеден және кеден бекеттері бастығы қызметтеріне дейін көтерілді. Атап айтсақ, Иван Алексеевичтің орынбасары болған Шеризат Қалауов кейіннен Жамбыл облыстық кеден басқармасының, «Байқоңыр» және «Қорғас» кедендерінің бастығы дәрежесіне дейін көтерілді. Ержан Нұғыманов марқұм «Достық» және «Бақты» кедендерінің бастығы болды. Талғат Абдрахманов пен Нұрлан Баймолдинов Алматы қалалық кедендік бақылау департаментінде басқарма бастықтары, Ерғасыл Идрішев бас маман болып қызмет істейді. Ал Әлихан Өмірбеков пен Баймұрат Қабдолданов әлі күнге дейін сол «Достық» кеденінде екі бөлімнің бастығы, Алмас Бокаев пен Бауыржан Төлегенов бас маман болып абыроймен қызмет етуде. Осы әріптестерім сияқты мен де қатардағы инспектордан кеден бастығына дейінгі жолдан өттім.

Қазақ халқында «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты кашсын» деген мақал бар. Иван Алексеевичпен 3 жылдан аса бірге қызмет істегенде байқағаным, оның бойындағы мәдениеттілік пен мейірімділік, кішіпейілділік, айтқан сөзінде тұратын азаматтық тәрізді қасиеттері оны ерекше тұлғаландырып тұратын. Әсіресе, оның өз міндетіне деген жауапкершілігі, жеке басының адалдығы мен тазалығы және қарапайымдылығы бізді қайран қалдыратын. Кеден бастығы болып қызмет істеп жүрсе де, тіпті оның жекеменшік көлігі де болмады және тым қарапайым киінетін. Ол жақсы жұмыс істеп, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген кеденшілерге тиісті бір ай еңбек демалысына қосымша өз атынан бір апта демалыс күндерін қосып беретін. Әрине, бұндай жауапкершілікті кез келген басшы өз мойнына ала бермейді. Бұған қоса отбасы жағдайымен сұранған жігіттердің бетін қайтармайтын. Жұмыс барысында бөлім бастықтарының сөзіне құлақ асып, олардың өз еркімен шешім қабылдап, жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін. Сонымен қатар жұмыс барысында кемшілік жіберген қызметкерлерге көптің көзінше дауыс көтере ұрсып, ар-намысына тиетін ауыр

сөздер айтуды, сондай-ак өсек жинап, біреудің соңына түсіп алуды білмейтін. Қарамағындағы қызметкерлердің отбасы жағдайына дейін үнемі назарда ұстап, колдан келген көмегін аямауға тырысатын. Және де басшы бола тұрып, жиналыстарда жасайтын баяндамаларын біреуге жаздырып, дайындатпайтын. Баяндаманы да, газеттерге кеден өмірі жөніндегі мақалаларды да өзі жазатын. Содан кейін газетке шығаратын материалдарын маған беріп тұрып: «Мен өзіме тиісті жұмысты бітірдім, ал қалғанын өзіңе тапсырдым», – дейтін. Содан кейін мен ол мақалаларды қазақшаға аударып, қазақ және орыс тіліндегі басылымдарға шығаратынмын. Біз екеуіміздің өмірге деген көзқарасымыз, айтар әңгімеміз бен пікіріміз өзара үндесіп жататын. Тіпті, екеуіміздің туған күніміз де бір күнде – 7 қаңтарда болатын.

1992 жылдың қараша айында көршілес Қытай еліндегі «Алашаньюкоу» кеденінің басшылығы бізді арнайы кездесуге шақырды. Иван Алексеевич қасына мені ертіп алды. Кеден қызметі және жұмыс барысындағы проблемалар туралы айтып, оларды талқылап, тәжірибе алмасып болған соң, үлкен дастарқан мәзіріне жиналдык. Дастарқан тізгінін асаба ретінде «Алашаньюкоу» кедені жүк бөлімі бастығының орынбасары Смайыл деген қазақ жігіті қолына алды. Ол қазақ, орыс және қытай тілдерінде еркін әрі таза сөйлейді екен. Сөз арасында Смайыл Иван Алексеевичтен: «Сіз хохолсыз ба?» – деп сұрады. Ол болса: «Жок, мен қазақпын. Ал менің мына қасымдағы әріптесім Бекен – қазақ», – деді күліп. «Кешіріңіз, – деді Смайыл, – сонда сіз Краснодар ма әлде Дон казагысыз ба?» – дегенді естігенде, Смайылдың соншалықты білімділігіне таңырқап, аузымды ашып қарап қалдым. Иван Алексеевич болса таңырқаулы жүзбен: «Дон казагымын», – деп жауап берді. Сол сәтте Смайыл: «Иван Алексеевич, онда мен сіздің құрметіңізге Дон казактарының халық әнін айтып берейін», – деп қоңыр дауысымен әуелете жөнелгенде, екеуіміз шалқамыздан түсе жаздадық. Иван Алексеевичке қарасам, Дон казактарының халық әнін Қытай елінде алғаш естігендіктен бе, рақаттана тыңдап, көзіне жас келіп,

көңілі босап отыр екен. Ән бітісімен орнынан ұшып тұрып, Смайылдың бетінен сүйді, қытайлық әріптестерге рақметін айтты. «Отан оттан да ыстық» дейді ғой халқымыз. Мен сол кезде-ақ оның жүрегінің бір бұрышында Отанына деген бір сағыныш сезімінің лаулап жанып жүргенін аңғардым. Осыдан кейін іле-шала тағы бір қытай кеденшісі сөз алып: «Жаңа Смайыл Иван Алексеевичтің құрметіне Дон казактарының халық әнін айтса, енді мен Бекен әріптесіміздің құрметіне казактың халық әні «Бипыл-айды» орындап берейін», – деді. Қытайлық әріптесім «Бипыл-айды» нақышына келтіріп, отыз екі тамырымды жібіте отырып шырқады. Шынымды айтсам, сол сәтте менің де көңілім ерекше толқып, жүрегім тебіреніп кетті. Біз бұл сапардан көп нәрсені көңілімізге түйіп қайттық. Қонақ күту мәдениеті жағынан қытайлық әріптестерден де біраз нәрсе үйренгеніміз өтірік емес. Қайтып келе салысымен Иван Алексеевич кеден ұжымында қытай тілінде сабақ өткізу мәселесін қолға алды. Соның нәтижесінде кейбір жігіттеріміз қытайша әжептәуір еркін сөйлейтін дәрежеге жетті.

Иван Алексеевич Красуленконың басқаруы кезінде бірде-бір кеденшінің үстінен арыз-шағым түскен жоқ, бірде-бір кеденші қылмыстық жауапкершілікке тартылған емес. Кеден ұжымындағы ауызбіршілік өте жоғары деңгейде болды. 1992 жылдың қорытындысы бойынша «Достық» кедені Республика кеден органдары арасында кеден саласындағы контрабандаға және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күресте бірінші орынды жеңіп алды. Сондай-ақ 1995 жылы ақпан айында казакша күрестен кеденшілер арасында өткізілген бірінші республикалық спартакиадада «Достық» кеденінің балуандары басқа кедендерде қызмет істейтін бұрынғы Еуропа, Әлем чемпиондарының жамбасын жерге тигізіп, бірінші орынды жеңіп алды. Бұл жетістік те сол кездегі үлкен ауызбірліктің белгісі еді.

Өмір болған соң, оның ащысы мен тұщысы және ақиқаты мен әділетсіздігі қатар жүреді. 1995 жылы Иван Алексеевичтің нақаттан жүрегіне жара салған мына бір оқиға әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Иван

Алексеевичтің өз Отаны – Ресейге кетуге жиналып жатқанын естіген «Дружба» стансасының көлік прокуроры Хасен Меңдібаев тырнақ астынан кір іздеп, ойламаған жерден кеденге тексеру жүргізді. Түймедей нәрсені түйедей етіп дабыратып, оның үстінен қылмыстық іс қозғап, қаматып тастады. Прокурордың бұл әрекетіне бүкіл кеден ұжымы түсінбей, наразы болды. Себебі Иван Алексеевичті шығарып салу салтанатына арналған дастарқанға келіп тұрып, өзінің ақ тілегін айтқан прокурордың мына қылығын түсіне алмадық. Иван Алексеевичті қамаған күннің ертесінде милициядағы жүрегінде иманы бар таныс жігіттер арқылы арнайы рұқсатпен онымен жүздесіп шықтым. Ол мені көре салысымен қоңілі босап кетті. «Сен мені білесің ғой. Бұның бәрі жалған. Ертең-ақ ақталып шығамын», – деді. Мен оны құшақтап, сабыр сақтауға шақырдым, қолымыздан келген көмекті аямайтынымызды айттым. Өзімнің де денем тітіркеніп, көзіме жас келді. Аз күннің ішінде әжептәуір жүдеп кетіпті. Дереву камерасына өзі керек деп өтініш білдірген заттарын кіргіздіріп бердік.

Ертесі күні көлік прокурорының алдына бардым. «Сіз оның адал да таза адам екенін білесіз ғой. Сізге жасаған зияны жоқ, тырнақ астынан кір іздеп не қыласыз, еліне ренжімей қайтсын», – деп араша түсуге тырыстым. Алайда прокурор өз айтқанынан қайтпады. Сол күні Иван Алексеевичтің қорғаушысы кәріс жігіті келді. Іспен танысып болған соң, қорғаушыны біз қонақ еттік. Қорғаушы қылмыстық кодекспен қылмыстық процессуалдық кодекс талаптарын білу жағынан өте сауатты екен. Әңгіме арасында бізге қылмыстық істің негізсіз қозғалғанын және көп ұзамай Иван Алексеевичтің толықтай ақталып шығатынын айтты. Қорғаушының айтқаны тура келді. Иван Алексеевич ақталып шықты, таққан кінәлардың бірде-біреуі дәлелденбеді, іске қатысы бар деген бірде-бір куә Иван Алексеевичтің мүддесіне қарсы жауап берген жоқ. Сол кезде кейбіреулер оған: «Үстіңізден негізсіз қылмыстық іс қозғап, жазықсыз қамауға алған прокурордың үстінен неге арызданбайсыз?» – деген еді. Ол сонда: «Өйтін ұсақтанғым келмейді. Уақыт әлі алда ғой, әркімге өз жазасын Құдай береді», – деді.

Иван Алексеевич біреудің қуанышына да, қайғысына да шын ниетімен ортақтаса білетін азамат екенін талай мәрте дәлелдеді. 1995 жылы «Қорқаулар түнде жортады» атты детектив жанрындағы тырнақалды кітабым баспадан шықты. Сол кезде қуанышыма ортақтасып, «Сен біздің мақтанышымызсың» деп шын көңілден құшағына тартып, қуанғанын айтсаңшы. «Дружба» стансасында оның ұйымдастыруымен әлгі кітабымның тұсаукесер рәсімі өткізіліп, салтанатты түрде дастарқан жайылды және ұжым атынан маған ат мінгізілді. Осындай сый-құрметті, осындай дос көңілді қалайша тебіренбей еске аласың? Бұл біздің шынайы достығымыздың, бір-бірімізге деген риясыз адал көңіліміздің белгісі еді. Біздің осындай қарым-қатынасымызды көре алмай, ішіне пышақ айналмай жүргендер де болды. Ол үшін біреуді кінәлауға да болмайды. Себебі кейде өзіннің ет жақын туысың да өзінді көре алмай қалатын кездері болады. Бұл өмір заңдылығы емес пе.

Бірде Иван Алексеевич шұғыл түрде бір қағаздарды Алматыға жіберу керек болды да, оны жеткізуді сол кездегі жүк бөлімінің бастығы Әлихан Өмірбековке тапсырды. Ол кезде жігіттердің көбінде жекеменшік көліктері жоқ болатын. Әрдайым өзіне тапсырылған іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын Әлихан Алматыға өз көлігімен шықты. Жолда кетін бара жатып, көлігінің оң жақ қанаты мен есігін соғып алады. Соған қарамастан тиісті қағаздарды бас кеден басқармасына айтылған уақытында жеткізеді. Бұл жағдайды естіген Иван Алексеевич мені шақырып алды да, былай деді: «Әлихан Алматыға менің тапсырмамды орындаймын деп бара жатып, көлігін соғып алды емес пе. Оны жөндеуге қанша ақша шығарыпты, сен соны білші. Мен сұрайтын болсам ұялып, айтпауы мүмкін. Сондықтан да көлігін жөндеуге кеткен ақшасын қайтып берейін, әйтпесе ұят қой», – деді. Иван Алексеевичтің аузынан осы сөздерді өз құлағыммен естігенде, мен оны тағы бір қырынан танығандай болдым. Бұндай әділдік пен адамгершілік қасиетті қолына билік тізгінін ұстаған кез келген азаматтың бойынан кездестіре бермейсің.

Иван Алексеевич отбасымен Ресейге біржолата көшер алдында бүкіл кеден ұжымы оны үлкен сый-құрметпен шығарып салды. Бір-бірімізге бауыр басып қалғанымыз соншалық, жақын-туыс адамдардай қимай қоштастық. Кейбір жігіттер коздеріне жас та алды. Шығарып салу кезінде маған арнайы сөз берілді. Мен өз тілегімді білдіре келе сөзімді: «Амандық болса, кедендегі қызметіміз жайлы талай көркем шығармалар жазармын. Сол кезде менің ең басты және ең жағымды кейіпкерім Сіз боласыз, Иван Алексеевич. Сізді біз ұмытпаймыз, Сізді тарих ұмытпайды», – деп аяқтадым. Иә, бүгінгі мына шағын естелігім соның мөлдір бастауы деп ойлаймын.

Иә, Ресей кеденінің тарихы бірнеше ғасырларды құрайды. Соған қарамастан 1991–1993 жылдары Қазақстан кеден органдарында басқа ұлттың өкілдерінен тұратын мықты кадрлар резерві қалыптасты. Сол кездері Қазақстан Республикасының кеден органдарында әртүрлі басшы қызметте болған В. А. Борисенко, В. Н. Пономарев, А. А. Синюкович, И. Лукьянов генерал-майор дәрежесін алса, С.В. Лапченко генерал-лейтенант дәрежесіне дейін көтерілді. Бұл азаматтар генерал шенін Ресейге барып алса да, олардың бәрін Қазақстан кеден мектебінің тәрбиеленушілері деп мақтанышпен айтуға болады. Біздің жүрегімізде солардың бірі және бірегейі ретінде әрдайым И. А. Красуленконың орны бөлек тұрады.

Талай тарихты ішіне бүккен және атақты «Аңырақай» шайқасының куәгері болған Жонғар қақпасына қоныс тепкен «Дружба» стансасы мен ондағы «Достық» кеденінің бүгінгі келбеті өркениет талабына сай адам танымастай өзгерген. Кеденшілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы да осыдан 20 жыл бұрынғымен салыстыруға келмейді. Ол кезде болашақта кедендік тексерудің техникалық құралдарының озық үлгісіне жататын тауарларды жеткізуді автоматты түрде бақылау (АСКДТ), инспекциялық тексеру кешені (ИДК), «Янтарь» қондырғысымен, электронды пломбалармен және әуежайларда жолаушылар декларацияларын автоматты түрде толтыруға мүмкіндік беретін кеден дүңгіршектерімен

жұмыс істейміз деген ой қаперімізге де кірмеген болатын. Кеден жүйесінің жұмысы түгелдей жаңаландырылып, жұмыс процестері түгелдей автоматтандырылады деп ойладық па? Қазіргі уақытта «Дружба» стансасында арнайы кеденшілер ғана тұратын үлкен қалашық бой көтерген. Керек жағдайдың (монша, қыстық доп алаңы, бильярд залы, балалар ойнайтын орын т.б.) бәрі жасалған. Кедендік инфрақұрылым жақсарып, кеденшілер қызмет көлігімен де жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген. Бір кездегі қираған қалашықтың орны күн өткен сайын гүлденіп, шаһардың келбеті замана талабына сай сәулеттене түсуде. Алайда қыстың қақаған аязы мен бет қаратпайтын боранында аядай екі бөлмеде, вагондарда бүрісіп отырып жұмыс істеген сәттерімізді, қызмет көлігінсіз 4–5 шақырым жердегі жұмысқа күнделікті жаяу барып қайтатын кездерімізді, екі бөлмелі үйде он жігіттің ың-шыңсыз, тату-тәтті тұрған уақытты біз әрдайым жүрек тебірене еске аламыз. Тіпті, кеңес үкіметі тараған алғашқы қиын жылдары «Дружба» стансасындағы жалғыз азық-түлік дүкенінде карточкалық жүйе болатын. Жергілікті тұрғын ретінде тіркелмегендіктен, кеденшілерге дүкеннен сары май, қолбаса сияқты тамақтар және арақ сатылмайтын. Біздің ауызбірлігімізді, ерік-жігерімізді шындаған сол бір кездерім үшін тағдырыма мың да бір ризамын. Өткен күн қайтып келмесе де, тарих ештеңені ұмытпайды. Шіркін, уақыт неткен жүйрік десеңші! Қазақстан Республикасы кеден органдарының құрылғанына да жиырма жылдан асып кетті. Осы орайда, Қытаймен шекарада орналасқан кеден тарихы жөнінде сөз қозғалар болса, «Достық» кеденінің алғашқы іргетасын қалаған Иван Алексеевич бастаған он шақты жігіттің атына да ешбір жаман сөз айтылмайтынына сенімдімін. Себебі «Достық» кеденінің бүгінгідей биік дәрежеге жетуіне, аяғынан тік тұруына және ондағы кадрлар резервінің қалыптасуына теңізге тамған тамшыдай болса да өзіміздің қосқан үлесіміздің барлығын мақтанышпен айта аламыз.

Қазақстаннан кеткен соң Иван Алексеевич Санкт-Петербург кеден басқармасында қызмет етті, одан кейін

«Мурманск» және «Балтика» кедендерінің бастығы болды. Қазіргі уақытта еңбек демалысында. Иван Алексеевичтің тағы бір үлкен адамгершілік қасиетінің биіктігі мынада – Қазақстаннан көшіп кеткеніне 17 жылға жуық уақыт өтсе де, әлі күнге дейін бізбен телефон арқылы хабарласып, аман-саулық сұрасып, әр мереке сайын құттықтап тұруды да ұмытпайды. Бұл да бір үлкен мәдениеттілік пен парасаттылықтың мектебі екені сөзсіз.

Міне, біз білетін генерал-майор Иван Алексеевич Красуленко – ізгі ниетті, азамат деген атына шаң жұқтырмаған осындай жан. Осы орайда орыстың ұлы жазушысы Михаил Шолоховтың «Донда жүрсем казакпын, Қазақстанға келсем казакпын» деген әдемі бір қалжыңы еске түседі. Қазақстан кеденінде біраз жыл туған ағалы-інідей, тонның ішкі бауындай араласып, қызметтес болған, өзін Дон казағымын деп айтатын орыс жігітін әрдайым зор құрметпен еске алып қоямын. Және де Дэниел Бурстиннің: «Настоящая слава – это когда ваше имя ценится дороже, чем ваша работа» деген ұлы сөзі Иван Алексеевич сияқты азаматтарға арнап айтылғандай. Иә, ол менің кеденге келгендегі алғашқы ұстазым, ол – менің генералым.

07.01.2006 жыл

ЖҮЛДЫЗДАР ІЗ ТАСТАП АҒАДЫ

Бес күндік жалған дүние-ай!.. Сен туралы естелік жазамын деп ойлап па едім. Қандай ауыр. Қолым дір-дір етеді. Сиям шашырап кетті. Қаламсабым да жылап тұрған сияқты. Көзіңнің тірісінде неге жазбадым екен. Өкінішті. Сен қандай құрметке болса да лайық адам едің ғой...

Әлі есімде. Мен ол кезде жасым бір мүшелге де толмаған баламын. Ағам мен әпкем екеуі Алматыда екі институтта оқитын. Әкеміз ұзақ наукастанып, отбасымызда кішкене жайсыз жағдайлар орын алды. Бар ауыртпашылық шешеміздің мойнына түсті. Екі студентті оқыту мен қаршадай үш баланы жеткізу оңай ма. Сол жылдары жақын ағайын-туыстың ішінде біздің арқасүйер және тірек болар

бір-ақ адамымыз болды. Ол шешемнің туған бауыры, белгілі жазушы-журналист, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбаев аға еді. Шешем марқұм бауырына арқа сүйеп, Алматыға жиі баратын. Кәкімжан ағаның ол кезде елге танылып қалған шағы болатын. Баспа және полиграфия істері жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары қызметінде жүрді. Шешеміз Алматыға кеткенде біз қатты қуанатынбыз. Себебі бауыры құр қол қайтармайтын. Базарлықты да көп ала келетін. Әсіресе, менің қуанышымда шек жоқ. Олай дейтінім, сол кезде Кәкімжан ағаның үлкен ұлы Нұртас шешеме өзінің қысқарып қалған киімдерін «Бекенге апарып беріңіз» деп беріп жібереді екен. Сондағы қуанған сәттерімді әлі күнге дейін ұмытқан емеспін.

Нұртас екеуіміздің араздықтағы жас айырмашылығымыз бес-ақ жас болатын. Өзі әлі мектеп қабырғасындағы бозбала болса да, әкесінің жалғыз әпкесінің тұрмыс жағдайы оны да бейжай қалдырмаса керек. Содан ба, Нұртастың ағалық пейіліне риза болып, бала көңілім шуаққа бөленіп жүрді. Нұртастың киімдері еш жеріне дақ түспеген, жыртылмаған және мұнтаздай таза болатын. Бала болсам да, оның киімді қалай ұқыпты киетініне таңғалатынмын. Содан кейін көңілім жадырап, сол киімдерді киіп алып, кластастарыма «Алматыдағы Нұртас ағам беріп жіберіпті» деп мақтанатынмын. Сондықтан болар, ағайын-туыстың ішінде Нұртас маған өзімнің ең жақсы көретін ағаларымның бірі ретінде көңілімде қалып қойды.

Жалпы, адамның мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеті ұяда көрген тәрбиесінен ғана емес, оның азан шақырып қойылған есімімен де тығыз байланысты болатыны ақиқат. Нұртас деген есім негізінде «нұры тасыған» деген мағынаны білдірсе керек. Иә, оның тұла бойынан адамгершілік, мәдениет, шарапат, парасат және салиқалылық лебі есіп тұратын. Кез келген адамға ізеттілік танытып, адамгершілік тұрғысынан қарайтын. Ол хирург-дәрігер ретінде науқастарының жан дүниесіне терең үңілетін. Ешқашан науқастарды тұрмыстық және қызметтік жағдайына қарап бөлмейтін. Қызмет барысында сенбі-жексенбі дегенді білген

емес. Себебі ол әр науқасқа өз әке-шешесіне еміренген баладай немесе баласына жаны аши қараған әкедей пейіл танытатын. Операция жасаған сайын науқастың өмірі үшін жанын сала еңбек етті. Өйткені ол бар нәрсені адал жүрегімен қабылдайтын. Сонымен қатар оның ұялы телефонында тыным болмайтын еді. Әсіресе, демалыс күндері, той-томалақта немесе кешкілік дастарқан үстінде ұялы телефоны шыр ете түседі. Ар жақтан Нұртастан көмек сұрап шырылдаған біреудің дауысы естіледі. Содан кейін ол бар нәрсені ысырып тастап, кезекті науқасты құтқару үшін жұмысқа кетіп бара жатқанының талай мәрте куәсі болған жайым бар.

Бірде ұзаққа созылған науқастан белгілі журналист Мұрат Бөлдекбаевтың анасы қайтыс болды. Ол менің курстас досым болатын. Сол жылдары Мұрат Премьер-министрдің баспасөз қызметінің жетекшісі қызметінде жүрді. Ал ол кісінің әкесі марқұм Саттар Бөлдекбаев менің нағашым Кәкімжан Қазыбаев ағамен үзеңгілес дос болды. Мұратқа көңіл айтуға Орынша тәте, Нұртас, мен үшеуіміз бардық. Нұртас көзіне жас алып, көңіл күйі болмай отырды. Себебі ол кісіге қайтыс боларынан біраз бұрын Нұртас операция жасаған екен. Дастарқан басында Мұрат Бөлдекбаев Нұртастың жанына келіп: «Нұртас, саған көп рақмет. Сен абыржыма. Сенің отаны дұрыс жасағаныңды маған денсаулық сақтау министрі Жақсылық Досқалиевтың өзі айтты. Дертті уақытында қаратпай, асқындырып алғанбыз», – деді. Мен Нұртастың жанының нәзіктігіне таңғалдым. Сөз арасында: «Сен егер де әр отаға осылай қобалжитын болсаң, онда мына жұдырықтай жүрегіңнен не қалады?» – дедім. Қазір ойлап қарасам, шынымен де ол нәзік жүрегінің осылай кертіле бергенін өзі де байқамай қалған екен ғой.

Қайтыс болардан жарты ай бұрын қатты ауырып, Нұртас қызмет істейтін ауруханаға түстім. Ауруханада менің жататын палатама дейін дайындатып қойыпты. Нұртастың інісі дегенді естіген дәрігерлер алдымда құрақ ұшып жүгірді. Ол, әрине, Нұртастан қорыққандықтан емес, оны сыйлағандықтан екені түсінікті. Бір кезде палатама өзі

жарк етіп кіріп келді. Көрмегеніме екі айдан асып еді. Өте көңілді екен. Баяғы жымыған күлкісі өзіне жарасып, бетіпен нұры шашып тұр. Мен ем қабылдап болғанмын. Жаныма келіп отырып, қолымды қысты. Ағалық қамқорлығына және дәрігерлердің ықыласына рақметімді айттым. Ол маған күніне екі-үш мәрте халімді білуге палатаға келіп-кетіп жүрді. Мен оған риза болғаным соншалық, «Нұртас, сен маған алаңдама, бәрі жақсы» дедім. Сонда да менің жағдайымды бір сәт назардан тыс қалдырған емес. Сөйтсем, қоштасқаны екен ғой...

Тағы бір келгенінде: «Сен қазір біздің үйге телефон соқшы. Анам Павлодардан жақсы демалып келді. Ерлан (Арын) жақсы демалу үшін барлық жағдайды жасапты. Айтатын әңгімесі көп», – деді. Дереу Орынша тәтеме телефон соқтым. Көңілі көтеріңкі екен. Ерлан Арынның анасы Райхан тәте екеуінің Павлодарға барып демалғандағы алған әсері жөнінде әңгіме тиегі ағытылды. Жалпы көпті көрген, көп оқыған Орынша тәтеменің әңгімесін мен әрдайым жылы қабылдаймын. Себебі сапар барысында алған әсерлерін рухани тұрғыдан айтады. Сондықтан да ол кісінің әңгімесін қанша тыңдасаң да жалықпайсың. Бұл орайда менің айтпағым, Нұртас қаншалықты қарбалас жұмыста жүрсе де, бәрін ойлап жүретін еді. Кейде анасының үйде жалғыз қалып қалғаны да оны алаңдатады. «Анамның жанында әңгімелесетін адам жоқ, іші пысып отырған шығар» деп те қобалжиды. Ал елу жеті жыл ұстаздық еткен Орынша тәтемен жақсы әңгімелесетін адамның бірі мен және менің жұбайым Мәрия. Оны Нұртас жақсы білетін. Ал қазір ақтоғанға құлаған ақсұңқарын аңсап отырған Орынша тәтеме телефон шалайын десем, қолым дірілдеп кетеді. Әңгіменің де қисыны келмейтін сияқты. Бәлкім, біздің жан дүниемізге Нұртастыкіндей бәрін сезе білетін дария жүрек берілмеген шығар.

Ауруханада емделін жатып, ондағы көп өзгерістерді көзім шалды. Жаңадан кардиохирургия, травматология бөлімдері және хирургия орталығы ашылыпты. Сөйтсем, осы бөлімдердің ашылуы тікелей Нұртастың басшылығымен жүзеге асырылыпты. Бұрын аталмыш ауруханада күніне орта

есеппен үш-ақ операция жасалатын болса, қазіргі уақытта ол сан он сегізге жетсе керек. Бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары ретінде соның бәріне басшылықты Нұртас жасап жүргенін байқап, көңілім бір котеріліп қалды. Аурухананың кіре берісіндегі оң қапталға озат дәрігер ретіндегі суретін іліп қойыпты. Сол еңбегі үшін ол былтырғы жылы «Құрмет» орденімен марапатталған болатын. Сол жерде қызмет істейтін Балжан деген медбике қыз маған: «Нұртас Кәкімжанұлы біздің ең сүйікті дәрігеріміз ғой», – дегені құлағымда жаңғырып қалып қойды. Ал соңғы сапарға шығарып саларда барлық дәрігердің оны кимай, егіле жылап тұрғандары оның азамат ретіндегі асқақ бейнесінің белгісі еді. Осылайша, жиырма мыңнан астам адамды ажал аузынан алып қалған ұлы дәрігердің жүрегі қапияда тоқтады. Ажалмен арпалысып жүріп, өз жанын өзгелерге сыйлап кете барды. Иә, дүние жалған деген осы екен ғой...

Қыркүйектің он үші күні Нұртас ағамның қыркы өтті. Қыркын өткізуге екі-үш күн бұрын ерте келдім. Үйге келген бетте киім салынған шифоньерді ашып қалсам, іші мен білмейтін небір керемет киімдерге толып тұр. Сол кезде жаныма жұбайым Мәрия келіп: «Орынша тәте мен Шолпан жеңгең арнайылап саған беріп жіберді. Нұртас ағаның киімдері ғой», – деп көзіне жас алды. Тамағыма кермек дәм тіреліп қалғандай болды. Денем тоқ сокқандай дір ете түсті. Киімдерін бір-бірлеп шығарып, иіскедім. Иә, менің бала кезімнен бері қамқор болған жанашыр ағамның иісі аңқып тұр. Отыра қалып, еңіреп жыладым. Ішімнен: «Бала кезімде сенің киімдеріңді киіп өсіп едім. Енді баки дүниеге кетіп бара жатып та мені жарылқап бара жатқаның қалай? Мен сенің әдемі киімдеріңе қызықсам да, сұраған жоқ едім ғой» дедім. Содан кейін көз жасымды сүртіп, киімдерін бір-бірлеп кидім. Көз алдыма осыдан қырық жыл бұрын Нұртас ағамның киімдерін киіп алып, мәз болып жүрген балалық шағым елес берді. Бірақ бұл жолы күліп емес, жылап тұрып кигенім өкінішті болды.

Нұртас ағамның қыркын өткізіп болған соң, көңілім құлазып жұмысқа келдім. Ештеңеге зауқым сокпайды. Фәни

дүниемен мәңгілік қоштасқанына әлі сенбеймін. Сенгім де келмейді. «Денсаулығың қалай?» деп телефон соғып қалатын сияқты. Ұялы телефонымдағы «Нұртас» деген жазуды да өшірген жоқпын. Өшіруге қолым бармайды. Себебі ол ерте өшуге тиісті адам емес еді. Ертесіне күн салқын болған соң, далаға Нұртас ағамның әп-әдемі спорт киімін киіп шықтым. Мұнтаздай тап-таза. Денеме құйып қойғандай қона кетті. Жанымдағы жолдастарым қарап қалды. Біреуі: «Мына спорт киіміңіз қандай әдемі. Өзіңізге керемет жарасады екен. Қайдан сатып алдыңыз?» – деді. Мен болсам: «Ағамның сыйы ғой», – дедім. Сол кезде әлгі әріптесім таңданысын жасырмай: «Сіз қаражаяу адам емессіз ғой. Сонда сізге әлі күнге ағаныз қарайласып тұра ма?» – деді. Осы сөзді естігенде ішім у жалағандай ашып кетті. Тамағыма кермек дәм тіреліп қалды. Терең тыныстадым. Содан кейін әлгі досыма: «Ағамның соңғы сыйы ғой», – дедім. Ол менің тұнжыраған көңіліме қарап түсінді ме, білмедім, үндемей қалды.

Иә, қазақта «Жақсы адамдар өмірге табындыру үшін, өлген соң сағындыру үшін келеді» деп бекер айтылмаса керек. Нұртас мына фәни дүниеде өзінің адамгершілік, азаматтық, іскерлік қасиеттерімен талай адамды өзіне табындыра білді. Тіпті, Нұртастың жан досы Алмас Шарман (Төрегелді Шармановтың баласы) «Литер» газетіне жазған «Огонь высокого служения» деген мақаласында Нұртас жөнінде: «Его огромная работоспособность, высочайший профессионализм и гуманное отношение к пациентам позволили ему спасти многие сотни жизней. Блестящий Нуртас обладал филигранной хирургической техникой... Ушел из жизни Нуртас. Это огромное потеря для нашей медицины. Не только профессиональном плане, но и в моральном... В душе я считал его святым», – деп жазыпты. Иә, ертеректе, медицина дамымаған замандарда адамдарға ем сала білген тәуіптерді, емшілерді көпшілік әулие санаған. Ал Нұртас болса отыз жылдан аса уақыт медицинаның отына күйіп, суығына тоңды. Күн демей, түн демей еңбек етті. Өмірі қыл үстінде тұрған қаншама адамды жарық дүниемен қайта табыстырды. Ажал аузында жатқан қаншама адамның

сөніп бара жатқан шырағын қайтадан жағып, батасын алды. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында алғыс пен батаға көп бөленген бір адам болса, ол Нұртас болар. Алайда алғыс пен батадан ажал күшті ме деп қалдым. Өзіне қарсы келген ажалдың екпіні тым қатты болған сияқты. Тіпті, кейде: «Нұртас неге ерте кетті? Жүрегі қиналған кезінде жанында Нұртастың деңгейіндегі мықты дәрігер болса, құтқарып қалуға болар ма еді?» деп те ойлап қоямын пендешілікпен. Сөйтіп ойласаң да, бәрі де бір Алланың ісі екеніне амал жоқ, мойынсұнасың. Артында қаншама адам жылап қалды. Оны әлі күнге дейін жолдастары да, балашағасы да, қызметтестері де және науқастары да сағынады. Сағынып қана қоймайды, алтын қолды хирург ретінде табынады. Сондықтан да көзі тірісінде табындыра білген, өлген соң сағындыра білген адамдарды әулиеге теңесе оның еш артықтығы болмас. Шынымен де ол сондай адам еді.

29.09.2012 жыл

ТАҢДАУ ЖАСАТҚАН ҰСТАЗ

Қай кезде болса да ауыл мен қала мектебінің арасында белгілі бір алшақтық бар екені жасырын емес. Ал енді өркениет пен мәдениет жайлы әңгіме қозғайтын болсақ, ол да өз бастауын ең бірінші қаладан алатыны дау тудырмайтын аксиома. Олай дейтінім, біз де бастауыш сыныпты ауыл мектебінде оқып, әліппе таныдық. Әрине, оқыды деген аты болмаса, буыны қатпаған біз тетелес балалар төртінші сыныптан бастап бірінші тоқсанды қызылша жинаумен аяқтайтын. Кешкілік жұмыстан тәлтіреңдеп зорға қайтатынымыз сонша, кейде газет-журнал оқып, теледидар көруге де шамамыз келмей, мұрттай ұшатынбыз. Бірінші тоқсанның бағасы оқушының қабілетіне қарай және алдыңғы сыныпта оқыған бағалардың негізінде қорытыла салатын еді. Сабак тек екінші тоқсаннан бастап қана дұрыс оқытылатын. Сол жылдары бала болсам да ауылдан кеткім келіп, Алматыны аңсап жүретінмін. Себебі ол кезде туған ағам мен әпкем екеуі де астананың екі институтында

окитын. Олардың фотоальбомдарындағы астананың көрікті жерлерін, әсем ғимараттарын көргенде, Алматыда оқысам деген арман мені тым алысқа самғатып әкететін. Бала қиялыммен Алматының алқызыл гүлге оранған көшелері мен бульварларын аралап келе жатқанымды қоз алдыма елестетін, сол сезімнен көпке дейін арыла алмайтын едім. Осылайша, орындалмастай арман құшағында шырмалып жүрген кезімде, ойламаған жерден менің де бала қиялымның қисыны келе қалғаны бар емес пе. Ол былай болған еді.

Желтоқсан айы. Мектептен сөмкемді сүйретіп, көңілсіз келе жатқам. Сол жылдары әкеміз ұзақ науқастанып, тіршіліктің қиындау кезі болатын. Қарасам, есік алдында жеңіл автокөлік, оның жанында екі-үш ер адам сөйлесіп тұр екен. Олардың біреуі Кәкімжан (Қазыбаев) аға екенін бірден таныдым. Менің шешемнің туған бауыры болып келетін еді. Сол жылдары ҚазТАГ-тың директоры қызметінде болатын. Сөмкемді тастай сала жүгіріп келіп, құшақтай алдым. Мені бауырына басып, маңдайымнан сүйді. Көптен бері ағалық мейірім шуағына шөліркеп жүргендіктен бе, көзіме ыстық жастың да қалай іркіліп қалғанын байқамай қалдым. Содан кейін үйге кіре сала киімімді ауыстырдым да, дереу малдың шөбін жайғастыруға кірісіп кеттім. Бір кезде үй жаққа бетімді бұрсам, Кәкімжан аға маған тесіле қарап тұр екен. Бұғанам қатпаған менің өзімнен үлкен айырды сүйрелеген тіршілігіме қарап, іштей жаны ашып тұрғанын бала болсам да сезініп тұрдым. «Бері келші, айналайын», – деді. Жанына жүгіріп келдім. «Сабағың қалай?», – деді жылы алақанымен маңдайымнан сипап. «Бәрі бес, аға» – деп тақ ете түстім. «Жарайсың, жақсы оқы, анаңа қамқор бол», – деді дағы, үйдегілермен қоштасып, көлігіне отырып кете барды. Артынан ұзақ қарап тұрдым. Жаңа ғана біздің шаңырақтағы бір сәттік жылылықты сол машина өзімен бірге іргемізден суырып алып кетін бара жатқандай көрінді. Арада көп ұзамай шешем марқұм маған Кәкімжан аға мені Алматыдағы №2 экспериментті мектеп-интернатта оқытпақшы ойы бар екенін айтты. Ол үшін мектепті мактау қағазымен бітіру керектігімді түсіндірді. Сол кездегі қуанышымды сөзбен

айтып жеткізе алмаймын. Әншейінде зулап өте шығатын каникул да бітпей қойды. «Жырттық үйдің де құдайы бар» деген рас қой. Сөйтіп, менің маңдайыма да жетінші сыныпты Алматыда оқу бақыты бұйырды.

Алматы қаласындағы экспериментті бағыттағы №2 мектеп-интернатта оқу алғашында өте қиынға түсті. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған озат оқушылар көп болатын. Ауыл мектебін үздік бітіріп келген басым ақырындап төмен салбырай бастады. Ауыл мектебінде жүріп-ақ сырттарынан қанық болатын және суреттері мен мақалалары «Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан мектебі», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері» және басқа да газет-журналдардан түспейтін Орынша Қарабалина, Сара Масина, Венера Қуанышбаева, Аршагүл Пралиева сияқты ақберен ұстаздарды тірідей көріп, дәрісін тыңдаған кезде барып, өзімнің қандай ортаға келін түскенімді түсіндім. Ауыл мектебінде төрттік баға алсам намыстанатын басым, кей сабақтардан күнделігіме үштік баға түсе бастағанда ызадан жарыла жаздап, ауылға қашып кеткім келгені де рас. Сол кезде біздің 7«А» класына сынып жетекшісі болып қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін Нағима Бекмағамбетова апай келді. Жасы қырыққа да жетпеген, өте өңді әрі жылы жүзді апай алғаш танысқан бетте-ақ бәрімізді баурап алып кетті. Алғашқы сабақты жазғы каникул кезіндегі алған әсеріміз бойынша шығарма жаздырудан бастады. Шығарма жазардың алдында көршілес «Б» сыныбында оқитын Ұлжан Хасенова есімді қыздың жазған шығармасын үлгі ретінде оқып берді. Ол шығарманы тыңдағанда өзімнің тым төменде жүргенімді және бұл мектепте оқитын көп балалардың ой-өрісі бізбен салыстырғанда әлдеқайда алысқа шауып кеткенін аңғардым. «Кеме келсе, қайық судан шығады» демекші, ойым онға бөлініп, терлеп-тепшіп отырып, зорға жазып шықтым. Шынымды айтсам, ауыл мектебінде 6-сыныпқа дейін шығарма жазып көрмеппін. Келесі сабақ басталған кезде Нағима апай өткенде жазылған шығармалардың бағасын айтып, кей шығармаларға ерекше тоқталып жатты. Мен іштей қыпылықтап отырмын. Менің шығармама кезек

келген кезде: «Сөз саптауына карағанда әдеби кітаптарды аздап оқитындығың көрініп тұр және айтар ойыңда орамдылық бар. Бірақ грамматикаң нашарлау екен. Соған қарамастан, төрт қойдым. Енді талпыныс танытсаң, алдағы уақытта бұл пәннен жақсы оқып кететін мүмкіндігің бар сияқты», – деді. Бұл менің осы мектепке келгендегі өз атыма естіген ең алғашқы жылы сөзім еді. Бәріміз де пендеміз ғой. Көңіл күйің болмай, іштей күйзеліп жүргенде бір жылы сөз жетпей тұрады ғой адамға. Нағима апайдың аузынан шыққан осы жылы сөз маған канат бітіргендей болды.

Нағима апай сабақты өте қызықты да мазмұнды өткізетін. Сабақ беру әдісінің тартымдылығы соншалық, ұйып тыңдап отырғанда класта шыбынның ызыңы естілетін. Тағы бірде Нағима апай біздің сыныпқа кезекті шығарма жаздырды. Ол кезде оқу үлгірімім жақсарып, көштен қалмайтындай дәрежеге жетіп қалған кезім болатын. Келесі сабақта жазған шығармамыздың бағасын жеке-жеке талдап айта бастады да, маған кезек келген кезде: «Шығармаң жақсы жазылған, грамматикаң да жап-жақсы түзеліп келеді. Толық жетпесе де бестік баға қойдым. Сенмен сабақ соңынан жеке сөйлесемін», – деді қысқаша ғана. Сабақ соңына жеткенде жеке алып қалып: «Осы мектепте қолынан мақала және өлең жазу келетін бес-алты оқушының басын қосып, «Жауқазын» атты жас тілшілер үйірмесін ашпақшы ойым бар. Сенің бойыңда жазуға деген талпынысың жақсы. Шокты көсесен ғана от болып лаулайтынын, қаламұшты ұштасаң ғана жазатынын өзің де білесің. Сондықтан да сен мектеп және оқушылар өмірінен бірдеңе жазып көрші. Жазғаныңды сол үйірмеде талқылаймыз. Жарап жатса, «Қазақстан пионері» газетіне жариялатуға талпыныс жасап көрейік», – деді. Бұл сөзді естігенде төбем көкке екі елі ғана жетпей қалды. Шынын айтқанда, сол жылдары таралымы екі жүз мыңнан асатын мектеп оқушыларына арналған республикалық жалғыз «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетіне шығу дегеніңіз кез келген оқушының арманы болатын. Ол газетке өлеңі немесе шағын мақаласы мен әңгімесі жарияланған оқушы лезде өзі жүрген ортада еңсесі көтеріліп, танымал

болып шыға келетін. Газетті оқыған сайын «өзім де бірдеңе жазып көрсем бе» деген балаң қиял көңілімнің бір түкпірінде бұлкілдеп жататын. Енді міне, бүгінгі Нағима апайдың осы сөзі сол ниетіме түрткі болғандай болды.

Осылайша, Нағима апайдың жетекшілік етуімен мектептен жазуға қабілеті бар деген бес-алты бала «Жауқазын» жас тілшілер үйірмесін құрды. Үйірме мүшелері аптасына бір мәрте жиналып, тырнақалды мақалалары мен өлеңдерін оқып, өзара талқыға салатын. Бір күні Нағима апай біздің жазған өлеңдеріміз бен шағын мақалаларымызды талқыдан өткізіп, жинастырды да, бес оқушыны «Қазақстан пионері» газетінің редакторы Бейбіт Қойшыбаевтың алдына алып барды. Бейбіт Қойшыбаев редакция ұжымын жинап, ондағы өзіміз сыртынан ғана мақалаларын оқып, тәнті болып жүретін Алпысбай Шымырбай, Сапарбай Парманқұл, Коммунар Тәбей, Әшірбек Аманкелдиев, Дәуітәлі Стамбеков, Бейсенбай Сүлейменов, Тынышбай Рахимов, Алма Үмбетова, Раушан Имашева сияқты республикаға танымал журналистермен таныстырды да, жалпы журналистика мамандығының ерекшелігі, қоғамда алатын орны жөнінде қысқаша түсінік беріп өтті. Кездесу барысында басқа да журналистер өз ойларын ортаға салып, біздің талпынысымызға қолдау білдірді. Кездесу соңында біздің жазған мақалаларымыз бен өлеңдерімізді алып қалды. Жариялауға жарап жатса, міндетті түрде газетке шығаратындығын және жас талапкерлерге әрдайым қамқор болуға тырысатындығын баса айтты. Біз бұл кездесуден үлкен әсер алып шықтық. Мен лирикалық бір өлеңім мен «Қуанттым ба екен мен сені» атты бір мақаламды тапсырдым. Көп ұзамай газет бетінен мақалам да, өлеңім де жарқ ете қалды. Сондағы қуанышым мен шат көңілімді ешбір сөзбен жеткізе алмаймын. Бұл жағдай менің бала қиялымның орындалып, биік арманға қол созуыма түрткі болды. Сонымен қатар газет бетінен көрінген күннен бастап, республиканың түкпір-түкпірінен менімен танысуға ниет танытқан хаттар легінде шек болған жоқ. Негізінен хаттардың барлығы қыздардан келетін еді. Күнделікті он шақты хат келетін. Ол хаттарды кейде

сыныптас балалармен қосыла отырып окитынбыз. Содан кейін жазуы және мазмұны жақсы хаттарға ерінбей отырып жауап жазатынмын. Хат жаза білудің өзі де үлкен онер екенін сол кезде түсіндім. Хат жазысу арқылы өзімнің ой-өрісім кеңейіп, қаламым да ұштала бастады. Әр хаттың өзін мақала жазған сияқты асықпай, көп ойлана-толғана отырып жазатынмын. Қазір ойлап қарасам, соның өзі мен үшін үлкен бір мектеп болған екен.

Онжылдықты бітіріп, мектеппен қоштасатын уақыт та келді. Бәріміздің көңіліміз көтеріңкі, арманымыз биік. Тек бір мектепте оқығанымыз ғана емес, бір бөлмеде жатып, бір асханадан тамақтанған достардың тағдыр жолдары жан-жаққа бөлінуі қиын екен. Соңғы қоңырау кезінде көбіміз көзімізге жас алдық. Ұстаздарымызды, мектепті қимадық. Интернатта соңғы түнейтін күні бәріміз таң атқанша ұйықтамадық десе де болады. Интернаттың, дәріс берген ұстаздарымыздың кәдірін енді ғана жете түсінгендейміз. Әсіресе, бәріміз Нағима апаймен қимай қоштастық. Әрине, анамыздай қамқоршы әрі ақылшы ұстазымыз болған, жаманымызды жасырып, жақсымызды асырған және алдымыздағы бағытымызды айқындауға себепкер болған адаммен қоштасу да оңай емес екені айтпаса да түсінікті. Нағима апай бәрімізге аналық батасын беріп, игі тілегін айтып, сәттілік тіледі. Мен де көпшен бірге Нағима апайдың батасын алып, ҚазМУ-дің журналистика факультетіне түсуге бел байладым. Жасыратын несі бар, мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі жазушы Кәкімжан Қазыбаев ағамның қолтығымнан демеуімен сол кездегі республикадағы жалғыз журналистика факультетінің студенті болып шыға келдім.

Студент кезімде де Нағима апаймен хабар үзген жоқпын. Анда-санда газет беттерінен жылт етіп қоятын менің шығармашылық қадамымды да назардан тыс қалдырмай, бақылап жүрді. Көрген жерде менің жазғандарымды оқығандарын айтып, мерейімді бір өсіріп қоятын. Бұған қоса кластас балалар мереке күндері қолымыз босаса міндетті түрде мектепке барып, Нағима апайға сәлем беріп, құттықтап қайтып жүрдік. Сонымен қатар жұбайым Мәрия

екеуіміз 1985 жылы ҚазМУ-ді қатар бітірдік. Ол филология факультетін тамамдады. Бір қызығы, еңбек жолын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде өзім қанат қалқан экспериментті мектеп-интернаттан бастады. Сол мектепте оның бірінші тәлімгері де Нағима апай болды. Турасын айтқанда, ол да педагог ретінде екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін Нағима апайдың кең ауқымды ұстаздық-тәлімгерлік мектебінен отті. Сөйтін, өмір жолында Нағима апай жалғыз менің ғана емес, біздің отбасымыздың да тәлімгері болды десем, артық айтқандық емес.

1995 жылы «Шартарап» баспасынан тырнақалды детектив жанрындағы «Қорқаулар түнде жортады» атты кітабым жарық көрді. Өзімнің қуанышыма шын ниетімен ортақ болады-ау деген жақындарымның ішінде кітабымды ең алғашқылардың бірі болып Нағима апайға сыйға тарттым. Өз оқушысының жетістігіне шын жүректен қуанатын ұстаз ғана нағыз ұстаз ғой. «Рақмет айналайын, сендердің биікте жүргендерің – біздің мерейімізді өсіргендерің. Ұстаз үшін бұдан артық құрмет жоқ қой», – деп ризашылығын білдіріп, бетімнен сүйді. Ол кезде Нағима апай экспериментті мектеп-интернаттан ауысып, қаладағы №161 гимназияда сабақ беретін. Содан кейін арада Нағима апайға кітабымды сыйға тартқаныма жеті жылдан аса уақыт өтіп кеткен болатын. Бір күні Алматыда үлкен бір отырыста жаным бір жас жігіт келін: «Аға, сіздің фамилияңыз Нұрахметов емес пе?» – деді. Бетіне қарасам, мүлде танымайтын адамым. «Иә», – дедім. Сол кезде ол жылы жымия: «Мен сіздің «Қорқаулар түнде жортады» атты кітабыңызды оқығанмын. Нағима апай біздің мектепте сіздің кітабыңыздың тұсаукесерін жасап, «Шәкіртім – мақтанышым» атты оқу-конференциясын өткізген болатын. Кітабыңызды бүкіл мектеп болып оқыдық. Сонымен қатар өзінің шәкірті екеніңізді мақтанышпен айтатын. Сізбен танысқаныма қуаныштымын, аға», – деді. Дәл осы сәтте өзімнің қандай әсерде болғанымды бір сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Біз есейіп кетсек те, әлі күнге дейін шашбауымызды көтеріп, мерейімізді өсіріп, сыртымыздан тілеуімізді тілеп жүретін ұстазға қалай риза болмайсың. Сол

кезде ойыма Василий Ключевскийдің «Чтобы быть хорошим преподавателем, нужно любить то, что преподаешь, и любить тех, кому преподаешь» деген ұлы сөзі оралды. Иә, бұл сөз шын мәнінде Нағима апай сияқты ұстаздарға арнап айтылғандай.

Ұстаздың биік бейнесі шәкіртінің жетістігімен және құрметімен өлшенеді ғой. Мына бір көрініс менің әлі күнге дейін көз алдымда. Бірде өзіміз оқыған мектеп-интернаттың құрылғанына 50 жыл толған мерейтойы болды. Мерейтой ҚазҰУ-нің Студенттер сарайында өтті. Мектеп түлектері көп жиналды. Олардың ішінде бүгінде қазақ сахна өнерінің санлақтары болып жүрген Акбота Керімбекова, Тоқтар Серіков, Нұрлан Албан, Бейбіт Қорған, Тамара Асар сияқты таланттар да келді. Бұлардың бәрі де біз оқыған шаңырақтың түлектері. Солардың ішінен сахнаға шыққан Тамара Асар кезекті әнін айтып болған соң, сахнадан баспалдақпен ақырындап төмен түсті де, залда алдыңғы қатарлардың бірінде отырған Нағима апайға келіп, қолындағы гүлін сыйлады. Содан кейін көпшілікке қарап: «Маған баспалдақпен түсу қиындау екенін білесіздер. Бұл қадамымды ұстазыма, Нағима апайға деген ерекше құрметпен жасадым», – дегенде бүкіл залда отырғандар ду қол шапалақтап жіберді. Иә, Нағима апай – шәкіртінің шырағын жаға білетін, жан дүниесін терең тани білетін ұстаз. Сонымен қатар бүгінгі сахна төріндегі жұлдыздардың бірі болып жүрген Тоқтар Серіков мектеп қабырғасында жүріп-ақ аты шықты. Ол өзінің талант ретіндегі алғашқы қадамын ақындықтан, жыр-шашу айтудан және ақындар айтысына қатысудан бастағаны көпшілікке мәлім. Ал сол Тоқтардың бойында бұғып жатқан бұлақтың көзін ашып, шашбауын көтеріп, додаға баптап қосқан осы Нағима апай екенін біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Сол кезде мектеп мүдірі, марқұм Тұрсын Мешітбайұлы: «Тоқтар Серіков сабаққа көп қатыспайды, гастрольдетіп жүреді. Оқу үлгірімі де төмендеп кетті. Сондықтан да оны мектептен шығарамын», – деген кезде педагогикалық кеңесте Нағима апай оған араша түсін, мектеп мүдіріне: «Ол талант қой, таланттың бағын байлауға

болмайды. Ондайлардың талантын ояту үшін канатын қайыра бермей, арқасынан қағып, кішкене еркіндік беру керек», – деп жанын сала қорғаштағанына талайлар куә. Сөйткен Токтар бүгінде қандай биікке көтерілгенін бүкіл ел біледі. Иә, «Шәкіртінің шырағын жаға білген ұстаз ғана – нағыз ұстаз» деп дәл айтылған ғой.

1998 жылы Нағима апай 60 жылдық мерейтойын атап өтті. Шәкірті ретінде мені де шақырды. Мерейтой үстінде өз тілегімді айта келіп: «Апай, мен сіздің алдыңызда қарыздармын. Мектепте өзімді үлгілі, тәртіпті оқушы болдым десем, онда мына тойда отырған басқа да ұстаздарымның алдында ұятты болғаным. Менің азамат ретінде қалыптасуыма, өмірдегі өз соқпағымды табуыма сіздің сіңірген еңбегіңізде ішек жоқ. Сіздің басыңызда екі тал шашыңыз ағарса, оның біреуінде менің де үлесім бар деп білемін», – дегенімде мені танитын ұстаздарымның біразы күліп жіберді. Шынымен де мектеп қабырғасында жүріп, біз де шалалық жасадық. Талай мәрте тентектік жасап, линейкада, мектеп жиналысында, мектеп мүдірінің алдында басым салбырап тұрған кездерім де болғаны жасырын емес. Сол кезде Нағима апай Токтар Серіковке араша түскен сияқты мені де жазадан алып қалуға тырысатын. Кей қылықтарымды өзімнің жеңгем, есімі республикаға танымал қаламгер-ұстаз Орынша Қарабалина апайға да айтпай, жасырып қалатын. Содан кейін жеке сөйлесін, ақырындап, байыппен ғана айылымды тарта-тарта сабама түсіріп қоятын. Жалпы, ұстаз ретінде Нағима апайдың бойында шәкіртіне қатты тіл тигізе ұрсып, зекіп сөйлейтін әдеті жоқ болатын. Ақырындап айтса да, көкейіңе қонатындай қылып айтатын. Қанша ашуланса да, шәкіртінің арына тиін, жанын жараламауға тырысатын. Содан кейін өз кінәнді мойындап, Нағима апайға риза болған күйде кете барасың. Оқушы тәрбиесіндегі бұндай амал, әрине, шәкіртінің жан дүниесін, психологиясын терең білетін ұстазға ғана тән қасиет. Осылайша, Нағима апай оқушыларының кез келген тентектігі мен еркелігін байбаламға салмай, сынып жетекшісі ретінде өз жауапкершілігіне ала білетін.

Біз мектепте оқып жүргенде кей мұғалімдер сабақ бітісімен үйлеріне кетіп қалатын. Ал Нағима апай болса қосымша сабақ және үйірме немесе факультатив жұмыстарымен мектепте жеке дайындық сабағы басталғанша жүретін. Сол кезде біз балалықпен «Нағима апайдың осы мектептен басқа жұмысы жоқ па» деп ойлайтынбыз. Сойтсек, ол дегеніңіз өз ісіне берілген, өз мамандығын және өз шәкірттерін сүйетін ғана адамның қолынан келетін іс екен ғой. Нағима апай тек жақсы сабақ беріп қана қоймай, мектептің қоғамдық жұмыстарына да өте белсене араласатын. Соның бір мысалы ретінде мына оқиғаны айта кетуге болады. Сексенінші жылдардың аяғында Алматыдағы Республика сарайында ең алғашқы республикалық «Қыз сыны» байқауы өтті. Байқаудың талаптары өте жоғары болды. Ол сында қазақ қызының шынайы бейнесі, жан дүниесі, биязылығы, ұлттық салт-дәстүрді білу деңгейі, білімділігі сияқты артықшылықтарды жан-жақты ашып көрсету керек болатын. Бұл байқау бірнеме сатыдан тұрды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген небір арулар алғашқы сынақтан да өте алмай, сағы сынып жатты. Аламан бәйгеге теңескен сол сынға Нағима апайдың шәкірті, сол кездегі 9-сынып оқушысы Алтынай Исабекова қатысып, жүлделі екінші орынды жеңіп алғаны көпшіліктің есінде болар. Сол Алтынайды айтулы додаға қатыстыру үшін Нағима апай шәкіртін алты ай бойы дайындапты. Бұл – әрине, ерік-жігері мықты, өз кәсібіне адал, басканың бақыты үшін жаралған адамдарға ғана тән нәрсе. «Жалпы мектеп, мектеп деп жүрін, өз балаларыма да жеткілікті көңіл бөле алмаппын. Әуелі, Алтынайым «Қыз сынында» екінші орын алған күні қуанышымда шек жоқ, үйге кешігіп келдім. Себебі байқау кеш бітті. Сол кезде үйдегі ағаң есіктен кіргізбей қойғаны бар емес пе», – деп күлді Нағима апай өткенді еске алып. Иә, шынымен де уақытпен санаспай, өзінен гөрі өзгенің мүддесін жоғары қоя білу – кез келген ұстаздың бойынан табыла бермейтін қасиет.

Ауыл мектебінде жүрін, шамамыз келгенше белгілі ақын-жазушылардың кітаптарын оқуға тырысып, газет-журналдардан шағын әңгімелері мен өлеңдерін және

суреттерін ғана көретін едік. Кей кітаптар қолымызға копие бермейтін. Былайша айтқанда, сырттарынан тамсанып жүреміз. Әсіресе, Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» атты романы жарық көргенде оны сол кездері жапа-тармағай оқымаған жан сирек шығар. Шағын ауылдағы бес-алты кітап түтіні түтеген бүкіл үйді аралап шықты десем, артық айтқандық болмас. Кітаптан алған әсеріміз сонша, сол жазушыны қору бір арман болатын. Алматыдағы мектеп-интернатқа ауысқан кезде бір күні Нағима апай сабақ үстінде: «Жақында біздің мектепте белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықов ағаларыңмен кездесу болады. Сондықтан да кездесуге келу үшін жазушының шығармасын жақсы білулерің керек. Шығармасын оқып, сұрақ қоюға дайын болыңдар. Бұндай мүмкіндікті жіберіп алмаңдар. Себебі ұлылыққа бастайтын жол ұлылардан алған тәлімнен басталатынын ұмытпаңдар», – деді. Кездесу болғанша асықтық. Жазушымен кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Әзілхан ағамыздың байсалды әңгімесі, сыртынан тамсанып жүрген жазушымен бетпе-бет кездесу өзіме үлкен әсер қалдырды. Сол күні болашақта журналист мамандығын таңдасам ба деген ой көңілімде қылаң берді. Содан кейін бұндай кездесулер мектепте жиі болып тұратын болды. Сол кездесулердің нәтижесінде талайымыздың рухани өрісіміз кеңейіп, ерте есейе бастадық. «Жақсымен өткізген жарты сағат жаманның өтіп кеткен ғұмырындай» деп бекер айтылмаған ғой. Әрине, ондай кездесулердің негізгі ұйытқысы болатындардың біреуі және бірегейі Нағима апай болатын.

Бүгінгі күні театрға баратын көрермендердің саны тым азайып бара жатқаны жасырын емес. Көрерменін таппай, қаңырап тұрған театрларды көргенде, еріксіз қынжыласың.

Ал енді даңғарадай залда бес-алты көрерменге ғана бола қойылым жасап жатқан театрларды көргенде, қарны тоймаған жетім баланың тағдыры елестейді көз алдыңа. Шынымен де солай ғой. Тіпті, қазіргі уақытта ауылды айтпағанның өзінде, қала тұрғындарының ішінде әке ғана емес, аталық дәрежеге жетсе де, театрдың есігін ашпаған

куыскеуде пенделерді білеміз. Бұл – әрине, қоғамдағы рухани жұтандану процесін байқатады. Сол жылдары, турасын айтқанда, жетпісініші жылдардың аяғында мектеп-интернатта театрға апару дәстүрі жақсы жолға қойылған болатын. Мысалы, Нағима апай сабақта Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов және басқа да мықты ақын-жазушылардың шығармалары бойынша театрда қойылым болып жатса, міндетті түрде интернаттың автобусымен театрға апаратын еді. Содан кейін міндетті түрде театрдағы қойылымнан алған әсеріміз, көңілге тоқығанымыз бойынша шығарма жаздыратын. Өзім болсам, ауылда театрдың не екенін көрмей өскен басым, зәулім ғимараттың ішінен атакты актерлердің суреттерін көріп қана қоймай, олардың қойылымын сахнадан тамашалаған кезде ерекше әсерде қалып жүрдім. Әсіресе, Дулат Исабековтің «Әпкесін» көрген кезде бүкіл класс болып тебіренгеніміз, кей жерлерінде көзімізге жас та алғанымыз есімде қалып қойыпты. Осы орайда Николай Гогольдің: «Театр – это такая кафедра, с которой можно много сказать миру добра» деген ұлы сөзі еске оралады. Сонымен қатар Нағима апай бізді тек драма театры ғана емес, Абай атындағы Опера және балет театрына да алып барды. Алғашында операны түсінбейтін біз «Нағима апай осы бізді операға неге әкеледі екен, түсініп қарық қылмаймыз» деп іштей ренжіген кездеріміз де болды. Кейін есейе келе ел аралап, жер аралап, өркениетті елдердің мәдениетін көргенде барып қана операның өнердің биік шыңы екенін түсіндік. Осылайша, ұлағаты мол ұстаздың жетектеуімен театр өнері де біздің өмірге, өнерге деген қозғарасымызды дұрыс қалыптастырып, санамыздың рухани серпілуіне жақсы ықпал етті. «Өнерді түсінген адам өмірді де түсінеді» деген сөз рас екен ғой.

Бүгінгі күні өзіміз қанаттанған №2 Ы. Алтынсарин атындағы экспериментті мектеп-интернат Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған гимназияға айналды. Кезінде олигархтар көп қабатты тұрғын үй салу үшін тұрған жеріне қызығып, «сол мектепті жабамыз, ғимаратын қиратамыз»

дегенде жанын салып шырылдаған ұстаздардың бірі Нағима апай болатын. Бүгінде сол мектептен түлеп ұшқан шәкірттердің ішінде билік басында, саясатта, Парламентте, өнер саласында, ғылымда және ақпарат жүйесінде жүрген небір мықтылар аз емес. Сонымен қатар Нағима апай баптаған каншама шәкірт қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиадалардың жеңімпазы атанып, мектептің беделін көтерді және тіл жанашырларының қатарын көбейтті. Мектеп түлектері әркез бас қосып қалған жерде міндетті түрде Нағима апайдың есімін құрметпен айтып қоямыз. Нағима апайдың сондай шәкірттерінің бірі, бүгінгі күні өзі де зейнеткер ұстаз Гүлжан Сейфоллақызы Ахметова «Балаларым – бақытым» атты кітабында Нағима апай жөнінде былай деп жазыпты: «Нағима апайдың әсерлі үнінен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай болады. Ешкімге ұқсамайтын дәрістері арқылы тек мектеп бағдарламасы ғана емес, ауқымы одан да кең ұлттық рухты сезіну мен ардақтау тәрізді асылдарды оқушы санасына сіңіріп отырады... Тартымды жиындар ұйымдастырып, білім ордасында әдебиет тарихынан терең білім береді...». Иә, бұл дегеніңіз – КСРО және Қазақстан халық-ағарту ісінің үздігі, тәлімгер ұстаз Нағима Бекмағамбетова апайға берілген әділ баға. Нағима апай бірде маған: «Мұғалімдердің бар байлығы – оқушыларының жетістігі ғой», – деген еді. Ал Нағима апайдың өзі де сондай байлыққа кенелген адам екенін талай биікті бағындырған шәкірттері біледі. Бірақ олар қандай биікке шыкса да, өздерін ешқашан да ұстаздан жоғарымыз деп есептемейді. Бұл қағидат – біз көрген мектептің ұлағаты.

Бірде Нағима апай ұялы телефоныма хабарласты. Сөз арасында немересін Алакөлге демалысқа апармақшы ойы бар екенін айтып, ол жақта демалыс орнының жағдайы қалай екендігін сұрады. Апайдың маған телефон соғу себебі менің қызмет орным сол Алакөлге жақын маңда болатын. Нағима апайдың дауысын естігенде қатты қуандым. Себебі өзімді алдында қарыздармын деп есептеп жүрген ұстазымның

бір керегіне жарайтын болдым ғой деп ойладым. Содан кейін жататын орнын дайындап, Нағима апайды Алакөлден тосып алдым. Көптен көрмегендіктен бе, қатты сағынып қалыппын. Ұстазымның құшағына ене бере бәрі көз алдыма кеше ғана болғандай әсер қалдырды. Әсіресе, дастарқан басында бір таңғалғаным, мектеп қабырғасында жүріп, біздің жасаған көп қылықтарымызды апай әлі күнге дейін ұмытпапты. Әсерлі әңгімесін тыңдай отырып, өзімді баяғы сол құлағым қалқып, сабақ тыңдап отырған баладай сезіндім. Біз қанша есейдік десек те, мысы басқан ұстаз алдында баяғы қалқанқұлақ бала болып қала береді екенбіз ғой. Көз алдымда осыдан отыз үш, отыз төрт жыл бұрынғы балалық шағым кезең-кезеңімен қайтадан бір көлбеңдеп өтіп бара жатты. Апай әңгімесін айтып отыр. Мен ұйып тыңдап отырмын. Баяғы жылы дауыс, баяғы мейірімі төгілген жылы бейне. Апайдың нұрлы жүзіне қайта қарадым. Қалай болса да, жасы жетпістен асқан адамның ажарына уақыт өз бедерін салған. Бір кездегі өзіне жарасымды етін түйіп алатын апайдың әп-әдемі самай шашының ағы да көбейген. Әрине, сол ағарған шаштың әр талының түбінде қаншама шырағы жанған шәкірттің тәлкексіз тағдыры, төккен тердің жемісі және талай тентектің тегеуріні мен еркелігі бұғып жатқанын Нағима апайдың өзі ғана біледі...

ДАЛАНЫҢ ДИПЛОМСЫЗ ПЕДАГОГЫ

Саркент ауданына қарасты Абай ауылына ат басын тіреген сайын мен үшін бұлжымай орындалар бір қағида бар. Ол – қыр басында көрпелерін мәңгілікке қымтап жатқан әке-шешемнің, туған-туыстарымның және жора-жолдастарымның басына барып, құран бағыштау. Сол қыр басына шығар жолдың етегіндегі кішкене қыраттың жотасында ақшаңқан бір үй бар. Сол үйге көзім түскен сайын, осыдан 36–37 жыл бұрынғы балалық шағым көз алдымнан көлбеңдеп өтіп бара жатады. Себебі ол шаңырақта бүкіл саналы ғұмырын адал еңбекке арнаған қарапайым дала педагогы тұрады. Ол – менің еңбек жолындағы алғашқы

ұстазым болған және есімі ауылға белгілі механизатор Жексенбек Бижақыпұлы.

Өмірде кез келген жұмыр басты пендені ата-анасы ғана емес, ұстаз бен тәлімгер тәрбиелейді. Ұстаз саған мектеп қабырғасында, жоғары оқу орнында дәріс береді. Ал, тәлімгер дегеніміз – сен есейген кезіндегі еңбек жолындағы жол көрсетушің, бағыт-бағдар берушің. Көп адамдар тәлімгерлердің тәлімін есейіп, кәметтік жасқа толғаннан кейін ғана көреді. Ал мен болсам, тәлімгер ағаның тәлімін 12 жасымда-ақ сезіндім. Себебі балалық шағым біраз қиыншылықпен өтті. Сондықтан болар, бала қиялымыз бойымызға сыймаған арманшыл болып өстік. Бірақ ес білгелі бозбала болып шаңдатып ойнап жарытпадым десе де болады. Мысалы, ұлы ақынымыз Мұқағали Мақатаев өзінің балалық шағын тылдағы соканың құлағына жармастыратын болса, мен өз балалық шағымды тырманың құлағына жармасумен елестетемін. Олай дейтінім, өзім тетелес балалар кешкілік киноға барып, кинодан кейін алма бақтың ішінде ән салып жүргенде, мен Алмалы тауының басындағы шөпшілер қонысындағы еңбек қазанының ішінде қайнап жүрдім. Ал шілденің шыжыған шағында әлдеқандай пішеншілер қонысында ыстыққа күйіп, масаға таланғанымды қалай ұмытайын. Жұмыстан шаң-шаң болып, екі көзім шүңірейіп қайтатынмын. Ертесі күні таңғы сағат бесте тәтті ұйқы құшағында жатқанымда Жексенбек ағам ақырындап оятады. Содан кейін таңғы асты апыл-ғұпыл іше сала, көппен бірге еңбек майданына қайтадан аттанатын едік. Осындайда ойынның қызығына тоймай жүрген балалар жазғы каникулдың тез бітпеуін армандаса, мен Алматыға қайтатын әр күнімді санайтынмын. Бұндайда уақыт та тасбақа сияқты баяу жылжиды емес пе. Ал жаңа оқу жылында Алматыға бет-әлпетім күйген қазанның түбіндей болып жететінімін. Сол кезде сыныптастарым маған: «Сен не, демалыста Африкада болып келгенсің бе?» деп қалжыңдайтын.

Осылайша, бар-жоғы 12-ақ жасымда тракторшы Жексенбек ағамның жанына еріп, тырманың құлағына жармастым, трактор жүргізіп үйрендім. Әлі есімде. Жексенбек ағам

кейде маған: «Мен қазір жылдамдықты төртке салып, қатты айдаймын. Шөп шабушы шалғышыларды тез қуып жетіп алайық та, біраз демалайық», – дейді де, мені ұшып кетпесін деген сактықпен тіркемедегі орындыққа арқанмен белімнен мықтап байлап қоятын. Содан кейін жылдамдықты үдетеді келіп. Мен артқы доңғалақтан ұшқан шаңға да, шөптің сабағына да көмілемін. Бірақ намысқа тырысып, шыдаймын. Танауым шаңға бітеліп, шашым киіз сияқты ұйпаланып қалады. Құлағымға мақта тығып, танауымды шүберекпен байлап аламын. Трактор жүйткігенде тырманың тұтқасын зорға тартып үлгеріп отырамын. Шөмелелер жолақ-жолақ болып, жыландай иіріліп түсіп жатады. Бұндайда шөмелені бір қатарға түзу тастай білсең, шөмеле итерушілердің жұмысын да біраз жеңілдетеді. Тырмашының шеберлігі де сонда. Сөйтіп, лезде шалғышыларды қуып жетіп аламыз. Содан кейін Жексенбек ағам трактордың астындағы көлеңкеге көрпені төсейді де, екеуіміз бір сағаттай қалғып аламыз. Алайда бүйтіп демалатын мүмкіндігіміз көп бола бермейді. Сондықтан да кейде маған жаны ашығандықтан, тракторды жүйткітіп келе жатып, жүрісін ақырындатады да, «Шаршаған жоқсың ба?» деп айқайлайды. Мен шаршасам да, намысқа тырысып, «Жоқ» деп жауап беремін. Сол кезде ол: «Молодец! Жігіт деген сондай болады!» деп қайраттандырып қояды. Ал кешкілік жұмыстан қайтқан кезде шөмеле итерушілер жаныма келіп: «Жарайсың, бүгін шөмелені керемет түзу тастадың» дегенде бір мәз болып қаламын. Өстіп жүріп жазғы каникул да өте шығады. Ал енді қолыма айлығымды алған күнгі қуанышымды бір сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Үш айға жуық уақыттың ішінде істеген еңбекақыма 500–600 сом табыс табамын. Ол дегенің 11–12 жастағы қарасирақ бала үшін қандай көп ақша. Сол ақша маған интернаттағы бір жылғы оқуым мен алатын киімімді жауып тастайтын. Және де шешем марқұм сол ақшаның бір тиынын ұстамайтын. Түгелдей кассаға салып қоятын. Ол маған «Өз несібең – өзіңдікі» дейтін. Бұл мен үшін үлкен мектеп болды. Сондықтан да мен де өмір жолында біреудің еңбекақысын, біреудің несібесін жеушілерден бойымды

аулақ ұстадым. Керісінше, ондайлармен айқасқа түскен кездерім де болды.

Тырманың құлағына жармасқан күндер менің жігерімді жаныды, қайратымды шыңдады және белгілі бір жетістікке жету жолында күресуге үйретті. Сол жылы, яғни 1976 жылы маған 7-сыныпты Алматы қаласындағы №2 экспериментті мектеп-интернаттан оқу бақыты бұйырды. Интернатқа келген бетте спорт шебері Мұрат Кенжебаев жетекшілік ететін самбо секциясы бар екен. Еш ойланбастан сол секцияға бардым. Біздің Сарканд ауданынан есімі әлемге әйгілі Әбілсейіт Айханов, Аманжол Бұғыбаев, Жаксыжол Көрпебаев, Спандияр Майбасов сияқты палуандар көп шыққандықтан ба, біз де күрессек, балуан болсақ деп армандайтынбыз. Және де өзіміздің ауылдың азаматы, еркін күрестен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Жаксыжол Көрпебаев ауылға келген сайын шөбі тебіндеген тақыр жердің үстінде жас балаларды жинап алып, бір-бірімізбен күрестіретін. Ал кейбір еріккен ағаларымыз жалған намыстың жетегіне еліктіріп, төбелестіретін де. Сол төбелес кезінде кәдімгідей мұрнымыз қанап, көзіміз де көгеретін. Жеңгенімізді «Осы ауылдың болашақ атаманы» деп желпіндіріп, қолтығымызға су бүркіп қоятын. Оған біз кәдімгідей мәз боламыз. Үйге көзіміз көгеріп келсек те, шешелеріміз «не болған саған?» дегеннен басқа қазбалап сұрамайтын. Ал біз таяқ жесек те, ешкімнің үстінен арыз айтпайтынбыз. Былайша айтқанда, сол күрескеніміз, сол төбелескеніміз болмаса, күрес пен төбелестен ешқандай хабарымыз жоқ болатын. Осы орайда, бір қызығы, самбо секциясына келген бетте Мұрат Кенжебаевтың жарты жыл, бір жыл дайындаған өзім қатарлы шәкірттерін ұршықша үйірдім. Жаттықтырушы маған «Сен ауылда немен айналыстың?» деп сұрады. Мен ештеңемен айналыспағанымды айттым. Ол сенген жоқ. Артынан ойлап қарасам, сол кездері Мұрат Кенжебаев ұстазымның балуан шәкірттерін ұршықша үйіргенім, таңғы сағат алтыдан кешкі сағат 9-ға дейін тырманың құлағын дамылсыз тартқылап, шыныққандығымнан болар. Өкінішке қарай, бізден балуан шықпады. Себебі күрес барысында бір баланың қолы сынды,

бір баланың қабырғасы жаракаттанды. Бұған қоса, самбо секциясын жүргізгені үшін жаттықтырушымызға еңбекақы да төленбеді. Содан кейін мектеп директоры Тұрсын Мешітбайұлы «Бұл – спорт мектебі емес, экспериментальды мектеп» деп самбо секциясын жаптырып тастады. Сөйтін, тағдыр біздің мандайымызға балуан болуды жазбады. Қалай десек те, тай-құлындай тебіскен сол тобелес, сол күрес біздің асау өмір арнасына бет бұрған балаң талпынысымыздың бастауы екен ғой.

Мектепте жүргенде әр кластың өзінің бір көшбастары болады. Ондайды кейде «кластың атаманы» деп «заңдастырып» айтады. Атамандыққа қол жеткізу де оңай емес. Ол үшін де өжеттік пен қайтпас қайсарлық керек. Ауылда да атамандыққа таласып, талай қойғыласқан кездер болған. Бала кезде ол да бір үлкен дәреже еді ғой. Сол сияқты кешкілік интернат жатақханасында да атамандыққа таласып, «кіші гладиаторлар соғысы» болып қалатын. Жан-жақтан небір жанкүйерлер қаумалап тұрады. Ондайда жеңіліс тапсаң, абыройдан жұрдай болып, бірнеше күн басың томен салбырап жүргені. Сондықтан да намысқа тырысасың. Сөйтін, интернатқа келген бетте мен де сол «гладиаторлар соғысына» қатысып, өз класымның атаманы болдым. Кейін балаларға сөзім өтетін болғандықтан, класс болып, мені староста сайлады. Бұл көрініс бәлкім біздің жастайымыздан еңбекпен көзімізді ашып, жеңіске талпынған жанкешті талабымыздың нәтижесі шығар. Осы орайда әке ретінде мен өз балаларыма өте қатал қарадым. Бірақ ұлымның мектепте төбелестің бел ортасында жүретінін естісем де, бетін қайтарып, жазаламауға тырыстым. Өйткені сабақты өте жақсы оқыды. Ақылды тентек болған соң, ескертумен ғана шектеліп жүрдім. Азамат ретінде өз намысын қорғай білсін, өмір жолында күресіп үйренсін деген ниетім болатын. Жазғы демалыс кездерінде балаларымды да талай мәрте еңбекке жектім. Сондықтан да олар жастайынан еңбекпен келген табыстың қадірін біліп өсті. Одан олар жаман болған жоқ, әрине.

Алмалы тауының басында жабайы құлпынай өте көп өсетін еді. Шабылған шөпті тырмалап келе жатып, құлпынайдың қалың жеріне жеткенде дауысымды қатты шығарып, «Аға!» деп айқайлаймын. Ол тоқтай қалады. Мен жалма-жан қолымдағы ыдысқа тере бастаймын. Жексенбек ағам болса сол мезетте құшырлана отырып, темекісін тартады. Ыдысым лезде құлпынайға лық толады. Тау құлпынайының дәмі тіл үйіреді емес пе. Кешкілік қосынның басында бәрі сол мен терген құлпынайдан дәм татады да, атпалдай азаматтар маған рақметтерін айтып жатады. Және де бәрі бала демей, менімен өз дәрежелерінде сөйлесетін. Сол механизаторлардың ішінде көзі ашық, кітапты және газетті көп оқитын сауаттылары аз емес болатын. Әсіресе, Серікқали Малдыбаев дейтін ағамыз өзі оқыған кітаптарындағы оқиғаны майын тамызып айтқанда, аузымыздан суымыз құрып отырып тыңдайтынбыз. Өзі айтады да, өзі қарқ етіп күледі. Іле-шала жарыса біз күлеміз. Сондықтан болар, осындай көзі ашық азаматтардың ішінде жүрген біздер де ерте есейдік. Содан кейін әлгі Серікқали ағамыз айтқан кейбір кітапты тауып алып оқитын едім. Кейіннен студент кезімде ғана емес, қызметке тұрғаннан кейін де Серікқали ағаға өзім де оқыған кітаптарымды арагідік әкеліп беріп жүрдім. Бір күні ол кісіге заманымыздың заңғар жазушысы Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» атты кітабын сыйға тарттым. Содан кейін ертесінде ауылдағы ортанғы көшемен кетіп бара жатсам, Серікқали ағамыз жанына бес-алты жігітті жинап алып, әлгі кітаптың ішіндегі эротикалық сюжеттерді оқып, қарқ-қарқ күліп тұрғандары есімде қалып қойыпты.

Мені жоғары білімі жоқ болса да, осындай көзі ашық, көкірегі ояу қарапайым ауыл азаматтары көп нәрсеге үйретті. Еңбекке баулыды, бойымызға қажырлылық пен қағидатшылдықтың дәнін септі. Мына жалған дүниеге адал көзқараспен қарауға дағдылады. Бұлар жоғары білімі жоқ болса да, адамгершілігі, азаматтығы жағынан табақтай бес дипломы бар кейбір кеудемсоқтарды он оран өтеді. Шынымен де, бұл кісілер сол кездегі даланың дипломсыз

педагогтары еді. Өкінішке қарай, сол азаматтардың кейбіреуі мына фәни дүниемен ерте қош айтысты. Жалаңаш денесін маса талап жатқан кезде: «Бұлар да тіршілік иесі ғой, күндерін көре берсін», – деп былқ етпей отыратын аққоңіл Садуақас ағамды ерекше жақсы көретін едім. Ол кісімен барлығы қалжыңдасатын. Денесі қандай ірі болса, көңілі де сондай кең сол азаматтың қылықтарының өзі бір романға жүк болады. Темекі сұраған жігіттерге: «Да пошел ты..., сенің әкеңнің өткізіп қойған темекісі бар ма еді», – дегенде, бәріміз жапырыла күлетінбіз. Сөйтеді де, темекісін беріп жататын. Әр қылығы өзіне керемет жарасып тұратын марқұмның. Айта берсе, мұндай мысалдар көп. Егер қалам тербейтін болсаң, ол жігіттердің бәрі бір романға болмаса да, бір повеске татитын азаматтар.

Студент кезімде ақшадан тарлық көрдім деп айта алмаймын. Ол кезде алдымдағы ағам мен әпкем өз қолдары өз ауыздарына жетіп, жақсы қызметте болды. Ауылда басқарушы болып істейтін Болашақ ағам маған ештеңеден тарлық көрсеткен жоқ. Алайда жастықтың буымен жүріп, ақшамды тез тауысып қойсам, кешкілік ет комбинатына барып жұмыс істеп, таңертең ұйықтамаған күйде сабаққа баратынмын. Себебі біреуден қарыз алу дегенді суканым сүймейтін. Сабақта қалғып отырған кездерім де көп болды. Қатты қалжырап шаршайтынмын. Ал жексенбі күндері жіберіп алған сабақтың есесін қайтару үшін таңертеңнен кешке дейін кітапханада отыратынмын. Сол кезде 11–12 жасымда шаңға көміліп, тырманың құлағына жармасқан кездерім есіме түсіп кететін. Содан кейін бойыма қайратымды жиып алып, «Бір мүшелге де толмаған жасымда көрген қиыншылығымның жанында бұл түк емес қой» деп өз-өзімді іштей жанып қоятынмын. Бәлкім, бойымызға жігер құйған осы қиындықтарды бастан өткермегенде, жарты жолда шаң қауып, көш соңында қалып қояр ма едік, кім біледі. Бірақ та бәріне бір Алла Тағала себепкер ғой. Осы орайда талпынған адамның талабына Алланың нұрын жаудыратынына ешқашан шек келтірмейсің.

Менің Жексенбек ағам өзінің саналы ғұмырында өкіметтен орден де, медаль да алған жоқ. Тіпті, оның озық

механизатор ретіндегі адал еңбегі бір парак мақтау қағазымен де бағаланбады десе болады. Ол үшін еңбегін бұлдап, ешкімге өкпе де артқан емес. Бірақ мен үшін ол кісінің адамгершілік қасиеті мен азамат ретіндегі бейнесі кейбір кеудемсоқ орден таққандардан әлдеқайда жоғары тұрады. Себебі ол өз несібесін адал еңбекпен тапқан адам. Қанша қиналса да, ешкімге алақан жайған емес, кеудесін тік ұстады. Мысалы, кейбір данагөй спортшылар болады. Спорттағы дәрежесі өз жаттықтырушысынан он есе асып кетсе де, ұстазының алдында құрдай жорғалайды. Сол сияқты мен де Жексенбек ұстазымның алдын қиып өткен емеспін. Себебі ол – менің бойыма ащы еңбектің нәрін сеуіп, тәтті еңбектің дәмін жегізген адам.

Бірде ауылға жолым түскенде Жексенбек ағамның ауырып жатқанын естіп, қалін білуге үйіне бардым. Көптен көрмегеннен бе, шынымен де қатты жүдеп қалыпты. Бет-әлпетіне уақыт өз бедерін мықтап салған. Маңдайына әжім түсіп, шашы түгелдей ағарған. «Қалыңыз қалай, аға?» – дедім. «Жаксы, ел қатарлы жүрін жатырмыз ғой. Тек мына асқазаным сәл мазалағаны болмаса», – деді. Ол кісінің асқазанына операция жасатқанын естіген едім. Және де ол кезде заман тоқырап, өзі де, жолдасы да жұмыссыз отырған кезі болатын. «Қандай дәрі ішіп жүрсіз, аға?» – деп сұрадым. Ол дәрілерінің атын айтты да, «Бұл құрғырды ауылдан таппайсың ғой», – деді. Сол күні асығыс жолға шыққалы тұрған едім. Өзім сыйлайтын азаматтың жан қиналысы менің де жанымды жабырқатып жіберді. Дереу көлігіме отырдым да, аудан орталығындағы дәріханадан тиісті дәрілерін әкеліп бердім. Сондағы бар айтқаны: «Рақмет, айналайын! Бекер әуре болдың ғой». Иә, заман қанша қыспаққа алса да, азаматтық арының алдында басы иілмейтін бұндай азаматтар аз ғой.

Менің сырттай тілекшімнің бірі және бірегейі Жексенбек аға десем артық айтқандық болмас. Қуанышыма да, қайғыма да шын ниетімен ортақтаса білетін азамат. Ал енді қызмет барысында бір жетістікке қол жеткізген кезде құрдастарына: «Ол менің шәкіртім» деп мақтанады екен. Мен оған қуанбасам, намыстанған емеспін. Себебі аузын

ашса – жүрегі көрінетін, азаматтығы мол, қажыр-қайратын адал еңбекке ғана жұмсаған осындай азаматтардың тәрбиесін көрген тағдырыма ризамын. Ол кісінің артында тырманың құлағына жармасып өткен үш жазым мен үшін бүкіл өмір бойына азық болды. Сол кездер қажыр-қайратымды шыңдады, қиындыққа төзуді үйретті. Содан кейін мен қазіргі Сарқант қаласының әкімі Садықов Садуақас Батқалұлының және кәсіпкер Болат Қомашбаевтың артында да бір жаз тырмада отырдым. Олардан да үйренгенім көп. Ол – әрине, бөлек әңгіме.

Мектепті бітіріп, ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түскеннен кейін ауылға келген бетім болатын. Көшеден Жексенбек ағамды кездестіріп қалдым. Сәл қызыңқырап алыпты. Оқуға түскеніммен құттықтап жатып, «Кейін үлкен жазушы болсаң, біздерді де ұмытпа» деді қалжыңдап. Сол кезде «Әрине, аға» дедім өз көңілімді білдіріп. Алайда сол сәтте санамыздың жұтандығы ма, ол кісі жөнінде не жазамын деп ойлаған едім. Әрине, бәрін есейе келе түсінеді екенсің ғой. Сөйтсем, менің еңбек жолымдағы бағыт-бағдар берген ең бірінші тәлімгерім және күреске толы өмір додасына баптап қосқан бапкерім осы Жексенбек ағам екен ғой. Осылайша, уақыт өте келе, бәрін ой елегінен өткізе отырып, қолыма қалам алдым.

Иә, қазір заман өзгерді. Әркім өз жөнімен тірлік кешуде. Нарық заңы да өмірімізге мықтап дендеп барады. Соның нәтижесінде жеке қожалықтар мен фермерлік шаруашылықтар да көбейе түсуде. Бұрынғыдай бір ауыл бір ұжым болып еңбек ететін уақыт келмеске кетті. Бір кездегі өзіміз дәріс алған дала педагогтарының көбісі тракторларын қаңтарып, еңбек демалысында отыр. Тіпті, солардың кейбіреуі колхоз тараған кезде өзінің үлескерлік пайын да дұрыс алмады деп естіген едім. Бірақ бәріне қанағатшылық танытып, шүкіршілік дейді. Осы орайда, Жексенбек ағам сияқты акберен азаматтардың дәріс беретін даласының тарылып бара жатқаны ғана өкінішті.

Осы мақала жарыққа шыққаннан кейін менің Жекалай (бала кезде солай айтатынбыз) ағамның құрдастары оған

«Жумайсың ба» деп қолқа салатындарын да білемін. Бұл дегеніңіз «жақсылық көбейе берсін» деп ырымдайтын қаймағы бұзылмаған қазақ ауылының бұрыннан келе жатқан дәстүрі емес пе. Сол кезде менің ақкөңіл ағам үйіндегі соңғы лағын да сойып тастаудан тартынбайды. Бірақ сіз оған асықпаңыз, аға! Себебі дәм тартып, ауылға тағы да ат басын бұрын жатсақ, бәріміз өткенді еске ала отырып, бірге тойлатайық. Өзіміз сыйлайтын ағаларымызға сыбаға беріп, алдарына бір марканың басын тартуға жарайтын біздің де уақытымыз келген сияқты. Оған дейін бір-бірімізге тілектес бола жүрейік.

АЛМАС ҚЫЛЫШ ҚЫНАБЫНДА ЖАТПАЙДЫ

Ол өмір жолында үш мәрте қызметтен босады. Үшеуінде де еш жазығы жоқ. Бар «кінәсі» жұмысты жақсы істеп, заңсыздықтарға жол бермеді. Иә, шынымен де солай. Алайда әділеттілік іздеп, ешкімнің табалдырығын да тоздырған емес. Бар қиыншылықты қара нардай көтере білді. Қандай жағдайда болсын кеудесін тік ұстады. Біздің бұл сөзімізде ешқандай әсірелеу жоқ...

«Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» деген емес пе. Мен ол кезде «Достық» кеденінде кеден бастығының орынбасары міндетін атқарушы қызметінде болатынмын. Сол жылдары, яғни 1998 жылдың аяғы мен 1999 жылдың басында кеден саласын уақытша бір берекесіздік жайлады. Ғани Қасымов төрағалықтан кеткен соң, кеден комитетінің төрағасының уақытша міндетін атқару С. Кузьменкоға жүктелді. Сол кезде командалық әдіс етек алды. «Достық» кеденіне С. Шәмшиденов бастық болып келіп, сүттей ұйып отырған ұжымның астан-кестенін шығарды. Жай ғана келген жоқ, өзімен бірге бірнеше «нөкерлерін» ерте келді. Ұнамаған қызметкерлер амалдың жоқтығынан жұмыстан кете бастады. Солардың қатарында мен де қызметімнен босадым. Бастықтың орынбасарынан жолаушылар бөлімінің аға инспекторы лауазымына бір-ақ төмендедім. Онымен қоймай, жұмыс барысында заңға қайшы әрекеттердің

беталысы күшейіп кетті. Бұл команданың қандай мақсатпен келгені белгілі болды. Сондықтан да біз бұл командада тыныш жұмыс істей алмайтынымызды бірден түсіндік. Сөйтін, 23 ақпан күні жеті жігіт бір күнде «Бакты» кеденіне ауысып кеттік. Алайда кеденнің алғашқы кірпішін қалап, бүкіл жастық шағымыздың жалынын қалдырған «Достық» кеденінде өткізген күндерімізді ұмыту оңай ма? Көпке дейін көңіліміз алаңдап, тарихи Жонғар қақпасындағы қимас сәттерімізді жылы лебізбен еске алып жүрдік. Бірақ мен «Бакты» кеденіне ауысу арқылы алдымнан үлкен бір көкжиек ашылып, биік белестер күтіп тұрғанын білгем жоқ.

Жаңа жұмыс орнына да үйрене бастадық. Кеден бастығы, марқұм Ержан Нұғыманов мені контрабандаға және кеден тәртібін бұзушыларға қарсы күрес бөлімінің бастығы етіп тағайындады. Жұмыс барысында негізінен кедендік ресімдеу бөлімінің қызметкерлерімен бірлесе отырып іс-қимыл жасауға тура келеді. Сол кезде кедендік ресімдеу бөлімі бастығының атына көп сынлар айтыла бастады. Себебі жұмыс барысында кедендік ресімдеу мен кедендік төлемдерден хабары мүлде аз екені бірден байқалып тұратын. Біз аталмыш бөлімде жұмысты жақсы білетін жігіттердің бірі, бас инспектор Серікбек Төлебаев екенін сырттай байқап жүрдік. Бір күні бөлім бастығы өзіне қысым таянғанын сезді ме, білмеймін, кезекті еңбек демалысына сұранды. Одан кейін тым көп «ауыратын» болып алды. Жұмысқа шықпайды. Сол кезде бөлім бастығының міндетін атқару Серікбек Төлебаевқа жүктелді. Біз қателеспеппіз. Сол-ақ екен, бөлімнің жұмысы ешбір ескертусіз дөңгеленіп жүріп кетті. Күнделікті ескертулер де сап тыйылды. Көрсеткіштеріміз де жақсара бастады. Бұл орынға басқа қызметкерлердің ішінде Серікбек Төлебаев қана лайықты екені түсінікті болды. Содан кейін кезекті бір жиналыста кедендік күзет және режим бөлімінің бастығы Талғат Абдрахманов екеуіміз кеден бастығы Ержан Нұғымановқа аталмыш бөлімге бастық етіп Серікбек Төлебаевты тағайындауды ұсындық. Ол қарсы болмады. Алайда мен

Серікбек Төлебаевпен бірге көп қызметтес бола алмадым. Себебі сол жылдың 11 қарашасында Шығыс Қазақстан облыстық бас кеден басқармасына қарасты «Ауыл» кеден бекетінің бастығы болып ауысып кеттім. Бірақ өмір деген қызық қой. Кейіннен Серікбекпен «Бакты» кеденінде қайтадан екі мәрте қызметтес боламын деп ойламаппын...

2002 жылы 25 қаңтарда Президент Астанада барлық деңгейдегі әкімдермен өткен кездесу барысында Қытаймен шекарада орналасқан кедендердің атына үлкен сын айтып, құқық қорғау органдарының басшыларына ол жерде бір айдың ішінде тәртіп орнату жөнінде қатаң тапсырма берді. Сол жылдың 12 қаңтары күні сол кездегі мемлекеттік кіріс министрі Зейнолла Кәкімжанов Қытаймен шекарада орналасқан бес кеденнің басшыларын бір күнде қызметтерінен алып тастап, бұл салада тәртіп орнатуға білек сыбана кірісті. Тура сол күні ойламаған жерден үлкен сенім артылып, мені министріміз «Бакты» кеденіне бастық етін тағайындады. Ол кезде ШҚО бас кеден басқармасында кедендік күзет және режим басқармасы бастығының орынбасары қызметінде болатынмын.

«Бакты» кеденіне бет алып келе жатырмыз. Мені жана ұжымға таныстыруға әкеле жатқан бас кеден басқармасының бастығы, генерал лейтенант Нұрлан аға Тілемісов сөз арасында: «Бекен, бірінші кезекте кадрларды дұрыстап ірікте. Кедендік ресімдеу, контрабандаға қарсы күрес және жолаушылар бөлімдерінің бастықтарын орындарынан алуың керек. Себебі бәрі бір-бірімен сыбайлас болып алған. Олай етпесең, ол жерде тәртіп орнату саған қиынға түседі», – деді. Мен қапелімде не дерімді білмей, сасып қалдым. Содан кейін: «Аға, кедендік ресімдеу бөлімінің бастығы Серікбек Төлебаевты орнында қалдыруға рұқсат етіңіз. Ол жігіттің еш кінәсі жоқ. Мен оны өте жақсы білемін», – дедім. Нұрлан Хайдоллаұлы сәл ойланып қалды да: «Жарайды, ол жігіттің жауапкершілігі өзіңнің мойныңда», – деді. Мен болсам іштей жеңілдеп қалдым.

Бізге кеденде темірдей тәртіп орнатады деп сенген басшыларымыздың сенімін ақтау үшін жұмысқа бар

ынта-шынтамызбен кірісіп кеттік. Нәтижесінде кедендік төлемдердің өсімі бір айдан кейін-ақ алты жүз пайызға жетті. Бұрын аталмыш кеденде импортталған жүк тасыған әр автокөліктен алынған кедендік төлемдердің орта мөлшері 80–100 мың теңгеден аспаса, біз бұл көрсеткішті тауардың импорттық құрылымына қарай бір миллионнан үш миллион теңгеге дейін көтердік. Сонымен қатар Қылмыстық кодекстің 209-бабы (экономикалық контрабанда) бойынша алты қылмыстық іс қозғап, бәрін де сотқа дейін жеткіздік. Ондаған миллион теңгенің тауары тәркіленді. Бұндай көрсеткіш «Бақты» кеденінің тарихында болмаған еді. Соған қарамастан жыл аяғында маған қызметтен кетуге тура келді. Орынды босату керектігі ашық айтылды. Алайда өзім болмасам да, ұжымның еңбегі әділ бағаланып, 2002 жылдың қорытындысы бойынша «Бақты» кедені республика бойынша кедендер арасында бірінші орынды иеленді. Осы орайда маған кедендік ресімдеу бөлімінің бастығы Серікбек Төлебаевтың көрсеткен көмегі ерекше болды. Жұмысы ең ауыр бөлімді басқара отырып, қызмет барысында ешбір қателіктерге жол бермеді. Қандай қиын сәттерде болсын жауапкершіліктен қашқан жоқ. Қызмет барысында оның өз ісіне деген жауапкершілігіне, достыққа адалдығына талай мәрте тәнті болдым. Басымызға қара бұлт үйірілген күндер көп болды. Құқық қорғау органы қызметкерлері тарапынан талай мәрте тексерудің астында қалдық. Алайда Серікбектің қолынан ресімдеу мен кедендік тексеруден өткен жүк көліктерінен ешбір заңсыздықтар анықталмады. Бұл жағдайлар оның білікті маман ғана емес, арзан дүниеге сатылмайтын азамат екендігін айғақтап тұрды. Қызмет барысында ол ақшадан гөрі офицер мундирінің беделін жоғары санады. Сөйтіп, өзінің атына ғана емес, оған сенген ұжымның атына да жаман ат келтірген жоқ. Осылайша, екеуіміздің арамызда қыл өтпейтін достық және ағалы-інілі сыйластық қалыптасты.

Қазақта «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» деген сөз тегін айтылмаса керек. Бұған қоса мына ой-шұқыры көп тіршіліктің кертартпа заңдылықтары да көп қой. Мен

2002 жылдың аяғында «Бакты» кеденінен кеткеннен кейін 2005 жылға дейін Серікбек тағы да үш бастықпен қызметтес болды. Бәрі де оған білікті маман және абыройлы азамат ретінде ерекше құрметпен қарады. Ал 2005 жылы «Бакты» кеденіне төртінші бастық болып Бейсенбай Советбеков деген жігіт тағайындалды. Бұрын кеден саласында істемеген. Кеденнің жұмысын жеткілікті білмейді. Мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі де аз болатын. Оның алдында бір жылдан аса ғана уақыт кедендік бақылау департаменті бастығының орынбасары болып қызмет істеді. Бұл лауазымда жүрін те жігіттердің арасында бедел жинай алмады. Себебі әріптестері оны кеденші ретінде мойындамады. Ол «Бакты» кеденіне бастық болып ауысар алдында менен: «Сен ол жерде бұрын істедің ғой. Қандай жақсы жігіттер бар?» – деп ақыл сұрады. Мен ол кезде «Семей» кедені бастығының орынбасары қызметінде болатынмын. Мен оған шын ниетіммен: «Бейсеке, сіз кеденнің жұмысын дұрыс білмейсіз. Сондықтан да ол жерде жұмысты жақсы білетін, қызметін адал атқаратын жігіттерге арқа сүйемесеңіз болмайды. Қытаймен шекарада орналасқан кеденнің жұмысы өте киын екенін ұмытпаңыз. Бұған қоса жұмыстың ең ауыры әрі ең жауаптысы кедендік ресімдеу бөлімінде. Жаудың бәрі кемшілікті сол бөлімнен іздейді. Қазір ол бөлімді 1999 жылдан бері Серікбек Төлебаев деген жігіт басқарып отыр. Қанша бастықпен қызметтес болса да, біреуінің де атына кір келтірген емес. Өте сауатты және адамгершілігі мол жігіт. Егер де жұмысты жақсы жолға қоямын деген ниетіңіз болса, онда қызмет барысында Серікбекпен ақылдасып отырсаңыз, қателеспейсіз», – дедім. Ол маған рақметін айтты. Алайда неге екенін білмедім, Бейсенбай Советбеков келген бетте бірінші Серікбекпен айкасты. Бәлкім, кеден саласындағы сауаты өзінен жоғары және өзіндік қағидаты бар жігіттер ұнамады ма, кім біледі. Серікбекті орнынан алып тастап, оның орнына кедендік ресімдеу мен бақылау жұмыстарын жақсы білмейтін жігітті қойды. Жанына жағымпаздарды жинады. Сол-ақ екен, «Бакты» кеденін берекесіздік жайлады. Бөлімдерде не былығып жатқанын білген жоқ. Жұмысты

жаксы білетін жігіттерге арка сүйеудің орнына, олардың артына шам алып түсті. Серікбек ол жердегі моральдық-психологиялық ахуалға шыдамай, кедендік бакылау департаментіне бөлім бастығы болып ауысып кетті. Ол кезде департамент бастығы Ерікжан Абдрахманов болатын.

Серікбек кызметтен босағаннан кейін Бейсенбай Советбеков екеуіміз департаментте жиналыста кездесіп қалдық. Мен оған: «Сіз Серікбекке байланысты үлкен қателік жібердіңіз. Бұнын арты жаксылыққа апармайды», – дедім. Көп ұзамай «Бакты» кеденінде кеден тарихында болмаған төтенше жағдай орын алды. Үлкен көлемдегі пара алу әрекеті әшкереленіп, кедендік ресімдеу бөлімінің бастығы қамауға алынды. Іле-шала кеден бастығы кызметінен босады. Осы оқиғадан кейін 2006 жылдың ақпан айында «Бакты» кеденіне бастық болып Арда Игембаев тағайындалды. Ол кызметке кірісе сала Серікбекті бізден аттай қалап, өзіне қайтадан кедендік ресімдеу бөлімінің бастығы етіп алып кетті. Серікбек ол кезде «Семей» кеденінде кедендік бакылауды ұйымдастыру бөлімінің бастығы, ал мен болсам кеден бастығының орынбасары кызметінде болатынмын. «Семей» кеденінің бастығы Қайрат Бокишев екеуіміз Серікбекті жібергіміз келмеді. Олай дейтінім, Серікбек «Семей» кеденінде бөлім бастығы ретінде өте жемісті еңбек етті. Болашақ жоспарымызда оны «Ауыл» кеден бекетінің бастығы кызметіне жіберу бар болатын. Ол жоспарымызды Серікбектің өзіне алдын ала ескерткенбіз де. Алайда отбасы жағдайымен ол «Бакты» кеденіне қайта оралды. Себебі оның отбасы «Бакты» кеденіне жакын жердегі аудан орталығы – Үржар ауылында тұратын. Серікбектің қайтып оралғанына бұрынғы әріптестерінің бәрі қуанды. Алайда мына жалған дүниеде әділеттілік пен әділетсіздік бір-бірімен жарыса жүреді емес пе. Сондай сәттерде ақиқаттың ауылы алыстап, әділеттіліктің аяқасты болып кететіні өкінішті. Арада бір жарым жылдай ғана уақыт өткенде Серікбек тағы да қуғынға түсті. Еш жазығы жоқ. Тек жұмысты кінәратсыз істегені үшін ғана. Иә, біздің салада мұндай да болады... Оңдайға біздің етіміздің үйреніп кеткені кашан...

2007 жылы кеден комитетіне жана төраға келіп, кеден саласын тағы бір дауыл шарпып өтті. Бұл жолғы дауылдың екпіні өте қатты болды. Бірін-бірі аңду, аяқтан шалу, өсек жинау науқаны белең алды. Кеше ғана бір-бірімен қоян-қолтық араласып жүрген кей жігіттер бір күннің ішінде бір-біріне жау болып шығып жатты. Осы дауылдың екпіні «Бақты» кеденін де айналып өткен жоқ. «Бақты» кеденінде жұмысты жақсы жолға қойып, ұжымды сүттей ұйытып отырған іскер басшы Елеухан Баймолдинов қызметтен кетіп, командасының да басына кара бұлт үйірілді. Сол кезде аталмыш кеденде кедендік ресімдеу бөлімінің бастығы болып істейтін Серікбек Төлебаев та қатты қыспаққа алынды. Жан-жақты тексерудің шырмауында қалды. Өзі басқаратын бөлімнің жұмысы терең қазбаланды. Алайда жұмыс жағынан оған тағатын еш кінәрат табылмады. Әйтеуір, ауыс-түйісті желеу етіп, қызметтен кетіру үшін оған шалғайдағы Маңғыстау облысындағы бір кеден бекетіне қатардағы маман қызметі ұсынылды. Серікбек одан бас тартты. Сөйтіп, уақытша кеденнен кетуге тура келді. Бұл әділетсіздікті естігенде Серікбекті білетін талай азамат іштей күйіндік те. Серікбек кеткен соң, «Бақты» кеден бекетінде бірнеше бастық ауысты. Соған карамастан, контрабандалық әрекеттер толастаған жоқ. Нәтижесінде айналдырған екі жылдың ішінде жеті қызметкер сотты болды. Қаншама жас жігіттердің тағдырына, болашақ мансабына балта шабылды. Бірақ та қолдан келер басқа амал жоқ болса, не істейсің. Амалсыздан бәріне де шыдауға тура келді.

Серікбек жарты жылдай жұмыссыз жүріп қалды. 2008 жылдың көктемінде мен жұмыс бабымен Үржарға келдім. Келер алдында Серікбекпен хабарластым. Ол тосып алды. Әңгіме арасында оған: «Секе, өзіміздің Ерікжан ағамызға неге бармайсыз? Сіздей алтынбасты жігіттің бүйітіп жүргені болмайды ғой», – дедім. Ол кезде Ерікжан Абдрахманов «Достық» кеденінің бастығы қызметінде болатын. Секеңнің жұмыссыздықтан шаршағаны байқалып тұрды. «Барайын десем, ыңғайсызданып жүрмін», – деді. Мен болсам «Ыңғайсызданатын түк те жоқ, жүр, кеттік»,

– дедім. Серікбек қуанып кетті. Үржарға келген негізгі жұмысымды ысырып тастап, «Дружба» кентіне тартып отырдық. Өзіміздің арқа тұтар ағамыз әрі ұстазымыз Ерікжан Мырзамұханұлы бізді жылы қарсы алды. Мен ол кісіге сөзімді астарлап: «Сізге кедендік ресімдеу бөлімінің бастығын әкелдім», – дедім. Ерекен сыр білдірмей, жымыды да қойды. Сөз арасында: «Қазір төрағамыз Қозы-Көрпеш Карбозовтың кеденнен жұмыстан кеткен қызметкерлерге деген қаһары қатты. Бірақ сені қайтсем де озіме жұмысқа алдыруға тырысамын», – деді. Ерекен азаматтық сөзінде тұрды. Астанаға барғанда Серікбек үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, басын тәуекелге тікті. Ал кеденге үлкен күшпен қайтып оралған Серікбек болса Ерекеннің сол сенімін ақтады. Ерікжан Мырзамұханұлының атына бірауыз сөз келтірмей, жемісті еңбек етті. «Алакөл» кеден бекетін және теміржолдағы кедендік ресімдеу бөлімін басқарды. Сол жерде өзін абыройлы азамат және өз ісін жетік білетін кәсіпқой кеденші екенін баршаға дәлелдеді. Сойтін, «Достық» кеденінде табан аудармай төрт жылдай қызмет істеді. Артында жақсы із қалдырды. Соның нәтижесінде 2012 жылдың сәуірінде оған үлкен сенім артылып, «Бақты» кеден бекетінің бастығы лауазымына бекітілді. Сонымен қатар кеден жүйесіне нағыз кәсіпқой кеденшілер қайтадан орала бастады. 2012 жылдың наурызы, яғни мұсылманша жыл басы есігін жақсылықпен ашты. Осылайша, Мәжит Есенбаевтың кеден комитетінің төрағасы болып келуімен кеден саласында әділетті тағайындаулардың болып жатқаны көпшілігіміздің көңілімізге сенім ұялатты. Талайымыздың басымызға үйірілген кара бұлт сейіліп, негізсіз қуғын-сүргін де тоқтады. Біз кеденнің келешегіне сеніммен қарай бастадық.

Жақсылық жерде жатсын ба. Серікбек «Бақты» кеденінің бастығы лауазымына тағайындалғаны жөнінде қуанышты хабар да жетті. Астанадан қайтып келе жатқан жолда оны Семей қаласынан тосып алдым. Мен ол кезде «Семей» кеден бекеті бастығының орынбасары қызметінде болатынмын. Екі дос құшақтаса кеттік. Көптен көрмегендіктен бе, сағы-

нысып қалыппыз. Серікбектің өз биігіне адал жолмен, лайықты қасиетімен көтерілгеніне ризамын. Кеден саласында қаншалықты аумалы-төкпелі науқандардың бәрін басынан кешірді. Көрмеген қиыншылығы жоқ. Қаншама рет жазықсыз қудалаудың құрбаны болды. Сондықтан да азамат деген атына кір келтірмеген адам қандай құрметке болса да лайық қой. Сөз арасында: «Беке, маған орынбасар болып келуге қалай қарайсыз? Баяғыдағыдай бір-бірімізге тірек болып, бірге қызмет істесек жақсы болар еді», – деді. Мен келісімімді бердім. Серікбектің мені өзіне орынбасарлыққа шақырғанына департамент басшылары да қолдау білдірді.

Өмір деген алма-кезек қой. Сөйтіп, мен енді Серікбектің қарамағына орынбасар болып қызметке келдім. Сонымен қатар кеден бекетінің көрсеткіштерін жақсарту үшін департамент басшылары біздің алдымызға келелі міндеттер қойды. Осылайша, араға он жыл салып, «Бақты» кеденіне үшінші мәрте оралдым. Кеден бекеті мүлде өзгерген. Он жыл бұрын бұл кеден бекетінде жолаушылар терминалы, инспекциялық тексеру кешені, «Янтарь» қондырғысы, электронды өткізу пункті және тауарларды жеткізуді автоматты түрде бақылау құралдары мүлде жоқ болатын. Алғашында жеті жылдан аса ішкі кеден бекетінде қызмет істен үйреніп қалғандықтан ба, жұмыс процесі кішкене қиынға түсті. Ішкі кеден бекетінде жоғарыда айтып өткен кедендік тексерудің техникалық құралдары мүлдем жоқ қой. Ал Серікбек болса, бұл жұмыстарды бес саусағындай меңгеріп алған. «Достық» кеденінде Ерікжан Абдрахманов пен Өмірзақ Бейісбековтың мықты мектебінен өткені байқалып тұр. Сонымен қатар кеден бекетінің аумағында үш жерде үлкен құрылыс жұмыстары жүріп жатты. Мұрынға су жетпейді. Құрылыс жұмыстарының барысымен кеден комитетінің төрағасы Мәжит Төлеубекұлы күнде телефон соғады. Негізгі жұмыстан басқа құрылыс жұмыстарының проблемасын айтып тауыса алмайсың. Дәл осы сәтте мен Серікбекті мүлде басқа қырынан таныдым.

Тез арада құрылыс жұмыстарының проблемалары мен стандарттарын және неше түрлі терминдерін де меңгеріп алды. Құрылысты прорабтан кем білмейді. Таңертеннен кешке дейін тыным таппайды. Кейде шашырап жатқан құрылысты жаяу аралап, үсті-басы шаңға да көміледі. Тіпті, мердігер құрылысшылардың проблемаларын шешуге дейінгі жұмысқа да араласып кетеді. Жұмыс барысында олардың техникалары қирап қалса, соның қосалқы бөлшектерін тауып беруге де күш салады. Құрылыс тоқтап қалмасын деп қобалжиды. Ұялы телефонында тыным жоқ. Таңертең сағат алтыда тұрып алады да, құрылыс учаскесін аралап шығады. Құрылысшылардың жұмысқа уақытында шығу жағдайын да бақылауда ұстады. Күнделікті істелген жұмыстың ауқымын бір сәт назардан тыс қалдырмайды. Сенбі-жексенбі дегенді білген жоқ. Құрылыс жұмыстары ақсап бара жатса, дереу мердігерлерді шақырып алып, жиналыс өткізеді, кемшіліктерді дереу жоюды тапсырады. Бір күні мен оған: «Серікбек Ахметжарович, сіз енді өзіңізді аясаңызшы. Құрылысшылардың жұмысына дейін өз мойныңызға алып жүргеніңіз не?» – дедім жаным ашығандықтан. Сол кезде ол: «Бекен Төлеужанович! Мен кеден саласына шын ниетімен жаны ашитын Мәжит Есенбаев сияқты төрағаның келгеніне қуанамын. Сондықтан да кеденшілерге жағдай жасаймын, кеденді көгертемін деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Мәжит Төлеубекұлының сенімін ақтауым керек», – деді.

Иә, Серікбек Ахметжарұлы сенімді ақтады. Жана лауазымда ол өзін білікті де білімді басшы екенін таныта білді. Шашылып жатқан кеден бекетінің маңын тазарттырып, гүл егіп, тал отырғызды. Аула жайнап шыға келді. Бастықпын деп шекіреймейді. Өзі қолына күрегін алып кірісіп кеткенде, басқа қызметкерлер де ұялғанынан қарап тұрмайды. Сонымен қатар кеденнің негізгі көрсеткіштері де биікке көтерілді. Атап айтсақ, осы уақытқа дейін кедендік терминалдан өтетін жеке тұлғалардан кедендік кіріс ордері арқылы бір тиын кедендік төлемдер алынбаған екен. Бұл жұмыс қатаң бақылауға алынды. Нәтижесінде жеке тұлғалардан кедендік

кіріс ордері арқылы өндірілетін кедендік төлемдердің айлық мөлшері бір миллион теңгеден асып кетті. Сонымен қатар азғана уақыттың ішінде қылмыстық кодекстің 209-бабы (экономикалық контрабанда) бойынша екі, 250-бабы бойынша бір қылмыстық іс қозғалып, тоғыз миллион теңгенің тауары тәркіленді. Осы орайда мен Серікбектің еңбекқорлығына қайран қалдым. Осыдан он жыл бұрынғы Серікбек емес, тәжірибесі мен білімі жан-жақты толысқан Серікбек. Кеден саласының бүкіл жұмысын жақсы біледі. Кедендік ресімдеу мен кедендік тексеру барысында кетіп жатқан кемшіліктер болса, дер уақытында байқай қояды. Кедендік тексерудің техникалық құралдарының жұмысын да жетік меңгеріп алған. Қолы босағанда ресімделген жүктің кедендік декларациясын да өзі тексереді. Қате кетіп жатса, кеден қызметкеріне түсінікті түрде үйретеді. Дауыс көтере ұрсу деген жоқ. Содан кейін ұжымдағы қызметкерлер Серікбек Ахметжарұлының қолын қалтасына салып жүрген жай басшы емес, нағыз білікті әрі кәсіпқой басшы екенін түсінді. Ондай басшыға кім де болса құрметпен қарауға тырысады емес пе...

Қызмет барысында Серікбек Ахметжарұлы орынбасары ретінде маған көп ауыртпалық салмауға тырысты. Жасы менен екі жас үлкен болса да, «Сіз» деп сөйлейді. Кейде орынбасарына тән жұмыс болса да, өзі жасай салады. Мен оның бұрынғы бастығы болғандықтан, маған көп салмақ салуға ыңғайсызданып жүргенін түсіндім. Бұндай қасиет оның ерекше мәдениетті және үлкен жүректі азамат екендігінің айғағы екенін сөзсіз. Алайда соны пайдаланып, арқамды кеңге салған жоқпын. Сондықтан да Серікбектің атына жаман сөз келтірмеу үшін мен де жанымды сала еңбек етуге тырыстым. Бірде кабинетіне кіріп: «Серікбек Ахметжарович, бар шаруаға өзіңіз жүгіре бергенше, бізге де тапсырмалар берсеңізші», – дедім. Ол күлді де, жай ғана: «Бекен Төлеужанович, бәрі дұрыс. Сіз оған алаңдамаңыз. Өзіңізге тиісті жұмыстарды жақсы істеп жатырсыз ғой», – деді сабырлы кейіпте. Сонымен қатар екеуіміз бір үйде тұрдық. Жұмыстан түнгі оннан аса шаршап келсе де, түннің

бір уағына дейін кеден заңнамасындағы өзгерістерді, жаңадан келген нормативтік құжаттарды оқиды. Көп қағаздарды өзі жазады. Ертеңгі күннің жоспарын жасайды. Тіпті, түнде кеш жатса да, менен ерте тұрып алып, таңғы асқа дейін дайындап жібереді. Мен тағы да ыңғайсызданамын әрі маған деген құрметіне риза боламын. Содан кейін өмір жолында осындай азаматпен жолдас әрі қызметтес болғанымға тәубе деймін. Өз басым осы жолы бастығым ретінде Серікбектің өзінен де көп нәрсе үйрендім. Алайда тағдыр бізді тағы да бірге ұзақ қызметтес болуға жазбапты. Бар-жоғы үш-ақ ай қызметтес болдық. Бірақ осы үш айдың өзі мен үшін үш жылға татитын тағылымы бар уақыт болды десем артық айтқандық емес.

2012 жылдың қыркүйек айының басында Серікбек Астанаға төрағаның қабылдауына шақырылды. Бұл шақырту жақсылықтың белгісі екенін түсіндік. Алайда айналып келгенде бәрі де біз ойлағандай болмай шықты. Серікбекке кеден комитетінің басшылығы үлкен сенім артып, «Қордай» кеденінің бастығы қызметін ұсынды. Өкінішке қарай, Серікбек отбасы жағдайына байланысты бұл лауазымнан бас тартты. Нәтижесінде «Бакты» кеденінің бастығы қызметімен де қош айтысуына тура келді. Естісе, сенбейтін жағдай. Жұмысты жақсы жолға қойғаннан басқа еш жазығы жоқ. Басқа біреу болса, морт сынып кетер ме еді. Кеден саласында талай қыспақты көрген Серікбек бұл соққыны да көтере білді. Ешкімнің сыртынан жаман сөз де айтқан жоқ. Ұжыммен жылы қоштасты. Кеудесін тік ұстады. Әділетті басшыны кимаған кейбір әріптестеріміз көздеріне жас та алды. Бұл жағдай Серікбек Төлебаевтың кеден саласына келгелі қызметтен жазықсыз үшінші мәрте кетуі. Иә, бәріне уақыт пен тарих төреші. Уақыт жараны емдейді, ал тарих ақиқатты тосып жатады. Қазақта «Алмас кылыш кынабында жатпайды» деген қанатты сөз бар емес пе. Келер күннің еншісінде үмітіміз көп. Сондықтан да біз басқан ізіне шөп шығара білетін Серікбек Ахметжарұлы сияқты азаматтың шығар биігі мен көкжиегі әлі алда екеніне сенеміз.

Осы материал баспаға дайындалып жатқанда Серікбек

хабарласты. Сүйінші хабарды естігенде, әйелім ұл туғандай қуандым. Не сенерімді, не сенбесімді білмеймін. Үстімнен ауыр жүк түскендей әсерде қалдым. «Оу, әділеттілік! Сен бар екенсің ғой» деп айқайлап жібергім келді. Алмас қылыш қынабында көп жатқан жоқ. Арада тура үш ай өткенде Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев басқарған кеден комитетінің басшылығы Серікбек досымды Алматы облыстық кедендік бакылау департаментіне карасты «Қалжат» кеденінің бастығы етіп тағайындапты. Тағы да жауапты жұмыс, тағы да Қытаймен шекара. Әрине, «Нар жолында жүк қалмайды» деген сөз тегін айтылмаған ғой. Серікбек Ахметжарұлы үшін ешқандай жұмыстың ауырлығы жоқ. Ол кеден саласында от пен судың бәрінен өтті. Осындайда өмір жолында небір теперішті көрген Серікбек сияқты азаматқа: «Жұмысың жемісті болатынына сенеміз. Алайда әділетсіздіктің құрығы саған төртінші мәрте тимесінші, достым!» деп тілегің келеді. Иә, дәйім солай болғай.

09.09.2012 жыл

ОЛ БІРІНШІ ЕДІ...

Ауыр составты ышқына тартқан пойыздың жүрісі маңдымай қойды. Асыққан жолаушыны абыржыта түскісі келгендей жол бойындағы қарайған бекеттің бәріне ысылдай тоқтайды. Бұндай жағдай жалғыз-жарым сапарға шыққан кісіге қиын-ақ, әрине.

– Танысып қоялық, інішек, – деді бір купеде келе жатқан ересек кісі екеуара үнсіздікті бұзып. – Өңгімеміз жарасса, жол қысқарар.

– Дұрыс айтасыз, аға, есімім Бекен болады.

– Ал менің есімім Сәкен, – деп оң қолын созды да, сөзін одан әрі жалғастырды. – Құпия болмаса, қайда жол тарттың?

– Дружбаға.

– Ой, бауырым, мен Бескөлге дейін барамын. Жолымыз бір десек те болады екен ғой.

– Дружбаны жақсы білесіз бе? – Менің бұл сұрағыма жолсерігім бетіме таңдана қарады.

– Білем, әрине. Бір ауданның жері емес пе. Сөзіңе қарағанда, бірінші мәрте бара жатырсың-ау, шамасы?

– Иә, сонда шекаралық кеденге жұмысқа орналасуға...

– Кеден деген не, құдай-ау?

– ...Енді, былай айтқанда, шекарадан арлы-берлі өтетін жолаушылар мен жүктерге тексеру жүргізетін таможня ғой...
– дей беруім сол еді:

– Е, бірден таможня деп айтпайсың ба? Жақсы жұмыс деп естимін, – деп жанқалтасындағы темекісіне қолын салды. Сосын құшырлана сорған шылымының түтінін будақтата бетіме сұраулы әрі сынаулы жанарын қадады. – Бірақ, бауырым, ол жердің ауа райы өте қатал. Арғы беттен Ебі желі, бергі беттен Сайқан желі кезек-кезек соғып, ызғарлы суығы өңменіңнен өткенде, жаныңды тыншытпайтын көрінеді. Қаланың қазағына ол жаққа жерсіну киындау тиеді. Әуелі, осыдан бір ай бұрын қатты көтерілген желдің екпінінің күштілігі сонша, қақаған аязда он екі вагонды аударып, боранды-бұрқасынмен көміп тастады деп естідім...

Жолсергімнің мына бір сөзі менің қобалжып отырған көңілімді одан сайын мәре-сәре күйге түсірді. Себебі шамамыз келгенше жаманды-жақсылы жеті жыл журналистік қызмет атқарып, КСРО Журналистер одағының мүшелігіне өтіп, республиканың белді «Жас Алаш» газетінің заң бөлімінің меңгерушісі, редакция алқасының мүшесі деңгейіне дейін көтерілген жап-жақсы жұмысымды тастап, ұзақ ойлану нәтижесінде шалғайдағы кеденге өз шешіміммен кеткенім үшін қобалжудың өзі де орынды ғой. Алайда абыржыған, екіойлы көңілімді жұбатып тұрған бір ғана жағдай бар еді. Ол жұмыстан ауысар алдындағы бүкіл редакция ұжымы өз дәстүрімен құрметтеп шығарып салған жиналыста өзімнің ұстазым, сол кездегі газеттің бас редакторы, фиология ғылымдарының докторы, бүгінгі күні М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижанның: «Айналайын, Бекен. Сен біздің ұжымда жаман қызмет істеген жоқсың. Өзіңді әріптестеріңнің арасында және газетіміздің оқырмандары алдында қаламыңның қарымы бар журналист ретінде таныта

білдің. Ал енді кеден дегеніміз – бүгінгі нарыққа көшкен заманда өте керекті және жауапкершілігі зор қызмет орны. Ол жерден үлкен өмір көресің. Бәлкім, кеденшілер өмірінен осы уақытқа дейін ешкім қалам тербемеген тың дүниелер жазарсың. Қаламыңды тастама. Егер де жаңа жұмыс орнын жайсыз болса, өз ұяңа қайтып кел, саған әрдайым орын табылады, қызметінді қайта аласың», – деген еді.

Иә, сын сағатта жаныңа жылу беретін, көңіліңе медеу болатын бірауыз сөздің, бірауыз жылы лебіздің, бір сәттік жанашыр пейілдің құдіреті үлкен ғой. Кейде осындай жылы лебіз бен пікірдің бір адамның бүкіл тағдырына себепкер болатын тұстары да аз емес қой.

Асыға күткен Дружба бекетіне сағыздай созыла жүрген пойызымыз да араға бір күн салып жетті-ау, әйтеуір. Терезеден далаға көз жіберсем, қар боратқан боран да, ысқырған желдің дауысы да естілмейді. Тамбурдан перронға түскен бетте шекаралық аймақта бөгде адам екенімді бірден байқап: «Қай жақтан келдіңіз? Құжаттарыңызды көрсетіңіз», – деп қарсы алдымнан шыққан милиция қызметкерінен: «Кеденнің кеңсесі қайда?» – деп сұрадым. Ол қырын бұрылды да: «Мынау» деп қираған үлкен үйді көрсетті. «Құдайым-ау, мен шынымен-ақ қайда келдім?» деп маңайыма тосырқана қарадым. Кеденнің кеңсесі деп көрсеткені ескі вокзал екен. Екі қабатты вокзалдың шатыры жоқ, терезелері алқа-салқа. Іші қоқыр-соқырға толы, мал да жайылып жүр. Тек бірінші қабаттағы қирамай, сау қалған үш бөлмесінің біреуі кеден қызметкерлеріне бұйырыпты. Дружба бекетінің алғашқы көрінісі менің көз алдыма соғыстан кейінгі қалпына келтіріліп жатқан қираған қалашықты елестетті.

«Кеден» деп қазақ, орыс, қытай тілдерінде жазылған маңдайша ілінген есікті имене аштым. Іште әдеміше келген, қыр мұрынды, ұзынша бойлы, мығым денелі жігіт отыр. Осында жұмысқа келгенімді айттым. Ол өзін Мадиярхан деп таныстырды. Ауысым бастығы болып істейді екен (ол кезде кеден бекеті болғандықтан, бөлімдер жоқ болатын). Содан кейін: «Қайда тоқтадың, тұратын баспанаң бар ма?» – деп сұрады. Дружба туралы естуі болмаса, алғаш көріп тұрған

адамда қайдағы бас сұғатын жер болсын? Мән-жайды түсінген жаңа танысым:

– Ештеңе емес, менің бір бөлмелі үйім бар. Бес жігіт тұрып жатырмыз. Алтыншы болып орын табылар. Көңіл сыйса бәрі сыяды емес пе, – деді күлімдеп, иығымнан қағып. Содан кейін сөзін қайта жалғады. – Жалпы, ниетің дұрыс жігіт екенсің. Олай дейтінім, екі күн бет қаратпай сокқан жел кеше ғана тоқтады. Яғни, Дружба сені дұрыс қарсы алды деген сөз.

«Боран». Кеше ғана пойыздағы жолсерігімнен естіген осы сөз алдымнан тағы шықты. Боран деп естуіміз, яки кинодан көргеніміз болмаса, аласапыран жасайтын бұрқасынның арасына түсіп көрген емес едім. Алайда жаңа танысқан әріптесімнің жылы қарсы алып, жүрегіме жылы тиген жаңағы сөзі тағы да көңіліме медеу болды. Мен сол күні өз тағдырымды Дружба бекетімен, «Достық» кеденімен тығыз байланыстыруға бел будым. «Басқа салғанды көрерміз, шешінген судан тайынбас» деп қоямын ішімнен.

Мадиярхан адамға сын көзбен қарамайтын, ұсақ-түйекке мойын бұрмайтын, бәрімен бірдей қарым-қатынаста болуға тырысатын және де жігіт адамға жат нәрсе – пыш-пыш өсек сөзге үйір емес, кенпейіл жігіт көрінді. Жұмыс барысында білмегеніңді сұрасаң, бұлданбай түсіндіруге тырысады. Өзі алғашында Қазақ республикалық кеденінде тәжірибеден өткен, Ташкент қаласында кеден мәселелері жөніндегі үш айлық кәсіби деңгейін көтеру оқуында болып келген екен. Бұған қоса әскери борышын Ауғанстан республикасында өтеген, ҚазМУ-дің заң факультетінің 5-курсында сырттай оқитын көрінеді. Яғни, бізге қарағанда, өмірден түйгені көп, жұмысты да көпшілігімізден жетік білетін. Бұл уақыт Қазақстанда Кеден комитеті жаңадан құрылып, білікті кеден кадрлары тапшы болып отырған, тәй-тәй басқан кеден жұмысын ешкім онша көп түсіне бермейтін кезең болатын.

...Сол түні екеуіміз ұзақ әңгімелестік. Шамамыз келгенше, өз қолымызбен екі жақтап тамақ та пісірдік. Дастарқан мәзіріміз кәдімгі студенттік өмірдегідей. Үстел үстіне бір шөлмекті қоюды да ұмытпадық. Мамыр мерекесі

қарсаңы болатын. Дастарқан басында Мадиярхан қолына домбырасын алып, Секен Тұрысбековтің «Көңіл толқыны» күйін нақышына келтіре отырып, беріле тартты. Домбыра шертісі кәдімгі кәсіпкер онерпаздан кем емес. Музыканы қабылдау дарыны өте жоғары екені көрініп-ақ тұр.

– Мәке, енді бір әндетші, – дедім екінші кезекте Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйін тартып біткенде. Ол домбыраны қойды да, қолына гитарасын алды. Шағын бөлмені әке, ана, махаббат туралы Шәмші әндері әуелетін, өз ырғағына бөлеп жатты. Әнді беріле айтқанда басын оңға бұрып алып, көзін жұмып, шалқая шырқайтын әдеті өзіне керемет жарасады. Гитараның алты шегін қағыспен де, теріммен де құбылта ойнағанда, қарап тұрып сүйсінесің. Тыңдаушының музыка жөніндегі түйсігі болса, нағыз дарын.

– Мәке, әке-шешен бар ма? – Қолы гитарадан босап, дастарқаннан дәм алып отырған сәтте осы сұрақты қалай қойғанымды аңғармай қалдым. Әлде, Шәмші ағамыздың әке, ана туралы әндерінің жүректі тербеп, көңіл пернесін дөп басып, сезім толқынына қатты әсер етуінен де болар, сірә.

– Жок, – деді сабырлы кейіпте. Дауысы бәсең шықты. Жүрегім дір ете түсті. Аякасты не дерімді білмей састым. Екеуара екі сағаттан астам отырыстың сәнін де бұзған сияқты көріндім. Менің ыңғайсыз күйге түсіп қалғанымды байқаған ол:

– Сен қысылма, – деп бойымдағы ауыр жүкті түсіргендей болды. – Мен үйдің кенжесімін. Алдымда бір-бір шаңырақтың иесі болып отырған 7 ағам бар. Құдайға шүкір, бір үйдің еркесіміз десе де болады. Әке-шешем ертеректе қайтыс болған... Ал енді, кел, әкелер мен аналар үшін алып қоялық...

Ащы арақты ауыр жұтынып, бір сәт бойын үнсіздікке жеңдірді. Қос жанарынан әке мен шешеге деген сағыныш сезімі ап-айқын аңғарылып тұрды.

– Мәке, тік ұсташы бойыңды, көтерші көңіліңді, – дедім осы үнсіздіктің пайда болуына өзім себепкер болсам да. Мадиярхан қолсозым бұрыштағы гитарасын қолына алды да, бір-екі шертін, қайтадан орнына қойды. Қабағында қайтадан

сәл кірбің пайда болғандай көрінді. Санасына терең бір ой шырмауы оралған сияқты. Алдындағы кеседегі суыңқырап қалған шайдан бір ұрттады да, маған қарап:

– Бекен, мені бір ой мазалайды, – деді.

– Ол не, құпия болмаса?

– Сен әлі естімеген де шығарсың. Былтырғы жылы Дружбада көңілге кірбің түсіретіндей бір жағдайлар болған. Оған біреулер аса мән бермеуі де мүмкін. Алайда сен журналист емессің бе, өзінше ой таразысына салып көр. – Мадиярхан терең бір күрсінді де, әңгіме түйінін ағытты.

– Достық бекетінде алғашқылардың бәрінің сағы сынды. Олай дейтінім, өткен жылы алғашқы станция бастығы Нұрлан Акпейісов, алғашқы аудармашы Қабыл машина апатынан қайтыс болды. Сол машина апатында менімен жұмысқа қатар келген Ораз Иманқұлов деген жігіт Құдай сақтап, аман қалды. Алғашқы дүниеге келген сәбиі шетінеп кетті. Алғашқы үйленген жас жұбайлар дәм-тұздары жараспай, ажырасты.

– Иә, адамға кәдімгідей ой салатын жағдай екен, – дедім әңгіме желісі қатты әсер етін. – Сонда айтпағыңыз не, Мәке?

– Менің айтпағым, мені мазалайтын ой... мен «Достық» кеденінің алғашқы инспекторымын ғой...

Мадиярханның осы сөзін естігенде денемді тоқ соққандай дір ете түстім. Қапыда не дерімді білмей, сасқанымнан:

– Қой, Мәке, қай-қайдағыны айтпашы, Құдай сақтасын, жамандық шақырмасаншы өзің, – деуге ғана тілім келді жұбатқансып. Осылай десем де, Мадиярханның мына әңгімесі маған үлкен ой салды. Көпке дейін жүрегімді шымшылап, жұмбақ түйіні шешілмей келген осы жағдайларды көпті көрген бір қарияға айттым.

– Балам, – деді қария байсалды кейіппен, – сен жұмыс істейтін жер атақты жоңғар қақпасының дәл ортасында орналасқан. Ол жер ата-бабамыздың қаны тамған қасиетті жер. Талай ақтабан шұбырындының куәсі болып, талай боздақтар жер жастанған жер. 1969 жылы Қытаймен болған

кішкене қактығыста да талай боздактар жан тапсырды. Қаншама үйлер бірнеше жылдар бойы тірі жан түгін түтетпей, жын-шайтан жайлап, қаңырап бос тұрды. Сондықтан да «Дружба» бекеті алғаш ашылғанда бірінші әдеттегідей лента кимай, Құдай жолымен құрбандық шалып, аруақтарға арнап құран оқыту керек еді. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген осыдан шыққан, қарағым...

Иә, 1993 жылдың тамыз айы мен үшін өте ауыр болды. 4 тамыз күні әкем 74 жасында ауыр науқастан дүние салды. Әкемнің қайтыс болғанын жұмыстан өз шаруасымен сұранып кеткен Мадиярхан Алматыдағы жолдастардан кеш естіпті. Тура жетісі болардан бір күн бұрын әйелі екеуі келді. Астыларында жап-жаңа жеңіл машина.

– Сабыр ет, Беке, – деді құшақтап тұрып. – Сабыр ет. Әкейлі соңғы сапарға патшадай етіп шығарып салғандарынды естідім. Жарайсың, ол сенің перзенттік парызың ғой. Әкең балаларының бәрінің есейгенін, бір-бір шаңырақтың тірегі болып отырғанын, қызметте абыройсыз емес екенін, өз қолдары өз ауыздарына жеткенін көріп кетті ғой. Ондай әкеде арман бар ма?..

Мадиярхан мені жұбатып отырып, жаныма жылу, көңіліме қуат беретін осы сөздерді айтқанда, менің ойыма оның кенжесінің қызығын көре алмай кеткен әке-шешесі келді. Бәлкім, ол да жаңағы сөздерді осы тұрғыда айтты ма екен.

Мадиярхан сол күні әкемнің аруағына бағыштап құран оқытты да, қайтпақшы болды.

– Мәке, ертең әкемнің жетісіне жан-жақтан жігіттер келеді. Бір күнге қалсаңшы, – дедім. Жүрегім бірдене сезгендей, жібергім келмеді. Бес сағаттай жанымда болды.

– Беке, ренжімеші, – деді ол қиылғандай және бір жағынан көңілімді қимағандай. – Аз күнде шешуге тиіс жұмыстар болып тұр. Сенен несін жасырайын, мына машинаны сатып аларда 200 мың сом жетпей, қарыз болып қалдым. Және де жұмыстан сұранған уақытымнан кешігіп келемін, ұят қой бастықтан да. Бас аман болса, әкейдің қырқына үлкен бір көмекпен арнайы келемін ғой.

Машинасын оталдырды да, жүріп кетті. Артынан көзден таса болғанша ұзақ карап тұрдым. Алайда бұл екеуіміздің соңғы кездесуіміз екенін білген жоқпын.

Адам өлерін алдын ала сезеді деген рас-ау. Ол менімен 11 тамыз күні қоштасып, жұмысқа 12-сі күні келген бетте бүкіл жігіттердің үйді-үйіне кіріп шығыпты. Өте көңілді болыпты. Және де біз оның еңсесі түсіп, бірденеге ашуланып, жүні жығылып жүрген кезін көрген емеспіз. Ылғи да көңілді жүретін. Сол 12 тамыз күні кешкілікте Жалаңашкөлге барып, жолдастарымен бірге суға шомылған. Содан қайтып келе жатқан жолда, яғни «Дружба» бекетіне 16 шақырым қалғанда тақтайдай тегіс жолда машина апатынан қайтыс болған екен. Бір таңғаларлығы сол, жанында машинада бірге отырған екі адамның бір жері де сырылмаған, дін аман. Ал Мадиярхан болса, келмес сапарға кетті.

Бірге қызметтес болған жолдастары Мадиярханды ақтық сапарға шығарып салуда ештеңеден аянып қалған жоқ. Құлпытасын тұрғызу шығынына дейін көтерді. Бүкіл Дружба бекеті, оның туған топырағы – Семей облысы Мақаншы ауданының Жарбұлақ ауылы күніренді. Сол күні Дружба бекетінде қатты жел көтерілді.

– Мен Мадиярханды өлді дегенге сенбеймін. Жұмысты бірге бастаған, талай ыстық пен суықты бірге көрін, ауыр мен жеңілді бірге көтеріскен асыл азамат еді, – деп көзіне жас алды «Достық» кеденінің бастығы, кеден қызметінің полковнигі И. А. Красуленко. Ол Мадиярханды өзінің туған інісіндей жақсы көретін, талай еркелігін көтере білетін. Және де қазіргі уақытта біздің ұстазымыз әрі бастығымыз болған Иван Красуленко Ресейде, Санкт-Петербург қаласында тұрады. Кеден қызметінің отставкадағы генерал майоры.

Сөйтін, мен айналдырған бір аптаның ішінде өзіме қымбат деген екі адамнан айырылдым. Біріншісі – әкем де, екіншісі – өзімнің ұстазым әрі аға тұтқан жан досым – Мадиярхан.

Мадиярханның денесін кара жер қойнауына тапсырғаннан кейін Жарбұлақ ауылының тұрғындары: «Ой, Алла-ау, адамның тірі жүргенінде көп қадірін білмейді екенбіз-

ау. Жолдастарының арасында қандай беделді болған. Жолдастары да қандай ұйымшыл», – деп риза болысыпты.

Мадиярханның жетісін өткізген күннің ертесінде Дружбаға оның жолдасы Құлтай келді. Мадиярхан өзі салт тұрған үйден дәм татып, Алматыға қайту үшін жолға жиналды. Шығарып салуға перронға біраз жолдастары келді. Осы мезетте менің ойыма марқұм досымның: «Машина сатып алғанда 200 мың сом қарыз болып қалдым», – деген сөзі түсті. Жанымдағы жігіттерге айтуым сол-ақ еді, ешбірі сөзге келместен, жалақыдан ұстау есебінен келісіп, кеден бухгалтериясынан айтылған ақшаны алып келді. Құлтайды шығарып салып тұрып, аталмыш ақшаны дауысым дірілдеген күйде қолына ұстаттым да: «Мадиярхан көзі тірісінде мойнында қарыз жүргенді жақсы көрмейтін еді. Мына шаруаны қарыз алған адамдарына қайтып берерсің. Енді о дүниеде де қобалжымай жүрсін», – деп бетінен сүйдім. Ол көзіне жас алды.

Марқұмның қыркын берер алдында «Достық» кеденінің ұжымы оның машина апатынан қайтыс болған жеріне құрбандық шалып, құран оқытты. Сол күні мрамор тастан ескерткіш белгі орнатты. Онда үлкен әріптермен былай деп жазылған: «Бұл жерде жауынгер-интернационалист, Қазақстан Республикасының «Достық» кеденін алғашқы ашушы Мадиярхан Нөкерұлы Серкеев қайғылы қазаға ұшырады. 06.02.1961.–12.08. 1993 ж.». Ал жамбасы қара жер қойнауына енген туған ауылындағы қабірінің басында екі шумақ олеңмен қоса: «Туыстарынан, «Достық» кеденіндегі жолдастарынан ескерткіш» деген жазу бар.

1994 жылдың 10–11 маусым күндері марқұм досымыздың туған жері – Үржар ауданының Жарбұлақ ауылында волейболдан жауынгер-интернационалист Мадиярхан Нөкерұлы Серкеевті еске алу үшін облыстық турнир өткізілді. Аталмыш турнирді өткізуге атсалысқан және демеуші болғандар – ағайындары мен жерлестері және «Достық» кеденінің ұжымы. Турнирдің салтанатты түрде ашылар алдында магнитофон қосылды. Гитарамен орындауда «Ағаларыма» атты белгілі ән ауыл ішін әуелетіп бара

жатты. Таныс дауыс. «Бұл Мадиярхан ғой» депніз бәріміз. Иә, аталмыш әнді шырқап тұрған Мадиярхан еді. Ол – оның соңғы әні. Қайтыс боларынан жарты айдай бұрын бір жолдастарымен бас қосқан отырыста гитарамен өзінің орындауында магнитофон таспасына екі әнді жазған екен. Екінші жазылған ән – «Қарындасыма». «Аман бол, ағаларым. Аман бол, аға-ла-рым-м-м...» деп әннің соңғы шумағын қайталағанда: «Біз аманбыз ғой, бірақ сен жоқсың», – деп аға, жеңгелерінің көңілдері босап кетті.

Аталмыш турнирдің ашылу салтанатына тек ауылы ғана емес, бүкіл аудан тұрғындарының көбісі келді десе де болады. «Достық» кеденінде бірге істеген жолдастарының атынан маған сөз берілді. Трибунадан көпшілік алдында марқұм досымыздың соңынан ерген жалғыз тұяғы Ерланға арнап әкелген ақшалай және заттай сыйлығымызды табыс еттік. Және де екі күнге созылған ойын барысында «Достық» кеденінің командасы жүлделі үшінші орынға ие болып, жүлдеге арнайы кубок және ақшалай сыйлық алды. Команда капитаны Сәбит Үсенов жүлдені қолына ұстаған бойда көпшіліктің алдында ортадағы микрофонға келіп: «Құрметті халайық. Біз марқұм досымыз Мадиярханды еске алу турниріне жеңейік, не болмаса жүлде алайық деп келген жоқпыз. Сондықтан да осы ұтқан жүлдемізді Мадиярханның ұлы – Ерланға табыс етеміз», – деді. Содан кейін турнирді ұйымдастырушылардың бірі ретінде Мадиярхан марқұмның туыстары маған ат мінгізді. Мен ол атты көптің алдында Мадиярханның ұлына сыйлап, оны көтеріп алдым да, ертоқымға мінгіздім. Осы кезде дүйім халық орындарынан көтеріліп, ду қол шапалақтап, ұзақ тұрып алды. Осы мезетте біздің жанымызда аталмыш жан тебіренерлік көрініске куә болып тұрған ауыл ақсақалдарының бірі: «О, дүние-ай! «Әкең өлсе де, әкеннің көзін көрген өлмесін» деген осы емес пе», – деді риза кейіппен. Содан кейін біз аталмыш турнирді бес жыл қатарынан өткіздік. Бұл турнир кеден өмірінде үлкен тарих болып қалды. Себебі ол біздің достыққа адалдығымыздың және үлкен ауызбіршілігіміздің белгісі болатын. Қазіргі уақытта сол жігіттердің көбісі еліміздің әр

облысындағы кеден саласында абыроймен қызмет етіп жүр. Біз сол күндерді сағынамыз.

Мадиярхан қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырында қол созған көп армандарын жүзеге асыра алмай, өзімен бірге ала кетті. Бірінші өкініш – Ауғанстандағы қанды қырғыннан аман келіп, бейбіт өмірде көз жұмды. Екінші өкініш – ол қайтыс боларынан үш ай бұрын ғана ҚазМУ-дің заң факультетін сырттай бітіріп, қолына көптен күткен дипломын алған еді. Оның да қызығын көре алмады. Диплом алған сәтінде ұжымдағы жолдастар атынан құттықтап барған едім. Сол мезетте бетіне қан үйіріліп, қуаныш сезімі кернеген көңілді бейнесі менің көз алдымнан кетер емес. Балбұл жайнаған жүзінде бүкіл жан дүниесі ақтарылып тұрды.

Ол ешқашан да «мен» деп кеудесін қақпайтын. Оның аузынан жас кезінде вокалды-инструментальды ансамбліңде ойнағаны туралы, Ауғанстан жерінде әскери борышын қалай өтегені жөнінде бірауыз мақтаншақтық сөз айтқанын естімеппін. Өз басынан кешірген жайларды көп әңгіме етпейтін. Осылайша, біздің көз алдымызда – оның үнемі кабак шытпай, күліп жүретін нұрлы жүзі, құлағымызда – талай түндер жүрек кілтін қозғап, тамылжыта салған әндері, жүрегімізде – басына қиын сәттер түскенде қол ұшын беруге даяр тұратын адамгершілік қасиеттері қалды.

Сол жылдары «Достық» кеденінің ұжымында ешбір басқосу Мадиярхан досымызды бір минут үнсіздікпен еске алмай өтпейтін еді. Мадиярхан жан тапсырған жердегі ескерткіш белгі біздің әрдайым тағзым етін, дұға оқып өтетін орнымызға айналды. Сөйтіп, ата-бабамыздың рухы сіңіп, қаны тамған және атақты «Аңырақай» шайқасының соңғы нүктесі қойылған қасиетті жерде тағы бір боздағымыздың ескерткіш белгісі бой көтеріп, күншығысқа қарап тұр...

Иә, сен бірінші едің, Мадиярхан! Біздің жүрегімізде бірінші болып қалдың. «Тау алыстаған сайын биік көрінеді» дейді қазақта. Сен ортамыздан кеткелі биіктеп барасың, биіктеп барасың. Бәлкім, ол жақсы адамға деген сағыныш шығар.

23.02.1995 жыл

АЛТАЙДЫҢ АР ЖАҒЫНДА ЖҮРГЕН АРУ

2011 жылдың маусым айында жеке шаруаммен Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданына қарасты өзіндік тарихи орны бар – Шәуешек қаласына жолым түсті. Шекарадан шығарып салған әріптестерім маған Шәуешек қаласында аудармашы әрі такси қызметін көрсете алатын бір кісінің телефонын берген еді. Қытайлық кеденшілер мен шекарашылардың тексеруінен өткеннен кейін такси қызметін атқаратын жерге келсем, көлік дегеніңіз қаптап тұр. Такси қызметін атқаратындардың көбісі жергілікті қытайлар мен ұйғырлар екен. Қалтамдағы ұялы телефонымды алып, такси айдайтын аудармашыға телефон соғайын деп ыңғайлана бергенімде «Ағай, сізге такси керек пе?» деген бір қыз баланың жіңішке дауысы елең еткізді. Жалт қарасам, орта бойлыдан ұзынша, көзіне қара көзілдірік киген, шашын өзіне жарасымды етіп түйіп алған әп-әдемі қазақтың қызы тұр алдымда. Өз көзіме өзім сенбеймін. «Таксист сен бе, қарындасым-ау?» – деппін сасқанымнан. «Иә, аға», – деді жылы жымия. «Онда менің жолым болды ғой, айналайын. Сен тұрғанда, маған жол бастаушының да, аудармашының да қажеті жоқ шығар», – дедім.

Шәуешекке қарай жол тартып келеміз. Өз елімізде болса бір сәрі, жат елде қазақ қызының такси қызметін көрсетуі адамның көңіліне ерекше әсер етеді екен. Қытайдағы қандас қарындасымыздың аты-жөні Айгүл Хасенғазықызы, руы найман болып шықты. Осы қызметпен айналысқанына бес жылдай ғана уақыт болыпты. Қытай тіліне де өте жүйрік және қаланың барлық түкпірін жақсы білетін көрінеді. Маған аудармашы әрі гид қызметін жақсы атқарғаны сонша, бар болғаны үш сағаттың ішінде келген шаруамды бітіріп алдым. Шекарадан өтерде кешке дейін кері қайтып үлгерем бе деп те қобалжыған едім. Содан соң: «Ал, Айгүлжан қарындасым, екеуіміздің таныстығымыз үшін, жат жерде қандас қарындасымды тапқаным және жұмысымның ойдағыдай біткені үшін жақсы бір мейрамханадан дәм татайық. Қалған әңгімемізді сол жерде жалғастырсақ қалай қарайсың?» – деп ұсыныс жасадым. Ол қарсы болған жоқ.

Әңгіме арасында білгенім, өзі тұрмыста және бір ұлы бар екен. Жолдасы да табысы жаман емес, ортанкол бизнеспен айналысатын көрінеді. Алғашында такси жүргізушілік кәсібін бастағанда көлікті жалға алып, жұмыс істеген екен. Жалдау ақысы жоғары болғандықтан, оны төлеу де қиынға соғыпты. Содан кейін жолдасы екеуі ақылдаса келе банкіден 12 мың доллар көлемінде кредит алып, соған жекеменшікке бір жеңіл көлік сатып алғанға ұқсайды. Ол кредиттен күндіз-түні тынбай еңбек етіп, екі-ақ жылдың ішінде құтылыпты. Қазір көліктері өз меншігінде болғандықтан, ешкімге тәуелді емес, жағдайлары да жақсы көрінеді. «Бұл жерде жаныңды салып тер төкпесең, талпынбасаң, тіршілік кешу өте қиын, аға, – деді ол ішіндегі сырын жасырмай. – Себебі қытай азаматтары бизнес ашса, олар бірінші кезекте жұмысқа өз ұлтының өкілдерін алуға тырысады. Біздің ағайындардың көбісінің алыс ауылдардан қалаға келе алмай, дұрыс білім ала алмай, мал бағудан аса алмай жүргендерінің негізгі себебі осыда». «Өзіннің елге оралатын ойың жоқ па?» – дедім сөз арасында. «Ондай ойымыз бар. Бірақ елге қайту үшін де ешкімге алақан жаймайтындай болып, тиісті қор жинап алғаннан соң ғана көшерміз. Балам атажұртта оқып, ержетсе деген арманым бар», – деді.

Жат жұртта жүрген Айгүл қарындасымның мына сөзі маған әжептәуір ой салды. Себебі осыдан бес жыл бұрын Шәуешек қаласынан таксимен Үрімшіге жол тартып бара жатқан жолда мал бағып жүрген қазақ ағайындардың қосынына еріксіз тоқтап, аман-саулық сұрасқан едім. Жиырма бірінші ғасырға қадам бассак та, тиісті білімі де жоқ, қолдарындағы бар байлығы бес-алты ірі қара ғана, ал үйлерінде электр жарығы да тартылмаған кейбір ағайындардың жұпыны тірлігін көргенде, жүрегім бір қан жылап еді. Олардың сол кезде елге қайтсақ деген үміттерінің зор екенін, алайда құжат дайындау мәселесі қияметтің қияметі екенін айтқандары құлағымда жаңғырық сияқты қалып қойыпты. Міне, сол оқиға бүгін көз алдыма қайтадан келді. Осылайша ауыр ойға шомып кеткен сәтімде: «Аға, айтпақшы, мен туралы бір қазақ журналисі осы Қытайда

шығатын қазақ газетіне мақала жазған болатын, – деді ойымды бөліп. – Бұл жерде қазақ қызының такси айдауы үлкен жаңалық десе де болады. Әйтеуір шекара ашылғалы жағдайымыз жақсарды. Бұған да Құдайға мың да бір шүкір. Қытайға бет алған көптеген қазақ азаматтары менің қызметіме жүгінгенді жақсы көреді. Сондықтан табысым да жаман емес. Себебі мен такси ғана емес, жолбасшы және аудармашы қызметін де қоса атқарамын ғой», – деп күлді.

Біраз әңгімелесіп отырып қалыпшыз. Сағатыма қарасам, күндізгі екіден ауып барады. Өз жоспарым бойынша сағат бестен кешікпей кері қайтып, шекарадан өтіп үлгеруім керек болатын.

– Айгүл, енді саған бір өтінішім бар, шамаң келсе, соған көмектес, – дедім.

– Қолдан келсе аянар жайым жоқ, аға, – деді биязы түрде.

– Сен Қажығұмар Шабданұлы есімді жазушыны білесің бе?

– Әрине, білемін, аға, ол кісіні кім білмейді? Ол біздің мақтан тұтар жазушымыз ғой.

– Сен онда мені сол кісінің үйіне апар. Бәйбішесіне көңіл айтып шығайын. Біздің елдің азаматтары ол кісінің өзін де, шығармашылығын да керемет құрмет тұтатынын біле жүрсін.

– Ниетіңіз дұрыс екен. Алайда ол кісі үйінде жоқ. Осы жақында ғана шекарадан Қазақстанға кетіп бара жатқанын өз көзіммен көргенмін.

– Қап, әттеген-ай, онда ол кісінің жерленген жерін білесің бе? Тым болмаса, басына барып, құран оқын қайтсам болар еді, – дедім қапаланып.

– Иә, білемін, аға, жүріңіз онда, – деп орнымыздан түрегелдік.

Жат елде топырақ бұйырып, бүкіл өмірі темір тордың ар жағында, аса қиыншылықпен және бұғандаулы тірлікпен өткен дарынды қаламгеріміз, әйгілі «Қылмыс», «Пана» романдарының авторы Қажығұмар Шабданұлының басына көзге көрнекті болмаса да, орта мөлшерде қара мрамордан құлпытас қойылыпты. Бұған да тәубе дедім іштей. Шарифат

жолымен тіземізді бүгіп, құран бағыштадым. Қытай еліне талай сапар шексем де, көзі тірісінде Қажығұмар ақсақалға жолығудың бір реті келмей жүретін. Себебі сол елдегі жағдайды жақсы білетін адамдар ол кісінің үй қамауында отырғанын, Қытайдың арнайы қызмет өкілдері жолығуға мүмкіндік бермейтінін айтатын. Өзін көрмесем де, көптен бері көңілімде жүргендіктен бе, құран бағыштағаннан кейін үстімнен бір ауыр жүк түскендей, жеңілдеп қалдым. Осындай жігерлі, қара нардай қайыспас ұлы адамға туған жерінен топырақ бұйырмағаны өкінішті екенін осындайда ғана жете сезінеді екенсің.

– Менің білуімше, Қажығұмар ағамызды атажұртына апарып жерлеуге бәйбішесі рұқсат бермепті, – деді менің көңілімде тұрған сұрақтың жауабын өзі шешкендей Айгүл қарындасым. – Себебі ол кісі «Жат жер болса да, осында жерленсін. Атажұртта көп туыстары да қалған жоқ. Моласы қараусыз қалмасын. Өзім басына барып, құран бағыштап тұрамын» деген көрінеді.

– Бұл кісіні соңғы сапарға шығарып саларда артынан жоқтап келіп, топырақ салушылар көп болды ма? – дедім Айгүлге.

– Мен жерлеуіне қатыса алмадым. Алайда адам аса көп болмады деп естідім. Себебі ол кісінің тар жол, тайғак кешкен өмірбаянынан хабары бар кейбір ағайындар арнайы қызмет өкілдерінен қорқады ғой. Алматыдан, Жазушылар одағынан бір өкіл келді деп естідім, – деді. Осы сөзді естігенде «Иә, асылын жоқтаушыларға да жол бермейтін қандай қатал заң-ай» дедім күрсінін.

Уақыт кешкі сағат беске де таяп қалыпты. Қайтатын уақыт та келді. Далада күн шыжып тұр. Жолға бет алдық. Айгүл жаңа танысқан ағасын дұрыстап шығарып салайын деп ойлады ма, білмедім, магнитофонды қосты да, таксидің терезесін ашты. Қытай жерінде қазақ әні әуелей жөнелді. Бұл да кеудесінде сезімі бар адамның жан дүниесіне керемет әсер етеді екен. Жат жерде танысқан қарындасымыздың жасаған мына көмегіне, адамның көңілін табуға тырысқан

адал қызметіне қалай риза болмайсың. Шекараға жақындап қалғанда:

– Айгүл, сен осы «Алтайдың ар жағынан келген ару» деген әнді білесің бе? – дедім.

– Әрине, білемін. Бұл ән қытай қазақтарының ішінде кең таралып кетті. Тойларда жиі айтылады, – деді.

– Ал енді бұл әннің шығу тарихын білесің бе?

– Әрине, білемін, – деп өз білгеіні айта жөнелді.

– Айгүл, – дедім сөзін бөлін. – Мен сенен бұл әннің тарихы туралы бекер сұрап отырған жоқпын. Енді елге жеткен соң ән шығармасам да, газетке «Алтайдың ар жағында жүрген ару» деген тақырыппен мақала жазу идеясы туындады. Сен оған қалай қарайсың?

– Тақырыбыңыз жақсы екен, мені аруға теңесеңіз, жаман болмады ғой, аға, – деді күліп.

Әңгімелесе отырып, шекараға қалай жеткенімізді де байқамай қалдық. Жат жерде елден қалмай еңбек етіп, кез келген қыз баланың жүрегі дауалай бермейтін кәсіппен айналысып жүрген қарындасыма алғысымды айтып, кедендік шекараға беттедім. Бес-алты сағат болса да пікірлес болған Айгүлдің мына тіршілігіне, көрсеткен көмегіне, атажұрттан келген адамдарға «Аға» деп ет жүрегі елжірей жасайтын адал қызметіне риза болдым. Қоштасарда: «Жолыңыз болсын, аға, елге сәлем айтыңыз», – деді. Неге екенін білмедім, «Елге сәлем айтыңыз» деген сөзі маған қатты әсер етті. Содан кейін мен де өз ризашылығымды білдіріп: «Иә, айналайын қарындасым, ел жаққа қарайлап, елді сағынып жүрген сен де аман бол. Кездескенше күн жақсы», – деп қолын қыстым. «Рақмет, аға», – деп жымия күліп қала берді.

07.07.2011 жыл

МАЗМҰНЫ

Димаш аға – кимас аға.....	3
Тұма суы әрдайым тұнық болады.....	13
Саркыты сарқылмайтын аға.....	25
Тау басын бұлт басса да, кір шалмайды	36
Маңдайға сыймай кеткен Мұстафа	52
Сұхбаттан үзінді.....	54
Кеденнің негізін қалаған генерал	62
Елшісіне қарап, елін таны	75
Ұстазға өкпе жүрмейді	75
Шынайы достыққа шаң жұқпайды.....	79
Түйткілін білген дос жақсы	83
Өркенін жайдырған «Өркен»	87
Журналистикадан шыққан тұңғыш елші	90
Менің генералым.....	91
Жұлдыздар із тастап ағады	103
Таңдау жасатқан ұстаз	109
Даланың дипломсыз педагогы.....	122
Алмас қылыш қынабында жатпайды	131
Ол бірінші еді... ..	143
Алтайдың ар жағында жүрген ару	154

Бекен НУРАХМЕТОВ

МЕҢІҢ ТАҒДЫРЫМДАҒЫ АДАМДАР

Эсселер

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *Н. Бекхожаева*

Көркемдеуші редакторы *А. Лұқманов*

Техникалық редакторы *М. Алтай*

Корректоры *Л. Серікқызы*

Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 122

Теруге 29.05.2024 берілді. Басуға 31.07.2024 кол қойылды. Пішімі 84x108 ¹/₃₂.

Шартты баспа табағы 8,4. Есептік баспа табағы 8,24.

Таралымы 2 000 дана. Тапсырыс № 8232.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС.

050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



ISBN 978-601-10-0502-9



9 786011 005029



Бекен НҰРАХМЕТОВ 1963 жылы дүниеге келген. Журналист-жазушы, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі. «Көңілдегі кейіпкер», «Қорқаулар түнде жортады» кітаптары мен кеден ісі жөніндегі бірнеше оқу құралының авторы. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты. Кеден қызметінің полковнигі.

